

ISSN (Print) 2616-7174  
ISSN (Online) 2663-2500

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

ЖУРНАЛИСТИКА сериясы  
JOURNALISM Series  
Серия ЖУРНАЛИСТИКА

№ 1(134)/2021

1995 жылдан бастап шығады

Founded in 1995

Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады

Published 4 times a year

Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2021

Nur-Sultan, 2021

Нур-Султан, 2021

Бас редакторы **Қайрат Сақ**  
ф.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары **Серік Тахан** ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Бас редактордың орынбасары **Гүлнар Кеңдірбай** PhD, Колумбия университеті, Нью-Йорк, АҚШ

*Редакция алқасы*

<b>Асанов Камашке</b>	ф.ғ.д., проф., Е.А. Бөкетов ат. ҚарМУ, Қарағанды, Қазақстан
<b>Әбдиманұлы Өмірхан</b>	ф.ғ.д., проф., Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
<b>Әбішева Вера</b>	ф.ғ.д., проф., Е.А. Бөкетов ат. ҚарМУ, Қарағанды, Қазақстан
<b>Әшірбекова Гүлмира</b>	ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Браун Михаил</b>	PhD, проф., Вайоминг университеті, Ларами, АҚШ
<b>Дзялошинский Иосиф</b>	ф.ғ.д., проф., Экономика жоғары мектебі, Мәскеу, Ресей
<b>Есдаулетов Айтмуханбет</b>	ф.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Жусупова Алматай</b>	ф.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов ат. ҚМУ, Қостанай, Қазақстан
<b>Корконосенко Сергей</b>	саяси ғ.д., проф., Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Санкт-Петербург, Ресей
<b>Лебедева Татьяна</b>	ф.ғ.д., проф., Еуропа PR институты, Париж, Франция
<b>Ниязғұлова Айгүл</b>	PhD, профессор, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Нұртазина Роза</b>	саяси ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Омашев Намазалы</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Ризун Владимир</b>	ф.ғ.д. проф., Т. Шевченко ат. Киев ұлттық университеті, Киев, Украина
<b>Саид Агил бин Шех</b>	PhD, проф., Малайзия Путра университеті, Серданг, Малайзия
<b>Саудбаев Мадияр</b>	PhD, С. Демирел ат. университет, Алматы, Қазақстан
<b>Сердәлі Бекжігіт</b>	ф.ғ.к., проф. м.а., Қ.А. Ясауи ат. ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан
<b>Тоқтағазин Мұратбек</b>	ф.ғ.к., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Шындалиева Меңдігүл</b>	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
<b>Шестеркина Людмила</b>	ф.ғ.д., проф., Оңтүстік-Орал мемлекеттік университеті, Челябинск, Ресей

Журнал менеджері: **Г. Базылхан**

Жауапты хатшы: **Г. Ертасова**

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы**

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген.

19.02.2021 ж. № KZ53VPY00032637 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 17 дана. Басуға 29.03.2021 ж. қол қойылды.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Kairat Sak**

*Candidate of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

Deputy Editor-in-Chief **Serik Takhan** *Doctor of Philology, Prof., Nur-Sultan, Kazakhstan*

Deputy Editor-in-Chief **Gulnar Kendirbai** *PhD, Professor, Columbia University, New York, USA*

*Editorial board*

<b>Asanov Kamashke</b>	Doctor of Philology, Prof., E.A. Buketov KSU, Karaganda, Kazakhstan
<b>Abdimanuly Omirkhan</b>	Doctor of Philology, Prof., Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan
<b>Abisheva Vera</b>	Doctor of Philology, Prof., E.A. Buketov KSU, Karaganda, Kazakhstan
<b>Ashirbekova Gulmira</b>	Candidate of Philology, Assoc. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Brown Michael</b>	PhD, Prof., University of Wyoming, Laramie, USA
<b>Dzyaloshinski Iosif</b>	Doctor of Philology, Prof., Higher School of Economics, Moscow, Russia
<b>Yesdauletov Aitmukhanbet</b>	Candidate of Philology, Associate Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Zhussupova Almaty</b>	Candidate of Philology, Assoc. Prof., A. Baitursynov KSU, Kostanay, Kazakhstan
<b>Korkonosenko Sergei</b>	Doctor of Political Sciences, Prof., Saint Petersburg State University, Russia
<b>Lebedeva Tatiana</b>	Doctor of Philology, Prof., European PR Institute, Paris, France
<b>Niyazgulova Aigul</b>	PhD, Prof., International Information Technologies University, Almaty, Kazakhstan
<b>Nurtazina Roza</b>	Doctor of Political Sciences, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Omashev Namazaly</b>	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Rizun Volodymyr</b>	Doctor of Philology, Prof., Taras Shevchenko National University of Kyiv, Kiev, Ukraine
<b>Syed Agil bin Shekh</b>	PhD, Prof., University Putra Malaysia, Serdang, Malaysia
<b>Saudbayev Madiyar</b>	PhD, Prof., Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan
<b>Serdali Bekzhigit</b>	Candidate of Philology, Assoc. Prof., A. Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan
<b>Toktagazin Muratbek</b>	Candidate of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Shindaliyeva Menlikul</b>	Doctor of Philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
<b>Shesterkina Ludmila</b>	Doctor of Philology, Prof., South Ural State University, Chelyabinsk, Russia

Managing Editor: **G. Bazylkhan**

Executive Secretary: **G. Yertassova**

Editorial address: 2, K.Satpayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. JOURNALISM Series**

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

University», Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan.

Rediscount certificate № KZ53VPY00032637 dated 19.02.2021.

Periodicity: 4 times a year. Circulation: 17 copies. Signed in print: 29.03.2021

Address of printing house: 13/1, Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор: **Кайрат Сак**

*кандидат филологических наук, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

Зам. главного редактора: **Серик Тахан** *д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан* Зам. главного редактора: **Гульнар Кендирбай** *PhD, Колумбийский университет, Нью-Йорк, США*

*Редакционная коллегия*

<b>Асанов Камашке</b>	<i>д.ф.н., проф., КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан</i>
<b>Абдиманулы Омирхан</b>	<i>д.ф.н., проф., КазНУ им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан</i>
<b>Абишева Вера</b>	<i>д.ф.н., проф., КарГУ им. Е.А. Букетова, Караганда, Казахстан</i>
<b>Аширбекова Гулмира</b>	<i>к.ф.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
<b>Браун Михаил</b>	<i>PhD, проф., Вайомингский университет, Ларами, США</i>
<b>Дзялошинский Иосиф</b>	<i>д.ф.н., проф., Высшая школа экономики, Москва, Россия</i>
<b>Есдаулетов Айтмуханбет</b>	<i>к.ф.н., доцент, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
<b>Жусупова Алматай</b>	<i>к. ф. н., доцент, КГУ им. А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан</i>
<b>Корконосенко Сергей</b>	<i>д. полит. н., проф., Санкт-Петербургский государственный университет, Россия</i>
<b>Лебедева Татьяна</b>	<i>д.ф.н., проф., Европейский институт PR, Париж, Франция</i>
<b>Ниязгулова Айгуль</b>	<i>PhD, профессор, Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан</i>
<b>Нуртазина Роза</b>	<i>д. полит. н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
<b>Омашев Намазалы</b>	<i>д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
<b>Ризун Владимир</b>	<i>д.ф.н., проф., Киевский национальный университет, Киев, Украина</i>
<b>Саид Агил бин Шех</b>	<i>PhD, проф., Университет Путра Малайзии, Серданг, Малайзия</i>
<b>Саудбаев Мадияр</b>	<i>PhD, проф., Университет Сулейман Демиреля, Алматы, Казахстан</i>
<b>Сердали Бекжигит</b>	<i>к.ф.н., асс. проф., Университет А. Ясави, Туркестан, Казахстан</i>
<b>Токтагазин Муратбек</b>	<i>к.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
<b>Шиндалиева Менликул</b>	<i>д.ф.н., проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан</i>
<b>Шестеркина Людмила</b>	<i>д.ф.н., проф., Южно-Уральский государственный университет, Челябинск, Россия</i>

Менеджер журнала: **Г. Базылхан**  
Ответственный секретарь: **Г. Ертасова**

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402  
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413) E-mail: [vest\\_journalism@enu.kz](mailto:vest_journalism@enu.kz)

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ЖУРНАЛИСТИКА**  
Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»  
Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан.  
Свидетельство о постановке на переучет № KZ53VPY00032637 от 19.02.2021 г.  
Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 17 экземпляров. Подписано в печать: 29.03.2021.  
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172) 709-500 (вн.31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.  
Журналистика сериясы, №1(134)/2021

МАЗМҰНЫ

Сақ Қ. ЕҰУ – Елорданың жүрегі 8

БАҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Алтынбек Д.Н., Сердәлі Б.К., Нұсқабаев О.Н. Медиа саласындағы социологиялық зерттеудің әдіснамасы 12

Рыскелдинова С.Б., Сақ Қ.Ө. Сөз бостандығы — демократияның басты талабы 27

Утемисов Ж.Ж., Кошкенов Н.Ж. Қазақстан Республикасындағы БАҚ пен билік арасындағы қарым-қатынастың заманауи медиа сын-тегеуіріндері 37

Шурентаев А., Кушкинбаева Қ. Абай шығармаларындағы заң және құқық тақырыптары 52

ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

Қалиаждарова Ш.Ы., Ниязгулова А.А. Қазақстандық телеарналар қызметінің YouTube платформасындағы жаңа мүмкіндіктері 59

ЖАҢА МЕДИА

Абдрахманова А.Г., Тапанова С.Е., Топлу М. Әлеуметтік желідегі медиасаясат: мәселелері мен даму болашағы 65

МЕДИАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

Березин А.Ф., Березина Н.Н., Клеменова Е.Н. Студент-журналистерді дағдыландыру және психологиялық қолдау мәселелері 72

Корконосенко С.Г. Магистратурада журналист оқытушылар дайындау мәселесі 79

Есенбекова Ұ.М. Журналистің ғылымды насихаттаудағы кәсіби және когнитивтік деңгейі 91

ПУБЛИЦИСТ ШЕБЕРЛІГІ

Мұрат А.М., Әшірбекова Г.Ш. Нұртөре Жүсіп көсемсөзінің жанрлық, стильдік ерекшеліктері 97

CONTENTS

<i>Sak K.</i> ENU – is the heart of the capital	8
-------------------------------------------------	---

THE MEDIA AND SOCIETY

<i>Altynbek D.N., Serdali B.K., Nuskabaev O.N.</i> Sociological research methodology in the media sphere	12
<i>Ryskeldinova S.B., Sak K.O.</i> Freedom of speech as a key condition for democracy	27
<i>Utemissov Z.Z., Koshkenov N.Zh.</i> Kazakhstan media challenges in the context of media and government relations in the Republic of Kazakhstan	37
<i>Shurentayev A, Kushkinbayeva K.</i> Themes of law and rights in Abay Kunanbaev's work	52

TV AND RADIO JOURNALISM

<i>Kaliazhdarova Sh.Y., Niyazgulova A.A.</i> New opportunities of Adaptation of Kazakhstan TV channels to the YouTube platform	59
--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

NEW MEDIA

<i>Abdrakhmanova A.G., Tapanova S.E., Toplu M.</i> The role of media policy in social networks and its challenges and perspectives	65
------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

MEDIA EDUCATION

<i>Berezin A.F., Berezina N.N., Klemenova E.N.</i> Problems of adaptation and psychological support for journalism students	72
<i>Korkonosenko S.G.</i> Training for journalism teacher in the master's program	79
<i>Yessenbekova U.M.</i> Professional and cognitive level of the journalist in science propaganda	91

A MASTERY OF A PUBLICIST

<i>Murat A.M., Ashirbekova G.Sh.</i> Genre and stylistic features of Nurtore Zhusip's journalism	97
--------------------------------------------------------------------------------------------------	----

## СОДЕРЖАНИЕ

<i>Сак К.</i> ЕНУ – сердце столицы	8
------------------------------------	---

### СМИ И ОБЩЕСТВА

<i>Алтынбек Д.Н., Сердали Б.К., Нускабаев О.Н.</i> Методика социологического исследования в медиасфере	12
<i>Рыскельдинова С.Б., Сак К.О.</i> Свобода слова - главное условие демократии	27
<i>Утемисов Ж.Ж., Кошкенов Н.Ж.</i> Медиавызовы в контексте взаимоотношений СМИ и власти в Республике Казахстан	37
<i>Шурентаев А., Кушкинбаева К.</i> Темы закона и права в творчестве Абая Кунанбаева	52

### ТЕЛЕРАДИОЖУРНАЛИСТИКА

<i>Калиаждарова Ш.Ы., Ниязгулова А.А.</i> Новые возможности функционирования казахстанских телеканалов на платформе YouTube	59
-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

### НОВЫЕ МЕДИА

<i>Абдрахманова А.Г., Тапанова С.Е., Топлу М.</i> Медиаполитика в социальных сетях: проблемы и перспективы развития	65
---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	----

### МЕДИАОБРАЗОВАНИЕ

<i>Березин А.Ф., Березина Н.Н., Клеменова Е.Н.</i> Проблемы адаптации и психологическая поддержка студентов-журналистов	72
<i>Корконосенко С.Г.</i> Подготовка преподавателя журналистики в магистратуре	79
<i>Есенбекова У.М.</i> Профессионально-когнитивный уровень журналиста в пропаганде науки	91

### МАСТЕРСТВО ПУБЛИЦИСТА

<i>Мурат А.М., Аширбекова Г.Ш.</i> Жанрово-стилевые особенности публицистики Нурторе Жусипа	97
---------------------------------------------------------------------------------------------	----

---

## ЕҰУ – Елорданың жүрегі

*Публицистикалық мақала Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 25 жылдық мерейтойына арналады.*

Оған дәлеліңіз қайсы дейсіз бе? Айтайын, оған мынадай уәжіміз бар. Қан тамырларын тоғыстырған жүрек секілді астанамыз Нұр-Сұлтан қаласына қатысты барша мәртебелі шара Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін айналып өтпейтін болса, енді не деуіміз керек. Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінен ағылған ең талантты білім алушыларды және мемлекетіміздің маңдай алды профессор-оқытушылар құрамы мен кәсіби қызметкерлерді қоса есептегенде жиырма бес мыңнан аса жанның басын қосып отырған білім ордамыз – асқақ астананың соғып тұрған жүрегі деген сөз өзінен-өзі тіленіп тұрған жоқ па?

Әлгінде ең талантты білім алушыларды шоғырландырып отырған білім ордасы деген сөз аузымыздан шықты. Дәлел сұрайсыз ба? Жауабымыз дайын. Мектептің ең үздік түлектері – талантты шәкірттер. Олар талантты болмаса, онда үздіктер қатарынан көріне алмас еді. Өйткені «таланттың аты – талант» деген тәмсіл – бұрыннан бар қағида. Ал білім алушыларымыздың кілең үздіктер екеніне дәлеліміз: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ мектепті «Алтын белгімен» тәмәндаған, халықаралық және республикалық олимпиада жеңімпаздары мен ғылыми жоба жүлдегерлері тәрізді талантты талапкерлерді оқуға қабылдау бойынша еліміз жоғары оқу орындары арасында жылда бас бәйгені қанжығасына байлап келеді. Оны аз санасаңыз, әрі қарай тыңдаңыз. Елімізде ең үздік талапкерлер мемлекеттік білім грантын жеңіп алатынын сіз жақсы білесіз. Содан кейін барып қана ол жеңімпаздар жоғары оқу орындарын өздері таңдайтынын, грант иегері қай ЖОО-ны таңдаса, мемлекет бюджетінің қаражаты сонда барып құйылатынын бұрын білмесеңіз, бұдан былай біле жүріңіз. Міне,

осындай мемлекеттік білім гранттарының жеңімпаздарын оқуға қабылдау бойынша да ЕҰУ – қашаннан көшбасшы.

Бүгінде Ұлы Дала елінің абыройын көкке көтеріп, даңқын әлемге паш еткен еңселі елордамызға ат басын тіреген небір мәртебелі меймандардың білім ордамызға соқпай кетпейтінінің мәнісі де сонда. Оларды университетімізге жетектеп келетін басты мақсат – елдің атақты оқу орнының шәкірттерін көру. «Жастарын көрсем, елінің ертеңін танымын» деген екен баяғыда бір дана. Қаншалықты уақыттары қат болса да, арасынан саңылау тауып, университетемізге ат тізгінін бұрған әлем мойындаған марқасқалардың кеудесін тескен мақсат та сол. Асқақ астанамызда ғана емес, еліміздегі іргелі оқу орнының білім алушы жастарына қарап, ел ертеңін тану.

Сөзіміз құрғақ болмау үшін сондай сан кездесудің есімізде айрықша қалған біреуін айтсақ та, оған айқын көзіңіз жетеді.

Ел ішінде ОБСЕ деп аталып кеткен, Еуропа қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына мүше елдер басшыларының жоғары мәртебелі басқосуы 17 жылдық үзілістен кейін Астанада жүзеге асуын әлемнің сөзі уәлі, аузы дуалы алпауыт сарапшылары жоғары бағалағаны жадымызда. Ел тарихынан ойып орын алатын сол мәртебелі жиынның жоғары дәрежеде өтуіне Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ұжымының да қосқан үлесі қомақты.

Бәрін айт та, бірін айт. Сол мәртебелі басқосуға АҚШ аталатын алпауыт елдің делегациясын сол кездегі Мемлекеттік хатшысы, кейіннен ел Президентіне үміткер ретінде сайлау додасын қыздырған, төрткүл дүние аузымен құс тістеген саясаткер деп танитын Хиллори Клинтон бастап келді. Американың аты – Америка. Ол елдің басшылығы қатыспаса, онда



мәртебелі бас қосуда мән болмайтын еді. Дүйім жұрт күткен мәртебелі мейман екені бар, оның үстіне, әлемде демократия отын тұтатып жатқан ел емес пе, соны сездіргісі келген де болуы керек, Хиллари ханым жоғары мәртебелі сапарын Қазақстанның таңдаулы оқу орнына аяқ тіреуден бастауды жөн көріпті. Сол мақсатта астана әуеалаңынан ешжаққа бұрылмай, бірден Ұлы Дала елін таңуды біздің білім ордамыздан бастағаны әлі есімізде. Университетіміздің Тұңғыш президент атындағы аудиторияда өткен студент жастармен екі сағатқа созылған кездесуде мәртебелі мейман елімізге деген көзқарасын түбегейлі өзгертті ғой деген сенімдеміз. Әлем картасында Ауғаныстанмен бір белдеуде орналасқаны болмаса, Қазақстан – мүлдем басқа мемлекет, өркенниетті ел екенін шетел бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сол жүздесу төрткүл дүниеге паш еткенін қалай ұмыта қояйық. Білім алушыларымыздың ағылшын тілінде көсіле сөйлеп, өрелі сұрақтарымен мәртебелі мейманымызды таң қалдырып, тамсандырғанын бет-әлпетінен көрген сәт көз алдымызда қаз қалпында мәңгілік сақталып қалды.

Мәртебелі меймандармен мұндай жүздесулер университетімізде жиі ұшырасып тұрады. Ал ол өз кезегінде білім алушылар былай тұрсын, профессор-оқытушылар қауымының білім көкжиегін өсіріп, ой-өресін еселеп артыратынына ешкімнің дауы жоқ шығар.

Білім ұямыздың құрылғанына биыл 25 жыл толады. Елбасы 1996 жылғы 23 мамырдағы жарлығымен Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетін ашуға пәрмен бергенде ел астанасы Алматыдан әлі Ақмола қаласына көшірілмеген кез болатын. Оған дейін арада екі жарым жылдай уақыт бар. Осы тарихи шешімнің өзінде үлкен маңыз жатқанын кім жоққа шығара алады? Біріншіден, бұдан бүгінде сән-салтанаты жарасқан, еліміздің күш-қуатын әлемге паш еткен асқақ астананы тұрғызу тарихы біздің білім ордамыздан басталады деген кеудемізге ыстық сезім ұялатады. Екіншіден, университетіміздің о бастағы мақсат-мұраты мен мұңдалап өзіне назар аудартады. Еліміздің болашақ астанасын тұрғы-

зуға ауадай қажет мамандар дайындау ЕҰУ-ге жүктелгені талас туғызбайды. Бүгінде елордамыз, бір ауыз сөзге сыйғызып айтқанда, ел дамуының локомативі болса, оған білім ордамыздың қосқан үлесі ұшан теңіз екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Дүниеде атақты университеттердің даму тарихы ғасырларға тамыр тартады. Ал бар болғаны жиырма бес жылдың ішінде биіктерді бағындыру – білім мен ғылым саласы үшін ілуде бірі қол жеткізетін бақ. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ – сол бақты уысында ұстаған білім ордасы. Бүгінде университетіміз еліміздегі маңдай алды ЖОО-ға айналып қана қоймай, ТМД елдері бойынша үздіктер қатарынан көрініп келеді. Әрине, бұл жерде астана факторының айрықша рөлі бар екенін айтуға тиістіміз. Тақыр жерге дән шықпайтыны бесенеден белгілі. Десек те, университет ұжымының бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұмыла атқарған жанкешті еңбегінің жемісі екенін де тілге тиек етпеуге болмайды. Бұл тұста, әсіресе, кезегімен тізгін ұстаған, толқыны асау теңізде бағытынан айнытпай, тура жүруіне ықпал еткен, сөйтіп, кемеміздің ілгері озуына бар күштерін аямаған алғашқыдан бастап, бүгінгі ректорымызға дейінгі қазақ білім, ғылымының көрнекті қайраткерлерінің ерен еңбектерін ерекше атап өткеніміз артық бағалағандық емес, әділеттіктің салтанат құруы болады. Өйткені университетіміздің қысқа мерзімде қарқынды дамып, қомақты жетістіктерге жетуі, бірінші кезекте, білім ордамызға дұрыс басшылық жасалуының жемісі екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Өзім қуәсі болған екі оқиғаны еске алсам, оған көзіңізді айқын жеткізе аламын. 2008 жылы университеттің ректоры болып тағайындала салысымен көрнекті заңгер-ғалым Бақытжан Жарылқасынұлы Әбдірайымов «Мына жақта журналистикаға ие жоқ екен, кел өзің басқар», - деп мені сол кездегі тарих және филология факультеті құрамындағы «журналистика» кафедрасына меңгерушілікке шақырды. Бір ғана шартпен келісімімді бердім. Журналистика факультетін ашпай, астанада жоғары білікті сала мамандарын да-

ярлау қиын екенін терең түсініп, қолдау көрсететіне уәде берді. Сөзінде тұрып, арада екі жыл өтпей журналистика және саясаттану факультетін ашу туралы университетіміздің Ғылыми кеңесі шешімі негізінде бұйрық шығарды.

Факультеттің ашылуы қандай қиын болса, оның жұмысының жүріп кетуін ұйымдастыру одан да ауыр. Қазіргі ректорымыз, көрнекті қоғам қайраткері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Ерлан Бәтгашұлы Сыдықов университетке жаңа келіп, ұжыммен енді танысып жатқан тұста ҚР Президенті теле-радио кешенінің қолданыстан шығарылған телестудия жабдықтары Алматыға жөнелтілгелі жатыр деген сыбыс шықты. Ерлан Бәтгашұлы білекті сыбанып тастап, бірден іске кірісті. Бар абырой-беделімен жаңағы телестудияны аяғынан жаңа тұрып келе жатқан журналистика және саясаттану факультеті студенттерінің қажетіне жарату үшін алып қалуға бар күш-жігерін салды. Нәтижесінде көп ұзамай «Еуразия ақпарат» орталығының білікті жігіттерінің қыруар еңбегінің арқасында факультетте заманауи техникамен жабдықталған жаңа телестудияның салтанатты түрде тұсауы кесілді. Сондағы студенттердің қуанышын көрсеңіз. Енді ше, бұрын тек теория жүзінде оқып келген сабақтарын ендігі жерде тәжірибемен ұштастырып, біліктіліктерін жетілдіруге мүмкіндік жасалынса, одан артқан шаттық болады ма? Студент-жастарға көрсетілген әкелік қамқорлық деген, міне, осы.

Осындай қолдау мен қамқорлық арқасында журналистика және саясаттану факультеті 10 жылдық белесті абыроймен бағындырып, дамудың екінші кезеңіне қадам басты. Қысқа мерзім ішінде сала мамандарын даярлауда факультетіміз еліміз бойынша көшбастаушы орталыққа айналды. «Журналистика және ақпарат» бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңес (РОӘК) секциясын басқару біздің білім ордамызға берілуі – соның айқын дәлелі. Журналистік білім беруді жүзеге асыратын еліміздегі басқа жоғары оқу орындары бүгінде ЕҰУ жетістіктеріне қарап бой да, ой да түзейтіні шын қуантады. Ол ре-

спубликалық оқу-әдістемелік кеңес жиындарында анық байқалады.

ҚР Президенті телерадио кешені сыйға тартқан оқу-телестудиясымен бірге «Хабар» агенттігі мен «Қазақстан телерадио корпорациясы» акционерлік қоғамдарының арнайы аудиториясын ашқан, шартарапқа тарайтын «Шалқар» радиоарнасы арқылы студенттерінің «Сұңқар» радиобағдарламасы апта сайын эфирден берілетін, бүгінде Елордада шоғырланған барлық БАҚ-пен тығыз байланыс орнатқан жалғыз университет ретінде ЕҰУ басқаларға үлгі болып көшбастауда. Әрине, мұны алыстан болжайтын көреген саясат ұстанған, аса шебер ұйымдастырушылық қабілет танытқан университет басшылығы мен бірлігі жарасқан ұжым арқасында қол жеткізген жетістіктеріміз екенін журналистер қауымы көріп-біліп, бағалаумен бірге алғыстарын жаудыруда. Білім ордамыз республикада алғашқы болып салалық журналистерді даярлауға кіріскені оңды болды. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева ханым БАҚ мамандарымен кездескен келелі кеңесінде журналистерді сала бойынша әзірлеу өзектілігіне маңыз бергенін білесіз. Бұл бағыттағы жұмысымызды бұдан үш-төрт жыл бұрын бастағанымыз абырой болды және өзін-өзі толық ақтады. Үш факультеттің, атап айтқанда, Сәулет және құрылыс факультетінің «Дизайн» кафедрасы, Ақпараттық технологиялар факультетінің «Информатика» кафедрасы мен біздің факультетіміздің білікті профессор-оқытушылары бірлесе жүзеге асырған «Цифрлы медиа менеджмент» білім бағдарламасымен оқыған студенттерімізге жұмыс берушілер тарапынан сұраныстың өте жоғары болуы – жарқын ісіміздің нақты нәтижесі деп қуанудамыз. Биылғы оқу жылында Қазақстанда тұңғыш болып «Спорт журналистикасы» білім бағдарламасымен маман даярлауды бастадық. Ол ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт комитеті, ҚР Ұлттық олимпиада комитеті мен «Qazsport» телераднасы ұйытқы болуымен университетіміздің Әлеуметтік-ғылымдар факультетінің «Спорт және дене шынықтыру» кафедрасымен бір-

---


лескен жаңа жоба ретінде жүзеге асуда. Факультетіміз бар болғаны он жылдың ішінде еліміздегі білікті мамандар даярлауда беделді орталыққа айналды.

Ұлттық тәуелсіз рейтинг көрсеткіштері бойынша екі мамандығымыз – «журналистика» және «саясаттану» кейінгі 4-5 жылда Республикада алғашқы орындарды иемденіп келеді. Білім алушыларымыздың контингенті жылдан-жылға еселеп өсу үстінде. Сонымен байланысты профессор-оқытушылар құра-

мы артып, еліміздегі ең таңдаулы мамандар шығарлануда. Ал ол өз кезегінде білім мен ғылымдағы толағай табыстарымыздың алғышарты боларына еш күмәніміз жоқ.

Жиырма бес жас – балалықты еңсеріп, жігіттікке қадам басқан, құлашты кеңге сермеп, олжаны еселеген шақ. Жастығына қарамай жасампаздық мінез танытқан білім ордамның алар асу, бағындырар биіктері әлі алда. Маңдайына тек қана жетістіктер жазылып, соның куәсі болуды бізге жазсын!

*Сақ Қайрат, бас редактор,  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Журналистика және саясаттану факультетінің деканы,  
ф.ғ.к., профессор, алаштанушы ғалым.*



XFTAP 19.01.07

Д.Н. Алтынбек<sup>1</sup>  
Б.К. Сердәлі<sup>2</sup>  
О.Н. Нұсқабаев<sup>3</sup>

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан, Қазақстан  
(E-mail: daulet.altynbek1@mail.ru<sup>1</sup>, aksari@mail.ru<sup>2</sup>, oraz-bek1@mail.ru<sup>3</sup>)

## Медиа саласындағы социологиялық зерттеудің әдіснамасы

**Аңдатпа.** Мақалада журналистикадағы социологиялық зерттеулер аясында қазіргі заманғы қайшылықты қоғамдық-саяси, мәдени және экономикалық жағдайлар туралы пікіртерімдер топтастырылған. Зерттеу жастардың дәстүрлі діндердің қайсысын ұстанатындықтарын, діни танымдары қандай деңгейде екендіктерін және дәстүрлі емес діни ағымдар мен діни экстремистік ұйымдардың қызметі және олардың бүлдірушілік әрекеттеріне қарсы не істелуі, қалай істелуі керектігі туралы пікірлерді сараптауға арналған. Пилотаждық зерттеулер, экспресс-сұрау, фокус топтық сұхбат сияқты зерттеу амалдарын пайдалана отырып жазылған мақалада журналистикадағы социологияның көпсатылы кездейсоқ іріктеу әдісі қолданылады. Ақпарат жинаудағы сандық және сапалық тәсілдер жүзеге асқан. Фокус топтарды ұйымдастырып, пайдалану, статистикалық мәліметтерді сақтау, өңдеу, салыстыру, нәтижелерді медиа зерттеулерде пайдалану, жаңа әдістерді іріктеп алу, сұрау тәсілдері қолданылған. Социологиялық зерттеудің ықпалдылығы, респонденттердің таңдауына қарай іріктелуі, ашық және жабық түрлері, сұрау салу әдістемесі (сауалнама, контент-талдау, эксперт сұрау, терең сұхбат, телефон арқылы пікірлесу т.б.) қарастырылған. БАҚ-тағы контент талдаудың мақсаты мен міндеттері де айқын көрсетіледі. Әлеуметтік желі арқылы сұрау салу, оны сала-саласымен іріктеп орналастыру, кездейсоқ іріктеп сұрау салу сияқты әдіс-тәсілдер де пайдаланылды. Редакция жұмысындағы социологиялық зерттеу проблемалары да (ұйымдастыру, жоспарлау әлеуметтік шындықты тану) назардан тыс қалған жоқ.

**Түйін сөздер:** журналистика социологиясы, пікіртерім, респондент, экспресс-сұрау, түркітілді орта, галамтор, әлеуметтік желі, діни экстремизм.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-134-1-12-26>

Түсті: 28.01.21 / Қайта түзетілді: 20.02.21 / Жарияланымға рұқсат етілді: 17.03.21

**Кіріспе.** Зерттеу мәліметтеріне сүйенсек, Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік универ-

ситетінің студенттері әлемдік діндердің ішінде, негізінен, исламды тұтынады. Бұл түсінікті де. Өйткені университет студенттерінің негізгі

контингентін мұсылман түрктөкті халықтардың өкілдері құрайды. Осыған сәйкес сұралған студенттердің 97,6%-ы исламды тұтынатындығын білдірсе, 2,4%-ы өздерін атеистпіз деп есептейді. Дей тұрғанмен, сұралғандардың пікірлерін салыстыра талдағанда байқалғаны, түркиялық және өзбекстандық студенттерге қарағанда, қазақстандық, қырғызстандық, ресейлік түрктөкті халықтардың өкілдері және Моңғолия мен Қытай Халық Республикасынан келіп оқып жүрген студенттер арасында діни мінәжат рәсімдерінің бірі жұма намазына бару көрсеткіші өте төмен. Мысалы, жұма намазына бару көрсеткіші түркиялық студенттер арасында 98,5%, өзбекстандық студенттер арасында 95,6% көрсетсе, ал жоғарыда аттары аталған мемлекеттерден оқитын студенттер арасында бар-жоғы 26,8% құраған (қазақстандық студенттер арасында 51,6%, қырғызстандық студенттер арасында 34,2%, басқаларының қосындысында 14,2%).

Жоғарыда пайыздық көрсеткіштері төмен делінген студенттердің басым көпшілігі ислам дінінің ғибадаттық ұстанымдарын толық білмейді. Олардың түсіндірмелеріне қарағанда ислам діни ұстанымдарын меңгертуге ықпал ететін маман – дін мамандары тұрғылықты өңірлерде тапшы.

Айталық, ортаазиялық өңір студенттері арасынан сұралған респонденттердің жауаптарына қарағанда, мұсылмандық ғибадаттарды олардың 76,2% қария кісілердің құлшылық ету көріністерін қарай жүріп, үйренген. 22,4% ислам дініне уағыздаушылардың ықпалымен меңгерген. 1,4% діни ғибадаттарды қалай орындау керектігі туралы кітапшаларда көрсетілген жаттығуларды қайта-қайта қайталай жүріп біліктенген.

**Зерттеу әдістері.** Дей тұрғанмен, сұрауға тартылғандардың жауаптарына қарағанда, студенттердің бойларында түпкі шығу тектерінің және діни ұстанымдарының бірегейлігін түйсіну деңгейі өте жоғары (100%). Ал, мұның өзі бауырластық сезімді нығайта түсіп, өзара түсіністік, сыйластық, құрмет тұтушылық сенімді шыңдай түседі, ортақ дүниетанымдық және құндылықтық ұстанымдарды біріздендіреді, барша түрктөкті

халықтарға тән адамшылық қасиеттерге толы жоғары мінез-құлықты қалыптастырады.

Оның мысалына сұралған студенттер тарапынан жазбаланған төмендегі ой иірімдері дәлел бола алады: «Өзіңнің мұсылмандықты тұтынатын белгілі бір мемлекеттің түрктөкті азаматы екендігіңді сезіну зор мәртебе...», «мұсылмандық қалып тілмен айтып жеткізуге болмайтын ішкі қайнарлық экзистенциялық сезімді қанаттандырып, өмірлік бағыт-бағдарлық ұстанымды шыңдайды», «мұсылмандық кеңістікте өз орның мен рөлің бар екендігің түсінуге ұйытқылық жасайды», «білімділікке, біліктілікке және прагматистік іскерлікке талаптандырады», «түрктөкті халықтардың бірлігі мен мұсылмандық бірегейлігін қалыптастырады».

Расында да бүгінгі заманғы аумалы-төкпелі әлеуметтік-саяси-мәдени және алуантүрлі конфессиялық ортада мұсылмандық және ұлттық құндылықтар мен қадір-қасиеттерді қанаттандырып жеке басты тұлғаландыру, біртекті түркілік бірегейлікті сақтап өмірлену уақыт талабы, мәңгі елдіктің арқау жібі.

Олай болса, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде «Журналистика социологиясы» пәні бойынша білім алып жатқан білімгерлер ұсынып отырған жоғарыдағы парадигмалық концепция өзінің мәнділігімен де, маңыздылығымен де құнды. Әрі түбі бір түрктөкті халықтардың бәрінің көкейінде бұрыннан бар бірегейлену, ауызбірлікте болу және ынтымақтаса әрекеттену керек деген сияқты ой ұшқындарының тұғырлы түйіндемесі.

**Талқылау.** Енді социологиялық зерттеменің тұғырнамалы-тұжырымдық ұстанымына сәйкес өздеріңнің бойларыңда «түбі бір түркілік және діни бірегейлік түйсігі неден білінеді» деген сұраққа қайтарылған жауаптардың мән-маңызына келейік.

«Біртекті жұрттардан екендіктерімізді және діни бірегейлігімізді сезінетіндіктен болар, өзара түсіністікті сыйластықта оқып жүрміз. Семинар сабақтарына бірге даярланамыз. Қалалық мәдениет орындарын бірге аралап, мешіттік намаздарға бірге барамыз. Бірге ойнап, күлеміз. Тату-тәтті тұрамыз. Бір-

бірімізді көтермелеп, мәртебемізді асырамыз. Қазіргі өмір ағымы туралы пікір таластырамыз, сырласамыз. Өз арамыздағы, жалпы түркітiлді халықтар арасындағы өзара түсіністік, бауырластық сезімнің тереңдей түсуін қалаймыз. Түркітiлдес мемлекеттердің Ынтымақтастық Кеңесінің Саммитіндегі Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Түркітiлдес мемлекеттер ұйымын құру туралы» ұсынысын қызу қолдадық. Өйткені түркітiлді елдердің көпқырлы ықпалдастығы келешекте өркендеп жаңғырудың жаңа көкжиектерін бағындыруға ұйытқылық жасайды. Себебі тіліміздің, сондай-ақ, тарихымыздың, мәдениетіміздің, дүниетанымымыз бен салт-дәстүрлеріміздің тамыры бір. Оның негізінде бүгінгі түркі интеграциясының табысты болуы тек бүгінгі ұрпақ үшін ғана емес, болашақ ұрпақтың да табысты, жеткілікті, молшылықта өмірленуінің кепілі. «Түрк» ұғымының әрбір әрпі әрқашан айрықша маңызға ие. Мысалы, «Т» әрпі – траст, яғни өзіңе, болашағына сенімді, «Ю» – юнити, яғни «бірлікті, бірегейлікті», «Р» – ренессанс, яғни «туыстық» деген мағынаны білдіреді. Демек, түпкі мақсат та, талап та елдерімізді жақындастыруға, түбі біртекті түркілік жұрттарды бауырластырып, бірегейлендіруге қызметтенуі тиіс. Бұл мақсатқа қол жеткізуге дініміздің бірегейлігі де атсалысады.

Сұраудың өзге сұрақтарына қайтарылған жауаптар төмендегі 1-8 диаграммалар мен 9-кестеде көрсетілген.

Исламдық тағылыммен студенттер көбіне жұма намазында мешіт имамдары уағызда-


рынан тәлімденеді (24,3%). Өйткені қазіргі заманғы сунниттік бағыттағы имамдар дәстүрлі мұсылмандық қағидаттарды білімі тұрғыда негіздеп, әрбір адамның ішкі сеніміне айналдыру амалдарын жетік меңгеріп алған.

Студенттердің қатарында ислам дініне сенімді, оған қатысты қағидаларды орындауды және дінге (діни әдебиеттерде «ад-Дин» ұғымы, «әл-Ислам» терминінің баламасы ретінде қолданыла береді) шынайы сенуді қария кісілердің тәлімдеулерінен, дін өкілдерінің насихат-кеңестерінен және құрбы-құрдастарының үгіттеулерінен меңгергендер де жетіп артылады (қосындысында 23,9% құрайды).


Студенттердің 21,6%-ы діни ақпараттарға телеарналардағы көрсетілімдерден қанықса, 11,9%-ы ғаламторлық (интернет) көздерінен нәрленген.

**Нәтижелер.** Дей тұрғанмен, интернетті қолданушылар саны жалпы жастар, соның ішінде, әсіресе, студенттер арасында күн санап көбейе түсуде. Бүгінде олар кез келген өздеріне қажетті ақпаратты интернеттен алып, пайдалана біледі.


Жастардың (олардың басым көпшілігін студенттер құрайды) интернет қолдану жиілігін зерттегенде байқалғаны, олардың арасында күнделікті интернетте отыратындар оған кемінде 3-4 сағат уақытын жұмсайтындығы анықталды (12%). Күнделікті 1-2 сағат уақытын ғаламторға (интернет) арнағандар – 25,8%-ды құраса, күнде бір рет кіретіндер – 11,3% болды. Аптасына бір рет интернетке жақындайтындар – 3,9%, мүлдем кірмейтіндер – 0%, жауап бергісі келмегендер - 47%-ды көрсетті.




1-диаграмма. Дін сіздің өміріңізде қандай рөл ойнайды?



2-диаграмма. Сіздің дінге сеніміңіз қалай?



3-диаграмма. Қандай дінді ұстанасыз?



4-диаграмма. Діни ақпаратты (білімдарлықты) қандай дереккөздерден жинақтайсыз?

Демек, жастардың ғаламторға әуестігі жоғарыда анықталған мәліметтерден жоғары болуы әбден мүмкін.

Бүгінгі күні интернеттік байланыс барлық адамдарға қолжетімді. Осыған орай студенттерге интернеттік байланыстың қандай

түрін көп пайдаланатындығы туралы сұрақ қойылған болатын. Сауалнама сұрағына жауап қайтарғандардың 21,6%-ы үйлеріндегі, 7,7%-ы оқу кабинеттеріндегі, 4,2%-ы интернет клубтарындағы, 64,4%-ы қалта телефондарын пайдаланатындықтарын мәлімдеген. 2,1%-ы басқалай пікірлер білдірген. Бұдан байқалып тұрғандай, жастардың басым бөлігі, көбіне, көп қалта телефондарын, смартфондарды немесе планшетті пайдаланып интернетке қосылады.

Студенттер интернетте көбіне-көп әлеуметтік желілерді (Facebook, Instagram, Twitter, т.б.) пайдаланады (41%). 13,4%-ы кино көргенді, музыка тыңдағанды ұнатады. Мәдениет жетістіктерін, табиғатты суреттейтін, туризмді насихаттайтын арналар көрсетілімдерін қарайтындар – 5,7%-ды құрайды. Ел жаңалықтарына қызығатындар -8,1%. Ойын ойнауға дес беретіндер – 15,3%. Діни сайттарды қызықтайтындар - 15%. Интернет телеарналардан кино көретіндері тым аз, бар-жоғы 0,7%.

Сауалнама сұрақтарына қайтарылған жауаптарға қарағанда студенттер бос уақытының көбісін әлеуметтік желілерде өткізетіндігі байқалып тұр.


Демек, экстремистік бағытты діни ағымдардың әлеуметтік желілер арқылы ақпарат таратуларына жол берілмеуі тиіс.

Себебі бүгінгі таңда әлеуметтік желілерді пайдаланушылардың басым бөлігін жастар құрайды. Ал, өмірде әлі де болса өз орнын таба қоймаған, толық әлеуметтенбеген әрі шынайы діни таным туралы білімі жеткіліксіз жастар бұрыс ақпаратты дұрыс деп қабылдап, теріс жолға түсіп кетуі мүмкін.

Оның дәлеліне сауалнама сұрақтарына жауап қайтарған қазақстандық, қырғызстандық және өзбекстандық студенттердің бірқатары басқалай жауаптарға қайтарған жазбаларында мынадай көріністердің де кейде байқалып қалатындығын атап көрсеткен: «Мұсылмандыққа басқа діндегілерді тартуға әрекеттенушілердің қайсы біреулері ислам дінінің ханафи мазхабының мән-мағынасын (мүмкін өзі де түсіне бермейтін болар) бұрыс түсіндіреді. Сондықтан орталықазиялық халықтардың басым көпшілігі тұтынатын исламның сунниттік бағытының бұл мазхабының мән-мағынасы баспасөзде, телеарналарда және үгіт-насихаттық жұмыстарды дұрыс түсіндіріліп жүрсе болар еді».

Осыны ескерген сұрау жүргізуші «Журналистика социологиясы» пәнінің оқытушысы студенттері экспресс-сұрауға «Сіз өзіңіздің діни сеніміңізді қандай дереккөздерінен ақпараттандырып, бекімдеп жүрсіз?» деген сұрақ қосып, сұрауды әрі қарай жалғастырды.

### Ғаламторға қосылу нысандары



5-диаграмма. Жастардың ғаламторға (интернетке) қосылу нысандары, %



Бұл сұраққа қайтарылған жауаптар бойынша, сұралған респонденттердің 24,3%-ы ақпараттарды жұма намазында мешіт имамдары уағыздарынан, 21,6% телеарналар хабарларынан, 11,9% ғаламтор (интернет) жазбаларынан, 23,9 қариялардың және дінгерлердің тәлім-тәрбиесінен, құрбы-құрдастарының түсіндірмелерінен жинақтаған.

«Сіз ғаламторлық діни ақпараттарды қалай бағалайсыз?» деген сұрақ жауабына сұралғандардың 30,7%-ы қызықты, 41,4%-ы бұрыс деген жауаптар қайтарса, қалғандары (20,9%) жауап жазудан қашқақтаған.

«Сіздің ақпарат көздеріңізге ғаламтор арқылы хабарласып уағыздаған сәттер болды ма?». Бұл сұраққа төмендегідей жауаптар қайтарылды. «Иә, болды» – 11,6%, «жоқ, болмады» – 88,4%.

«Уағыздар қандай мәтінде айтылды?». «Алдымен, мұқият тыңдауымды өтінді. Тыңдап болған соң, қандай сұрақтарың бар? - деп сұрады. Сұрақтарыма тыңғылықты жауаптар қайтарды» – 5,3%. «Қажет деп жатсам діни кітапшалар жібере алатынын ескертті» – 3,2%. «Үзбей ақпараттар жіберіп тұруға уәде етті» – 2,8%.

Шынында да айтпай болмайды, соңғы жылдары бүлдірушілік әрекеттерге бой алдырған, бірақ қазір «ұйқылы» жағдайда делінегін теріс пиғылды қайсы бір діни ұйым мүшелерінің бұрысты үгіт-насихат жұмыстары жандана бастаған.

Демек, «Діни экстремистік топтарды залалсыздандыру үшін қандай шаралар қолдану қажет?», «ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін не істелуі тиіс?» деген сұрақтардың тууы заңды.

Бұл сұрақтар фокус топтық сұхбатқа тартылған университеттің халықаралық қатынастар мамандығы студенттерінен іріктеп алынған рекруттеу (жіктелім, 12 студент) тобында талқыланды.

Сұхбаттық пікір алмасу барысындағы әртүрлі айтылып, қызықты түсіндірмелер мен түйінді ой иірімдері негізінде жинақталған төмендегідей ақпарат резюме назарларыңызға ұсынылады. «Діни экстремистік топтардың мақсаты – жергілікті халықтар тұтына-

тын мұсылмандықтың сунниттік бағытының Ханафи мазхабының ұстанымдарын жоққа шығарып, жергілікті халықтарды бүлікшіл діни ағымдарға тәуелдендіру. Ол үшін олар ислам дінінің бейбітшіл мәнін аяқтарымен таптап, былықтырып бағуда. Тек шарияттық қағидаттарды ұстанып, зайырлы мемлекеттердің заңдарына бағынбауға, жиһадқа дайын отыруға, білім, ғылым, мәдениет жетістіктерін қабылдамауға, жергілікті ұстанымдық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, жөн-жоралғыларды тәркі етуге шақыруда. Басқа дін өкілдеріне қарсы ұстанымдарында оларды «кәпірлер» (құдайсыздар) деп кінәлап, оларға қарсы жаулық әрекеттерге үгіттеуде».

Дей тұрғанмен, жалған діни ағымдар мен діни экстремистік ұйымдар өкілдерінің бүлік тудыруға құмарлықтары жоғары болғанымен, олардың бүлдірушілік әрекеттері Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан мемлекеттерінің саяси тұрақтылығы мен конституциялық құрылыстарына анау айтқандай қауіп тудыруға қауқарсыз. Бірақ олардың «жүгенсіз үгіттеулері» бұл мемлекеттердің кейбір аймақтарында есте ұстарлықтай бүліктердің туындауына септесуде. Мұның растамасына 2009 жылы Өзбекстанның Андижан қаласында орын алған қантөгісті, 2016 жылдың 5-6 маусымында Қазақстанның Ақтөбе қаласында болған атысты, 2016 жылдың 29 тамызында Қырғызстан астанасы Бішкек қаласындағы Қытай елшілігіндегі жарылысты оқиғаларды мысалдауға болады.

Демек, жалған діни ағымдар мен діни экстремистік ұйымдар өкілдерінің өңір аумағында қызметтенуінің алдын алу шаралары әрдайым жаңғыртылып отыруы тиісті өткір мәселе. Бұл талаптың өзектілігі Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстаннан университетте оқитын студенттер арасында жүргізіліп, жинақталған пікіртерім жауаптары сараптау қорытындыларымен де үйлесім тауып жатты. «Террористік актілер жасайтындардың көпшілік бөлігі діни сауатсыз болып келеді. Рухани азық іздеп келген адамға дін атын жамылған теріс ағым ұстанушылар кедергі болады. Қоғамда шешілмей жүрген мәселелерді қозғап, өздерін қорғаныш есебінде көрсеткісі келеді» [1].


Мысалы, «Сіз төменде көрсетілген діни экстремистік ұйымдардың қайсысының лаңкестік әрекеттерінен хабардарсыз?» деген сұраққа қайтарылған жауаптардың пайыздық көрсеткіші төмендегіше көріністенген-ді.

Расында да, жоғарыдағы мәліметтерден байқалып тұрғанындай, сондай-ақ, сұхбатқа тартылғандардың ой ағымдарына қарағанда студенттер бірқатар діни экстремистік ұйымдардың, соның ішінде, «салафилік қозғалыстың», «нұршылдардың», «таблиғи жамағаттың», «зікіршілердің», т.с.с. эмиссарларының бүлдірушілік әрекеттерінен хабардар.

Бұл түсінікті де.

Себебі ортаазиялық республикалар отарлаушы Ресей бұғауынан босап, тәуелсіздікке ие болған алғашқы жылдардағы дүрбелеңді кезеңдерде қаптап кеткен әртүрлі діни эмиссарлар жергілікті мұсылмандықты тұтынған халықтарды өз қатарларына тартып бақты. Ол үшін олар исламда әуел баста болмаған біршама ғибадаттық рәсімдерді тұтынбауға, тек таза уаххабилік діни әдет-ғұрыптарды ұстануға үгіттеді. Қолдарынан келгенше жергілікті мұсылман діни басқармаларынан бөлек өздерінің діни қауымдастықтарын құруға әрекеттенді. Ол үшін олар жергілікті тұрғындар, соның ішінде, жұмыссыз жүрген

жастар арасында ақша таратты. Сөйтіп, оларды өз қатарларына тартты. Теріс оқытып, зайырлы мемлекеттер заңдарына бағынбауға, көпірлерге (құдайсыздарға) қарсы «әлемдік жиһадқа» дайын болуға, аят-хадистерді түсіндірулерде әлеуметтік-тарихи, рухани-саяси өмір талаптарын, он төрт ғасырлық ислам мәдениеті мен ғылым қорын мойындамауға үгіттеді. Жастарды Орта Азия елдері мен Қазақстан аумағында бүлік тудыруға дайындады. Қолдарынан келгендерінше шынайы діни сенімдерге жат пікірлер мен бұзақылық қылықтарды, жүгенсіздік амалдарын алып-ұшпа мінезді жастардың құлағына құйды. Олардан сунниттік бағыттан тармақтанатын шафи мазхабындағылар, шииттер, «құрбаншылар», «ахмадия жақтастары», «боз гурд», «алла аят», «салафизм» идеологиясын насихаттаушылар да қалыспады. Қолдарынан келгендерінше жұмыссыз бос сандалып жүрген жастарды алдап-сулап қатарларына тартып бақты. «Бұқаралық санада дәстүрлі/дәстүрлі емес діндер туралы идеологема тамырын жайған, дәстүрлі және жаңа діндерді нақты қабылдау, ажырату, бағалау, олардың рөлі мен қоғам өміріне ықпалын саралап түсіну қалыптасқан. «Дәстүрлі» деп аталатын және қабылданатын діндер ұлттық өмір салтына,



6-диаграмма. Сіз төменде көрсетілген діни экстремистік ұйымдардың қайсысының лаңкестік әрекеттерінен хабардарсыз?

мәдениетке және өркениеттің түріне сәйкестендіріледі, оларға тиесілілік этникалық топ өкілдері үшін айқын» [2].

Кейіндеу келе бұл ағымдардың Орталық Азия елдері мен Қазақстанда қызметтенулеріне тыйым салынғандығына қарамастан, олардың тыйым салынғанға дейін даярлап үлгерген жергілікті «ізбасарлары» жасырын түрде қатарларына жастарды тартуларын тоқтатпады. Қатарларын көбейту үшін олар әртүрлі әдістерді, соның ішінде, интернет желісін де пайдалануда.

Сондықтан да болар, қазір өңірдің, соның ішінде, Қырғызстанның оңтүстік, Қазақстанның батыс аймақтарында жалған діни ағымдардың, соның ішінде, «салафиттік» ағым идеологиясына елтіген жастардың едәуір шоғыры барлығы анықталып отыр.

Бұл ағымның негізін салушы 1263–1328 жылдар аралығында өмір сүрген шейх-уль-ислам Такауиддин Ибн Таймия болып табылады. Қазіргі кездегі көптеген діни террористік және экстремистік ұйымдар Ибн Таймияның жазылымдық еңбектеріне сүйенеді.

Ибн Таймияның бұл еңбегін ағылшындардың барлау қызметі Саудиялық Мухаммад ибн Абдул Уәһһаб (1703–1792) деген теологқа XVIII ғасырда өңдетіп, қайта жаңғыртты. Ағылшын үкіметінің күштеуі келе-келе бірқатар араб елдерінде бұл діни доктринаны негізгі діни сенімге айналдыртты.

Қазіргі діни танымда бұл доктринаның атауы «Уәһһабизм» немесе «Салафизм» деп ұлықталады. Өзіндік бір ерекшелігі, кез келген мәселенің шешімін тек Құран аяттары мен Пайғамбар хадистері шеңберінде қарастыруға уағыздайды. Сонымен қатар, исламда әуел баста болмаған деп, мұсылмандықты кейіндеу қабылдаған халықтардың өз салт-дәстүрлеріне және әдет-ғұрыптарына тән жөн-жоралғылардың мұсылмандық рәсімдерде орындалуын қаламайды. Мұсылмандық парыздардың тек қана уаххабилік дәстүр негізінде орындалуын қалайды. Аят, хадистерді түсіндірулерде олардың сыртқы көріністерін тілге тиянақ етіп, олардың, жалпы исламның бейбітшілігі меніне, имандылыққа ұйыту мазмұнына, мейірімділікке, қайырымдылыққа, ізгілікке

үндеу, адамгершілікке шақыру, адалдық, тазалық, жомарттық жолын ұстану қағидаттарының мән-мағыналарына терең бойлай бермейді. Белгілі бір ережеге, қағидаға, арнайы тәсілдерге сүйеніп келген исламның он төрт ғасырлық мәдениеті мен ғылым қорын жоққа шығарады. Белгілі бір (ханафи сияқты) мазһабты түпкілікті ұстануға қарсылық білдіреді. Мұның бәрін олар ондаған ғасырлар бойы белгілі бір мазһабты, мысалы, осы уақыттарға дейін ханафи мазһабын ұстанып келе жатқан Орта Азия елдері мен Қазақстанда бүлік туғызу үшін кеңінен насхаттап, пайдалануда.

Уаххабилік-салафилік бағыт догматтарының Қазақстанда, Қырғызстанда және Өзбекстанда біраз уақыт бойы насихатталуына біршама уақыттар бойы жергілікті діни басқармаларды Сауд Арабиясында оқып келген діндарлардың басқаруы да себепші болды.

Солардың біржақты үгіт-насихаттарының нәтижесінде өңір халқының біршамасының құлағына уаххабилік-салафилік бағыт догматтары сіңірілді. «Экстремизммен күрестің түрлі жолдары бар, бірақ біздегі күрес тек радикализация дегеніміз діни сауатсыздық деген түсініктен туындап отыр. Ал анықтап қарайтын болсақ, радикалды идеологияға тарту процесінің тамырлары біздің жағдайымызда, ең алдымен, әлеуметтік және психологиялық себептерде жатыр», – дейді әлеуметтанушы Серік Бейсембаев [3].

Дей тұрғанмен, алғашында «ресми исламның» насихатына елтіген жергілікті халық «солақай» имамдардың біржақты, тек уаххабилік дін тұтыну салтын мадақтап, ата-баба ұстанған салт-дәстүрден алыстауға шақыруларын құп көрмей, әрі олардың ақыл-ой, білім, ғылым, мәдениет жетістіктерін пайдаланудан бас тартуға үгіттеулерінен шошып арғы ата-бабалары ұстанған ислам дінінің Ханафи мазһабына қайта бет бұрды.

Салтымыз бен бейбітшілік көзқарасымызға жат дәстүрлі емес діни ағымдарды батыстық алпауыт мемлекеттердің сыртқы барлау қызметтері қаржыландыратынын білгеннен кейін жергілікті халық радикалды ағымдардың үгіт-насихаттарынан мүлдем аулақтана бастады.

Мұны сұрауға тартылған студенттер де байқаған (98,3%). Ал, олар сұрау сұрағына қайтарған жауаптарында бүлдіруші күштерге дем берушілер қатарында төмендегілер де бар деп есептейді.


Шынында да, бүгінде әлемдік кеңістіктің белгілі бір аймақтарында бүлік туғызып, сол өңір халқын қан жұтқызып жүрген діни экстремистік ұйым содырларының әрекеттері белгілі бір барлау орталығынан басқарылып, алпауыт мемлекеттердің мүдделері мен саяси талаптарының орындалуы үшін жасалып жүргендігі баршаға мәлім. Тапсырма берушілер де (алпауыт мемлекеттер), орындаушылар да (Аль-Каида, ДАИШ, Талибан, т.б.) белгілі. «Ойын» алаңдары: Таяу Шығыс. Одан беріректе Ауғанстан, Кашмир, Синцзян. Жақын көкжиекті жобада: Түркия, Орта Азия елдері.

Осыған қарап-ақ соңғы жылдары жалған діни ағымдар мен діни экстремистік ұйымдар эмиссарларының үгіт-насихаттары не себептен өңірде қайтадан жандана түскенін сезінуге болады. Алдын-алғы дайындық. Түпкі мақсат өңірдің әртүрлі діни ұстанымды халықтарын өзара араздастырып, ұрыс-керістендіруге, сөйтіп, өңірде ішкі тұрақсыздық тудыру. Реті келсе, өңірдегі мемлекеттердің көзін құртып,

өз биліктерін орнықтыру. Жергілікті байлық көздерін тегін иелену.

Осыны көздеген алпауыт мемлекеттер тарапынан қаржыландырылып, олардың айдауымен өңірде бүлік тудыруға жұмылдырылған діни жалған ағымдар мен діни экстремистік ұйымдардың жандайшаптары қазірдің өзінде-ақ жергілікті бұқара көпшіліктің, әсіресе, жастар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жасырын жүргізіп, қатарларын көбейте түскен. Оның дәлеліне жалған діни ағымдар мен діни экстремистік ұйымдар эмиссарларының айдап салуымен бірнеше мың өңір жастарының Сирия мен Иракта соғыс жүргізіп жатқан ДАИШ содырларының қатарында көрініс беруін мысалға келтіруге болады. Солардың бірі Өзбекстан тумасы Абдуқадір Машарипов деген содыр 2017 жылдың бірінші күні Ыстанбұлдағы түнгі клубтардың біріне оқ жаудырып, 39 адамның өмірін қиған. 2017 жылы жасалған 1099 террористік актіден қайтқан 7455 адамның өліміне Орталық Азия елдерінен ДАИШ қатарында соғысып жүрген содырлар себепші болған.

Өңір тұрғындары арасында уаххабилік-салафилік ағымның «ат-Такфир уал-хиджра», «Салафи-жихад», сондай-ақ «Хизб-ут-тахрир», әсіресе, «Таблиғ жамағаты» атты эк-



7-диаграмма. Бүлдіруші күштер

тремистік топтарының өз қатарларына тарту жұмыстары белең алған. Мысалы, штаб пәтері Пәкістанның Пенджаб провинциясының Райван елді мекенінде орналасқан «Таблиғ жамағаты» діни экстремистік ұйым эмиссарларының Қырғызстанға және Қазақстанның оңтүстігіне ене бастауы 1995 жылы байқалған.

Өздерінің діни ұстанымдық догматтарын кезбелік жасай жүріп насихаттайтын «Таблиғ жамағаты» қозғалысы алғаш рет Үндістанда сипат алған. Парсы бұғазы елдері тарапынан қаржыландырылатын бұл ұйым әлемнің көп елдерінде жұмыс жасайды. Соңғы анықтаулар бойынша, бұл ұйымның, мысалы, «Аль-Каида», «Харакат әл-Мужаһиддин», «Харакат әл-Жиһад Ислам», ДАИШ сияқты террористік топтармен тікелей байланыстықтары бар. Ұйым эмиссарлары кезбелік жасай жүріп, бұқара көпшілікпен қоян-қолтық араласатын көрінеді. Сөйте жүріп олардың арасынан осылар айтқанымызбен жүреді, бұйрықталған тапсырмаларды бұлжытпай орындайды деп есептеп, өздері таңдаған бос белбеу кейдей-кепшіктерді, жұмыссыз бос жүрген жастарды бөліп алып, оларға қаржылай жәрдем көрсете бастайды. Қатарларына қосып алып, әбден сеніміне кіргендерін Пәкістандағы әскери дайындық лагерлерінде жаттықтырып алып, Сирия мен Иракта соғысып жүрген содырларының қатарын толықтыруға аттандырады.

Сондықтан болар, «Таблиғ жамағаты» діни экстремистік ұйымының қызмет етуіне көп елдердегі сияқты Орталық Азия елдері мен Қазақстан да сот шешімімен тыйым салынған.

Жалған уағыздармен діндар жамағатты адастырып, қылмыстық жолға итермелеп отырған діни ұйымның бірі – «Хизб-ут-тахрир». Оның әрекеттері қоғамдағы этникааралық (еврей ұлты мен АҚШ азаматтарына қарсы) және конфессияаралық (христиандар мен басқа діндерге қарсы) қатынастарды бұзуға бағытталып, қоғам тыныштығын бұзуды көздейді. Ислам талаптары үстемдік ететін тұрмысы нашар халықтың арасында жүргізуге тырысады. Сондағы мақсаты – оларға материалдық көмек көрсете отырып, өз қатарын толықтыру.

Ал, уаххабилік-салафиліктер қатарында өңір халықтарын дәстүрлі ханафи мәзхабы сенімдеріне және өңірдегі мемлекеттік құрылымдар мен олардың заңдарына қарсы «жиһадқа» шақырып жүргендер, әрі сол жолда қантөгіс болуын қалайтындар – «такфиршілдер». Олар қазіргі әлемдік кеңістіктегі тұрақтылықты бұзып, әлемдік деңгейде мұсылмандық ұлы халифат құруды қалайды. Такфиршілдер үшін ұлттық құндылықтар мен ерекшеліктердің, салт-сананың, дәстүрдің, әдет-ғұрыптың, жөн-жоралғының ешқандай да мәні жоқ. Бұл қозғалыстың негізін қалаушы мысырлық Мустафа Шукри есімді шейх. Қазіргі таңда «әт-Такфир уәл хиджра» эмиссарлары өңірде жасырын түрде өте сақ жұмыс істеуде. Бұл ұйым мүшелері «такфир» идеологиясын қолдамайтын барлық мұсылмандарды «кәпір» деп есептейді. Өңірдегі зайырлы мемлекеттерді кәпірлер елі («Дар-уль куфр») деп атайды. Жергілікті барлау қызметі қызметкерлері 2017 жылдың 5-6 маусымында Ақтөбе қаласында болған террорлық актіні ұйымдастырушылар осы ұйымның эмиссарлары болып қалуы мүмкіндігін теріске шығармайды. Сонымен қатар, оның дәлелі ретінде Ақтөбе қаласы мен облыс аумағынан тәркіленген экстремистік бағыттағы 670 брошюра мен шағын кітапшалардың, аудиожазбалар мен үнпарақтардың 334-і салафилік ағымның осы тармағына тиістілігін мысал етеді.

Демек, уаххабилік-салафилік бағыттың ғана емес, діни ұстанымымызға жат барлық діни ағымдарды өңірден түпкілікті алыстатуға ықпал ететін құқықтық нормалар қатайтыла түсуі тиіс. «Біздің асыл дініміз, керісінше, қоғамдық тұрақтылықты, ізгілікті, ұстамдылықты уағыздайды. Ал, лаңкестіктің ұлты да, діні де жоқ. Сол себепті нағыз мұсылманның лаңкес болуы әсте мүмкін емес [4].

Бұл фокус-топтық сұхбатқа тартылған студенттердің ғана емес, сауалнама сұрақтарына жауап қайтарған барлық студенттердің қалауы (8-диаграмма).

«Шынында да, - дейді фокус-топтық сұхбатқа тартылған түркиялық студенттер, – ислам дінінің бейбітшіл мәнін әбден бұр-



8-диаграмма. Сіз бұлдірушілікке және терроризмге қарсы күресте қандай шаралар қолданылуы тиіс деп ойлайсыз?

малаған діни фундаментализм мен экстремизм аймаққа барынша енген. Сондықтан өңір мемлекеттері оларды аймақтан аластату үшін қатаң шараларды қолданғаны абзал». Өйткені жергілікті тұрғындар арасында исламның шынайы адамсүйгіштік, гуманистік сезімдерге толы бейбітшіл мәнін түсіндірудің аздығынан, бос кеңістікті әртүрлі лаңкестікке үйір экстремистік ұйымдар пайдаланып кеткен. Оның үстіне аймақта (Қазақстанды қоспағанда) әлеуметтік-экономикалық жағдай мен тұрмыстық ахуал төмендеу. Ал бұл мәселелерді шешуде жергілікті билік органдары қауқарсыздық танытуда. Осының бәрі жинақтала келіп, жергілікті тұрғын халықтарды сүйенішті діннен іздеуге итермелеуде.

Орталық Азия бұрыннан-ақ ислам кеңістігіндегі аймақ. Сондықтан ислам дүниесін дүрсілкіндірген (саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани, идеологиялық, адамгершілік-имандылық, этникалық-ұлттық) мәселелер бұл аймақ тұрғындары (аймақ халықтарының 90%-дан астамы ислам дінін ұстанатындығын ұмытпалық) үшін де бас ауыртып, жүрек сыздатар маңызды мәселелер санатында саналады. «Мемлекетіміз терроризммен күрес туралы барша 13 халықаралық әмбебап конвенцияларға қосылған» [5].

Айталық, жергілікті тұрғын халықтардың ислам дінін ұстанатын басым көпшілігі АҚШ

пен Батыстың дамыған мемлекеттерінің Израильді жақтап, мұсылман елдеріне біржақты қысым көрсетулеріне, АҚШ-тың Иерусалим қаласын Израильдің астанасы деп қабылдауына кәдімгідей қарсы.

Демек, Орталық Азия республикаларының ұлттық және мемлекеттік егемендіктеріне қауіп төндіретін сыртқы және ішкі факторларды екселегенде осы екі жақтан да туындайтын қауіп-қатерлерге бірдей назар аударған жөн. Десек те, түркиялық студенттер топшылағандай, жергілікті билік органдарына текетіретін себептерін сырттан іздегеннен гөрі ішкі қауіп-қатерлерге айрықша назар аударғандары жөн сияқты, әрі мұндай болжам негізсіз емес. Оған университетте жоғарыда аттары аталған мамандықтарда оқитын студенттер 2016 жылы жинастырған пікіртерімдегі сауалнама сұрақтарына қайтарылған жауаптар дәлел бола алады.

Сауалнама сұрақтарына қайтарылған жауаптарды талдау барысында сұралған респонденттердің сыртқы себептерге қарағанда ішкі қауіп-қатерге айрықша назар аударатындығы байқалған.

Қорыта айтқанда, діни экстремизмге қарсы күрестің бірден-бір пәрменді құралы – діни ағартушылық жұмыстарын көтеру, діни үгіт-насихатты күшейту. Өз дінін терең білетін адам ешқашанда экстремистердің

## Ішкі қауіп-қатерлер

№	Ішкі себептер	%
1	Әлеуметтік-экономикалық жағдай мен тұрмыс деңгейінің төмендігі (Қырғызстан, Өзбекстан)	21,8
2	Оны шешудегі жергілікті биліктік құрылымдардың қауқарсыздығы (Қырғызстан)	17,3
3	Сыбайлас жемқорлықтың жоғарылығы (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан)	15,7
4	Өңірде діни экстремистік ұйымдар қызметінің қайта жандануы	18%
5	Демократиялық үрдістердің баяулығы, биліктегілердің демократиялық үрдістерге жат саясат ұстануға үйірлігі (оппозицияға, БАҚ-на қысым көрсетуі, адам құқықтары мен еркіндігінің шектеулігі, т.т.) (Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан)	17,8
6	Билікке талас, жекелеген ықпалды топтар, олигархтар арасындағы талас (Қырғызстан)	9,4

қолшоқпары болмайтыны, олардың торына оп-оңай түспейтіні белгілі. Мысалы, Е.Г. Ляхов «Халықаралық қылмыс (халықаралық терроризм) мына төрт жағынан квалификациялануы қажет деп есептейді: субъект, субъективтік жағы (кінә), объект, объективтік жағы (әрекет, әрекетсіздік, құқыққа қайшылық, себептік-салдарлық байланыс)» [6, 312 б.]. Бұл пікір келісуге тұрарлық, бірақ бұл жөнінде халықаралық құқықтық актілерде толыққанды, әрі нақты ұғымда бекітілген норма жоқ. Яғни, қарастырылып отырған қылмысқа қатысты құқықтық анықтаманы жобалап, қабылдау қажет.

Десек те, діни экстремизмге қарсы күресте азаматтардың конституциялық құқықтары, ар-ождан бостандығы бұзылмауы тиіс. Белгілі бір дәстүрлі дінді тұтынушының діни сезімдері қорланбағаны жөн. Сонымен қатар, діни радикализмге қарсы күресте аймақ елдерінің шет елдермен қарым-қатынастарына, сыртқы саясат саласындағы абыройы мен мүдделеріне нұқсан келтірілмеуі тиістігін ұмытпаған да жөн. Сондай-ақ, діни экстремизмге қарсы жүргізілетін үгіт-насихат жұмыстарына ұлттық диаспоралар пен ұлттық мәдени бірлестіктерді де тарта білген дұрыс. Бұл тұрғысында Қазақстанда өнеге тұтарлық тәжірибе жинақталған. Сондықтан да болар Қазақстан-

да мемлекеттік органдар мен діни бірлестіктер арасында өзара түсіністікті, әрі сенімді байланыстар орныққан. Конфессиялардың басшылары Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшелері болып табылады. Діни бірлестіктер жетекшілерінің қоғамдық-саяси шараларға қатысуы, олардың өздерінің дінге сенушілерінің мүдделерін жергілікті және ең жоғары биліктердің деңгейінде көтеріп, ұсынулары дәстүрге айналған.

Сонымен қатар, Қазақстанда жұмыссыз жүрген жастарды кәсіптік-техникалық бастауыш және орта оқу орындарында тегін оқытып жұмыстандыру, сөйтіп, олары әлеуметтендіріп, қоғам өміріне толыққанды маман етіп қосу жұмыстары қолға алынған. Ал, мұның өзі көңіл жұбанушытарын діннен табуға тырысқан жастардың санын азайтып, оңтайлы жағдайды өз пайдаларына жаратуға ұмтылған радикалды діни ағымдардың жолын кесе-кестей түсуде. Дей тұрғанмен, радикалды діни ұйымдардың бүлдірушілік әрекеттерін біржолата ауыздықтау өңір мемлекеттері бұрынырақта қабылдаған діни қызмет және діни бірлестіктер туралы қабылдаған заңдарды экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жаңа баптармен және барынша қатайтылған нормалармен толықтырмайынша, қауіпсіздік мәселе-

сінің шешілмейтін түрі бар. Мұны ескерген жөн. Онымен қатар, діни экстремизм мен терроризмге қарсы күрес қарсы барлау қызметі, дактилоскопиялық және геномдық тіркеу, пробацация, ақпараттық қауіпсіздік, т.с.с. мәселелер бойынша заң жобаларын дайындаып, тез арада қабылдауды қажетсінеді.

Кейбір діндар жандардың ханафи мәзхабы ілімін мойындамауының, ұлттық мінәжат ерекшеліктерін жоққа шығаруының, қыз-келіншектердің «хиджаб» киюді, ер-азаматтардың шалбарларының балағын қысқартып, ұзын сақал өсіруді «модаға» айналдырып алуының себептері, олардың мұсылмандықты тұтынудың өңірлік ерекшеліктерін білмеулерінен туындауда.

Сондықтан жергілікті дін басқармалары діни ағартушылық, үгіт-насихаттық іс-әрекеттерінде ислам дінінің өңір халықтарының табиғатына, ұлттық болмысына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптарына, жөн-жоралғыларына тән ең жақын дәстүрлі ұстанымы – Ислам Ағзам Әбу-Ханифа мәзхабының қағидаттарын және оның теріс пиғылды діни ағымдардан айырмашылығын жан-жақты негіздеп, түсіндіре білулері керек. Патриотизм, отанды сүйу, өңірде тұрақтылықтың сақталуы, аймақ елдерінің гүлденіп, көркеюінің, лайықты молшылықта өмір сүруінің кепілі болып табылатындығын әркімге ұғындыра білуі жөн.

Әрине, бұған қарап осы уақыттарға дейін өңірде діни ағартушылық, үгіт-насихаттық жұмыстар атқарылмаған екен дегендей ой тумасы анық. Атқарылып келе жатқан өнегелі іс-әрекеттер сан жеткісіз. Дей тұрғанмен, діни-ағарту жұмыстарының жандандырыла түсуі артық етпейді. Қайта өңір тұрғындарының, әсіресе, жастардың радикалды діни ағымдардың теріс пиғылды үгіт-насихаттарына ұйып, оларға ілесіп кетпеулеріне, діни экстремизмге қарсы күресте белсенділік танытуларына ықпал етеді.

**Қорытынды.** Жоғарыда айтылған ұсыныстарды жүзеге асырумен қатар, өңір мемлекеттерінің дін істері мен азаматтық қоғам министрліктері бірлесіп, жыл сайын Түркістан қаласында ғылыми-практикалық семинар өткізіп отырса, сөйтіп, діни экстремизм мен терроризмнің таралуының алдын алу үшін не істеуі және қалай істеуі керектігі жөнінде пікір алмасып, тәжірибелерімен бөлісіп отырса, нұр үстіне нұр жауар еді. Мұндай пікір алмасулар әртүрлі дін өкілдерінің арасында дінаралық келісімдерді нығайтуға да ықпал етеді. Өңірдегі діни басқармалардың жергілікті бөлімшелері жетекшілері мен облыс, қала, аудан әкімдіктері жанындағы дін істері жөніндегі департамент басшылары арасындағы қарым-қатынасты да қиюластыра түседі. Радикалды діни ағымдар эмиссарларының жастарды өз қатарларына тартуының да алдын кеседі. Конфессияаралық қатынастарды үндестіріп, мемлекеттік органдар мен діни ұйымдар арасындағы үнқатысуларды да шыңдай түседі. Ең бастысы – діни ағартушылық және үгіт-насихаттық жұмыстардың сабақтастығын тудырып, тиімділігін арттырады. Мемлекетаралық ақпараттық-насихаттық топтарды құруға да дәнекерлік жасайды. Ақпараттық-насихаттық топ жұмыстарына қалың жұртшылықты: оқушыларды, студенттерді, ауыл жастары өкілдерін, оқытушыларды, құқық қорғау орындары мен прокуратура қызметкерлерін, түзеу мекемелеріндегі жазасын өтеушілер өкілдерін, конфессия басшыларын, жергілікті діндарларды, т.б. тартуға септеседі. Мұндай ақпараттық-насихаттық топтардың мақсаты – елді мекендерде үгіт-насихаттық жұмыстар жүргізіп, дәстүрлі діндердің бейбітшілік сүйгіштік мәндерін, олардың теріс пиғылды діни ағымдардан айырмашылығын түсіндіріп, діндарлардың, соның ішінде, ең алдымен, діндар жастардың радикалдық идеяларды қабылдамау ақуалын қалыптастыру болуы тиіс.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Ақнұр Н. Діни экстремизм мен терроризм ерекшеліктері. [Электрон. ресурс] – URL: <https://www.astana-akshamy.kz/dini-ekstremizm-men-terrorizm-erekshelikteri/> (Қаралған күні: 02.02.2021)



2. Буrowa E., Назарбетова A. Институциональные факторы религиозно-мотивированного экстремизма // Қоғам & дәуір. – 2019. – №2(62).
3. Сұлтан Ә. Қазақстандағы экстремизммен күрес: миллиондар қайда кетіп жатыр? [Электрон. ресурс] – URL: <https://cabar.asia/> (Қаралған күні: 02.02.2021)
4. Оңғаров E. Болмысы бұлыңғыр, мазмұны маргиналды діни ағымдар. [Электрон. ресурс] – URL: <https://abai.kz/post/view?id=1475> (Қаралған күні: 02.02.2021)
5. Анаш Д. Терроризммен күрес – баршаның міндеті. – URL: <https://egemen.kz/article/163332-terrorizmmen-kures-%E2%80%93-barshanynh-mindeti> (Қаралған күні: 02.02.2021)
6. Алимов К.З. Теория международных отношений и международного права. – Ташкент: ООО «Ал-Фабасервис», 2017. – 512 с.

Д.Н. Алтынбек, Б.К. Сердали, О.Н. Нускабаев

*Международный казахско-турецкий университет имени Х.А. Ясауи, Туркестан, Казахстан*

### Методика социологического исследования в медиасфере

**Аннотация.** В статье обобщены взгляды на текущую социально-политическую, культурную и экономическую ситуацию в контексте социологических исследований в журналистике. Проведен анализ взглядов молодых людей на то, каким традиционным религиям они следуют, уровня их религиозных знаний и того, что они должны делать против деятельности нетрадиционных религиозных движений и религиозных экстремистских организаций и их деструктивной деятельности. Используются такие методы, как пилотные исследования, интервью в фокус-группах, экспресс-опросы, опросы в социальных сетях, их выборочное размещение по отраслям и случайные опросы, а также метод многоэтапной случайной выборки социологии в журналистике. Были реализованы количественный и качественный подходы к сбору данных. Методы использовались для организации и использования фокус-групп, хранения, обработки, сравнения статистики, использования результатов в исследованиях СМИ, выбора новых методов и запросов. Рассмотрены эффективность социологического исследования, выбор респондентов, открытые и закрытые типы, методы опроса (анкетирование, контент-анализ, экспертное интервью, глубинное интервью, телефонное интервью и др.). Также четко сформулированы цели и задачи контент-анализа в СМИ. Не остались в стороне проблемы социологического исследования (организация, планирование, признание социальной реальности) в работе редакции.

**Ключевые слова:** социология журналистики, опрос, респондент, экспресс-опрос, тюркоязычная среда, интернет, социальная сеть, религиозный экстремизм.

D.N. Altynbek, B.K. Serdali, O.N. Nuskabaev

*Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

### Sociological research methodology in the media sphere

**Abstract.** The article summarizes the views on the current socio-political, cultural and economic situation in the context of sociological research in journalism. The study is aimed at analyzing the views of young people on what traditional religions they follow, the level of their religious knowledge and what they should do against the activities of non-traditional religious movements and religious extremist organizations and their destructive activities. The article, written using research methods such as pilot studies, rapid surveys, focus group interviews, uses the method of multistage random sampling of sociology in journalism. Quantitative and qualitative approaches to data collection have been implemented. The methods were used to organize and use focus groups, store, process, compare statistics, use the results in media research, select new methods and queries. The effectiveness of sociological research, the choice of respondents, open and closed types, survey methods (questionnaires, content analysis, expert interviews, in-depth interviews, telephone interviews, etc.) are considered. The goals and objectives of content analysis in the media are also clearly formulated. Methods

used were social media polls, selective placement by industry, and random polls. The problems of sociological research (organization, planning, recognition of social reality) in the work of the editorial board were not left aside.

**Keywords:** sociology of journalism, survey, respondent, express survey, Turkic-speaking environment, Internet, social network, religious extremism.

### References

1. Aknur N. Diny ekstremizm men terrorism erekshelikteri [Features of religious extremism and terrorism] [Electronic resource] Available at: <https://www.astana-akshamy.kz/dini-ekstremizm-men-terrorism-erekshelikteri/> (Accessed: 02.02.2021). [in Kazakh]
2. Burova E., Nazarbeto A. Institucionalnye factory religiozno-motivirovannogo ekstremizma [Institutional factors of religiously motivated extremism], Kogam & daur [Society & era] 2019. №2(62). [in Russian]
3. Sultan A. Kazahstandagy ekstremizmmen kures: milliondar kaida ketip jatyr? [Fighting extremism in Kazakhstan: where are millions goin] [Electronic resource] Available at: <https://cabar.asia/> (Accessed: 02.02.2021). [in Kazakh]
4. Ongarov E. Bolmysy bulungyr, mazmuny marginaldy dini agymdar [The essence is blurred, the content is marginal religious movements] [Electronic resource] Available at: <https://abai.kz/post/view?id=1475> (Accessed: 02.02.2021). [in Kazakh]
5. Anash D. Terrorizmmen kures – barshany mindeti [The fight against terrorism is the task of all] [Electronic resource] Available at: <https://egemen.kz/article/163332-terrorizmmen-kures-%E2%80%93-barshanyh-mindet> (Accessed: 02.02.2021). [in Kazakh]
6. Alimov K.Z. Teoriya mejdunarodnyh otnoshenii i mejdunaraodnogo prava [Theory of international relations and international law] (Tashkent, Al-Fabaservis, 2017, 512 p.). [in Russian]

#### Авторлар туралы мәлімет:

*Алтынбек Дәулет* – негізгі автор, магистрант, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

*Сердәлі Бекжігіт* – ф.ғ.к., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

*Нұсқабаев Оразбек* – с.ғ.д., профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

*Altynbek Daulet* – **The main Author**, Master's Degree Student, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

*Serdali Bekzhigit* – candidate of philological sciences, professor, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

*Nuskabaev Orazbek* – Doctor of Science, Professor, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

С.Б. Рыскелдинова  
Қ.Ө. Сақ

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: salta\_918@mail.ru<sup>1</sup>, kaisak1964@yandex.kz<sup>2</sup>)

## Сөз бостандығы — демократияның басты талабы

**Аңдатпа.** Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдары кеңестік медиа жүйеден қалған қиыншылықтарды бастан кешуде. Оның салдары тәуелсіз журналистикаға кедергі келтіретін және оны шектейтін бұрынғы құрылымдардың қалдықтары әлі де байқалады. Аталған мәселе бұқаралық ақпарат құралдары дербестігінің қазіргі жағдайын зерттеу кезінде өзекті болып табылады. Осы тұрғыда мақала авторының негізгі идеясы — сөз бостандығы және журналист дербестігін жүзеге асыруды — демократияны дамытудың және азаматтардың басқа құқықтарын қамтамасыз етудің қажетті алғышарты екендігіне негізделген. Егер мемлекет елді қалай басқару туралы түрлі идеялардың ашық және әділ бәсекелестігіне жол бермесе, демократиялық көпшілік қолдаған мықты идеялардың басым болатындығына кепілдік жоқ. Сонымен қатар, ақпарат ағынын шектеу, журналистика дербестігіне жол бермеу — адам құқығының бұзылуына әкеліп соғады. Автор мақалада сөз бостандығы халықаралық құқықтағы шынайы мазмұнына шолу жасайды, басқа елдер мен аймақтардағы озық тәжірибелерге мысал келтіріп, жетекші халықаралық және қоғамдық ұйымдар, сондай-ақ, бүкіл әлемнің сарапшылары әзірлеген концепцияларды ұсынады.

**Түйін сөздер:** бұқаралық ақпарат құралдары, сөз бостандығы, журналист дербестігі, демократия, ашық қоғам, халықаралық құқық, адам құқығы.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-134-1-27-36>

Түсті: 25.01.21 / Қайта түзетілді: 20.02.21 / Жарияланымға рұқсат етілді: 17.03.21

**Кіріспе.** 1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін, құрамында болған ендігі кезде тәуелсіз республикалар, соның ішінде, Қазақстан да демократияның жолына түсті. Барлық елдер БҰҰ мен ЕҚЫҰ сияқты халықаралық ұйымдарға кіру және адам құқықтарын қорғау жөніндегі шарттарды ратификациялау арқылы өздерін халықаралық қауымдастықтың мүшесі ретінде көрсетуге тырысты. Содан бері отыз жылға жуық уақыт өтсе де, Қазақстан мен басқа да ТМД елдері, әлі де коммунистік режим мұрасынан арылуға және ертеректе қабылданған халықаралық міндеттемелерді орындауға тырысып келеді. Билікті демократиялық жолмен беру әлі шындыққа жанаспайтын мәселе. Бұл елдерде адам құқығы әрдайым және барлық

жерде қорғала бермейді. Бұл проблемалар іс жүзіндегі демократияны да, адам құқықтарының мазмұнын да — шенеуніктер арасында ғана емес, қарапайым халық арасында да толық түсінбеушіліктен туындайды.

Адам құқықтары туралы заманауи түсінік Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін пайда болды. Бұған дейін мемлекеттің өз азаматтарына қатынасы әр елдің ішкі ісі болып саналды және халықаралық қауымдастықтың алаңдаушылығына ие болмады. Фашистік режимнің шетелдік және отандық азаматтарға қатысты бұрын-соңды болмаған зұлымдықтары мемлекеттің қадір-қасиетін қорғаудың халықаралық стандарттарын қабылдауға мәжбүрледі [1].

1945 жылы Сан-Францискода Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын қабылдауға жиналғандар үшін, адам құқығы ең басты мәселе болды. Жарғыға құқықтар туралы халықаралық пактіні енгізу туралы ұсыныс қабылданбады, бірақ қорытынды құжатта адам құқығы туралы бес рет айтылып, оның 68 бабы БҰҰ-ның экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі кеңесін адам құқықтары жөніндегі комиссия құруға міндеттеді [2]. БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы құрылғаннан кейін, әлемнің барлық елдері мен мәдениеттерінің адам құқықтарына қатысты мүмкіндігінше ортақ құндылықтарын көрсететін стандарттар әзірлеуге кірісті. Әзірлеушілер үшін маңызды мәселе ретінде болашақ құжаттың құқықтық сипаты болды. Бірқатар елдер БҰҰ-ның барлық мүшелері ратификациялайтын міндетті шарт жасасқысы келді; басқа мемлекеттер заңды күші жоқ, бірақ тұжырымы күшті және мәжбүрлі декларацияны жақтады. Нәтижесінде екі құжатты да тіркеу туралы шешім қабылданды. 1948 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы бірде-бір қарсы дауыссыз, Адам құқықтарының Жалпыға бірдей Декларациясын (UDHR) қабылдады [3]. Содан кейін UDHR негізінде екі келісімшарт жасалды: Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (ICCPR) және экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт (ICESCR) [4]. Екеуі де 1966 жылы қабылданды. 2006 жылғы 8 мамырдағы жағдай бойынша бұл Пактілерді 156 және 153 ел, соның ішінде Қазақстанда сәйкесінше ратификациялады.

**Зерттеу әдістері.** Сөз бостандығы тек идеялық ұғым немесе сөз тіркесі емес. Сөз бостандығы елдердің Конституцияларымен және олар қосылған халықаралық шарттармен бекітілген нақты заңды құқық. Сөз бостандығы құқығын жүзеге асырудың негізгі институты ретіндегі бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы, Конституцияның тиісті ережелерінен, бірқатар кодекстерден, заңдардан, сондай-ақ, мемлекеттік және ведомстволық нормативтік құқықтық актілерден тұрады. Конституцияның норма-

лары жоғары заңды күші бар және тікелей қолданысқа ие. Қазақстанның ақпараттық заңнамасының негізін, Қазақстан Республикасы Конституциясының 1, 4, 5, 7, 12, 18, 20 және 39 баптары құрайды. Сөз бостандығы кейбір шектеулерге қарамастан, Қазақстан Конституциясының 20-бабымен қорғалған:

1. Сөз бен шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензураға тыйым салынады.

2. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпиясы болып табылатын мәліметтер тізбесі заңмен белгіленеді.

3. Республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, сондай-ақ, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді. [5]

Салыстырмалы талдау жасай тұра, сөз бостандығы саласындағы Қазақстан Конституциясының нормалары жалпы Халықаралық Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактінің 19-бабына сәйкес келеді [6]. Алайда 20-бапта көрсетілгендей шекараға қарамастан сөз бостандығын қолдану көзделмеген. Сондай-ақ, ақпарат алу және беру құқығы заңмен шектелуі мүмкін екені айтылған, бірақ мұндай заңның қоғамдық мүдделерді қорғау үшін қажет екендігі туралы шарт жоқ. Іс жүзінде бұл жеке департаменттердің немесе жеке кәсіпкерлік құрылымдардың мүдделеріне сәйкес, ақпарат алу мен тарату заңға тәуелді актілермен шектелетіндігіне әкеп соғады.

«Reporters Without Borders» халықаралық ұйымы кезекті 2020 жылға арналған сөз бостандығы рейтингін жариялады. Онда Қазақстан 180 елдің ішінде 157-орында тұр [7].

1-кестеде көрсетілгендей сөз бостандығы бойынша алғашқы бестікті Норвегия, Финляндия, Дания, Швеция және Нидерланды мемлекеттері басқарып отыр. Яғни, бұл мемлекеттерде сөз бостандығы жағдайы өте жақсы деңгейде. Қазақстан бұл тұрғыдан қиын жағдайдың соңында тұр. Яғни, Қазақстаннан

1-кесте. Сөз бостандығы индексі 2020

Мемлекеттер	2020 жыл рейтингі	Баспасөз бостандығының жағдайы
Норвегия	1	Өте жақсы
Финляндия	2	Өте жақсы
Дания	3	Өте жақсы
Швеция	4	Өте жақсы
Нидерланды	5	Өте жақсы
АҚШ	45	Қанағаттанарлық
Қырғызстан	82	Проблемалық
Ресей	149	Қиын
Өзбекстан	156	Қиын
Қазақстан	157	Қиын
Сингапур	158	Өте нашар
Қытай	177	Өте нашар
Солтүстік Корея	180	Өте нашар

кейінгі Сингапур 158 орында тұр, бұл ел сөз бостандығының өте нашар деңгейінің көшін бастап тұр. RSF ҚР Конституциясындағы БАҚ туралы заңға енгізілген өзгертулерге сүйене отырып, Қазақстанның рейтингтегі орнын төмендеткені көрінеді. Сонымен қатар, жергілікті билік органдарының сөз бостандығының кепілдіктерін қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігері, журналистердің қызметіне заңдық және практикалық шектеулер деңгейі қарастырылған.

**Ғылыми әдіснама.** Көптеген зерттеушілер және заңгерлер тек қана қолайлы ақпаратты және қабылданған идеяларды құқықтық қорғау күткен нәтиже бермейтінің бірнеше рет атап өткен. Ағылшын философы Джон Стюарт Милл (1806-1873) қабылданған көзқарастарға қайшы келетін, ойларды айтуға мүмкіндік берудің маңыздылығы туралы төрт дәлел келтірді:

а) Егер пікірді айтпай ішіңізде ұстасаңыз, біз оның дұрыс болғанын немесе болмағаны туралы ешқашан біле алмаймыз. Басқа адамның пікірінің дұрыстығын жоққа шығару, адамның өзінің қатесіздігін көрсетеді.

б) Пікірлер мүлдем дұрыс немесе бұрыс сирек кездеседі. Егер пікір айтылмаса, онда ондағы шындық жоғалады.

с) Егер қабылданған идея шынымен дұрыс болса, ол қарама-қарсы идеямен ашық және адал бәсекелестіктен өткен кезде адамдарды толықтай сендіре алады.

д) Егер идеяны жиі қарсылыққа ұшыраатып, осылайша оның күшті жақтарына көрсете білгенде ғана, адамдар сол идеяны ұмытпайды [8, 13 б.].

Халықаралық сот органдары халықаралық стандарттарға сәйкес сөз бостандығы қайшылықты мазмұндағы идеяларды қамтитындығын бірнеше рет атап өтті. Еуропалық адам құқықтары соты: «Пікір білдіру бостандығы ... заңды түрде алынған немесе ешқандай зиян келтірмейтін, я болмаса маңызды емес «ақпарат» немесе «идеяларға» ғана қатысты емес, сонымен бірге, шектен шыққан және жеке басты қорлайтын ақпарат пен идеяға қатысты. Бұл төзімділікке, плюрализмге және кең ойшылдыққа қойылатын талаптар, онсыз «демократиялық қоғам» мүмкін емес» - деген [9].

Жалпы алғанда, қазақстандық заңнамада Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіде айқындалған контекстегі сөз бостандығы құқығы көрінбейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған сөз бостандығы қалған заңнамалық блокта өз дамуын таба алмады.

Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы 2-бапта сөз бостандығының конституциялық кепілдіктерін растайды, бірақ заңсыз және шамадан тыс шектеулер болған жағдайда оны қорғаудың кез келген шаралары қарастырылмаған [10]. Бұл заң кеңестік кезеңнің рұқсат етілген және тыйым салынған қағидаларына негізделген және елдегі сөз бостандығы мен БАҚ плюрализмін нығайтуға елеулі кедергі болып табылады.

2018 жылдың 8 қаңтарында бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңға енген түзетулер [11] сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті, қоғамның әлеуметтік маңызды ақпарат алу құқығын жүзеге асыруды қиындатады, жаңа үгіт тұжырымдамасын енгізеді, оның аморфты анықтамасы барлық БАҚ-ты негізсіз айыптаулардан қорғансыз етеді, интернет ресурстарды пайдаланушыларды міндетті анықтау енгізуі, әлеуметтік маңызды мәселелер бойынша пікірталастардың күрт төмендеуіне алып келді.

Сөз бостандығының құқығы кез келген демократиялық қоғамда маңызды [12]. Баспасөз бостандығы (сөз және пікір сияқты) біздің әл-ауқатымызды тікелей арттырады, өйткені бұл біздің «Лебенсвельтпен» күресуге көмектеседі (біздің тәжірибеміз бен түсінігімізді білдіретін Хабермас термині, біз қашан, қашан және қай жерде тұратындығымызбен) [13]. Мұндай мәлімдемелерге қатысты әлемдегі адам құқықтары жөніндегі соттар мен соттардың шешімдері өте көп. Мысалы, Еуропалық Адам құқығы соты «сөз бостандығы — демократиялық қоғамның негізгі компоненттерінің бірі және оның алға жылжуының, сондай-ақ, әр адамның дамуы үшін қажетті шарт» деп баса айтты [14]. Осы орайда, сөз бостандығы өз алдына және барлық басқа адам құқықтары үшін негіз болып табылады. Толық демократия ақпарат пен идеялардың еркін ағынына кепілдік берілген қоғамда ғана мүмкін болады. Сонымен қатар, сөз бостандығы адам құқықтарының бұзылуын анықтауда және осындай бұзушылықтарға қарсы күресте өте маңызды.

Сөз бостандығына кепілдік беру бұқаралық ақпарат құралдары үшін ерекше маңызды. Еуропалық Адам құқығы соты «баспасөздің құқықтық мемлекеттегі ерекше рөлін» баса атап өтеді [15].

Баспасөз бостандығы — қоғамға өзінің саяси көшбасшыларымен танысуға және олардың идеялары мен ұстанымдары туралы түсінікке ие болу үшін теңдесі жоқ құрал. Атап айтқанда, бұл саясаткерлерге қоғамдық пікірді толғандыратын мәселелер бойынша өз ойларын және ұстанымдарын білдіруге мүмкіндік береді; осылайша, әркім демократиялық қоғам тұжырымдамасының орталығында тұрған еркін саяси пікірталасқа қатысуға мүмкіндік алады [16].

Бұған қоса, Біріккен Ұлттар Ұйымының Адам құқықтары жөніндегі комитеті атап көрсеткендей, дербес БАҚ саяси процесте маңызды рөл атқарады: «Азаматтар, кандидаттар мен сайланған өкілдер арасындағы мемлекеттік және саяси мәселелер бойынша ақпараттар мен пікірлердің еркін алмасуы өте маңызды. Бұл қоғамды қызықтыратын мәселелер бойынша цензурасыз немесе белгілі бір шектеулерсіз қоғамдық пікірді хабарлаулар ете алатын дербес баспасөзді және басқа бұқаралық ақпарат құралдарын білдіреді» [17].

Өз кезегінде Америкалық Адам құқықтары соты: «Дәл бұқаралық ақпарат құралдары сөз бостандығын дүниеге алып келеді» [18]. Еуропалық адам құқығы соты қоғамның барлық мүдделеріне қатысты ақпараттар мен идеяларды тарату — БАҚ басты міндеті деп мәлімдеді:

Баспасөз 24-бапта көрсетілген мүдделерді қорғау көрсетілген белгіленген шектеулерден тыс, ақпарат пен қоғамдық қызығушылық идеяларын тарату миссиясы жүктелген [19]; егер баспасөзге осындай ақпарат пен идеяларды тарату міндеті жүктелген болса, онда бұқара өз тарапынан оларды алуға құқылы. Әйтпесе, баспасөз өзінің негізгі «қоғамдық мүдделерді қорғайтын күзетші» функциясын орындай алмас еді [20].

**Нәтижелер мен талқылау.** Жоғарыда баспасөзді мемлекеттік реттеудің қауіпті екенді-

гіне тоқталдық: көбінесе, заңды мақсат еткен заңнама, наразылық тудырушыларға қарсы құралға айналады. «БАҚ туралы заңның өзін сөз бостандығына толықтай кепілдік болады деуге келмейді. Себебі оның өзі, шынтуайтына келгенде, журналистика қызметін, шығармашылық ой бостандығын дұрыс үйлестіргенімен, белгілі деңгейде тағы оны шектеуге бағытталған дүние. Егер ол сөз бостандығын қорғау немесе ақпарат алу еркіндігін кепілдендіру туралы заң болса, онда әңгіме басқаша болар еді [21, 79 б.]. Бұл мәселенің шешімі ретінде БАҚ-тың өзін-өзі реттеуі альтернатива ретінде ұсынылады.

Демократияға бет бұрған елдер, соның ішінде, Қазақстан бұқаралық ақпарат құралдары үшін кәсіби, моральдық-этикалық нормалар тұрғысынан ұқсас қиындықтарға тап болады. Бір жағынан, кейбір журналистер сөз бостандығы құқығын пайдалануда, псевдо-сенсациялық, шектеусіз, тексерілмеген және ашық түрде жала жабатын материалдарды жариялауда тым ерсі. Екінші жағынан, мемлекет пен оның соттары кейде мұндай көріністерге шектен тыс әсер етеді, тіпті, сөз бостандығын қорғаудың қандай халықаралық стандарттары қолданылатынын және қандай заңды шектеулерге ұшырауы мүмкін екенін ажыратпай, оларды өз пайдасына айналдырады.

Уақыт ең жақсы емші деп бекер айтпаған. Егер алдымен, қалың қауым газеттердегі сенсациялық немесе арандатушылық материалдарға қатты қуанып жатса, уақыт өте келе зиянды қызығушылық азайып, оқырмандар байыпты басылымдар мен сары баспасөз арасындағы айырмашылықты түсінеді. Кез келген демократиялық елдің таблоидтық басылымдарға деген сұранысы бар, бірақ олар ақпарат алу үшін емес, ойын-сауық үшін оқылады, ал олар ұсынған қауіп-қатерлер сөз бостандығына кедергі жасау үшін өте маңызды емес. Сонымен қатар, ешқандай басылымға азғындық әрекетке баруға немесе кәсіби емес материалдарды жариялауға кепілдік берілмейді және журналистердің қандай-да бір

қадағалауы қоғам игілігінде болуы мүмкін. Мәселен, мемлекеттік органдарда кәсіби стандарттарды өз бетінше қамтамасыз ету мүмкіндігі жетіспейді [22].

Журналистердің кәсіби іс-әрекеттерін бақылау дәрежесі олардың жаңалықтар деп санайтын материалдарды таңдаудағы және сюжеттеріндегі кейбір аспектілерді атап көрсететін еркіндігін қамтиды. Бұл бақылау процесінде журналистердің кәсіби санасының негізгі ерекшелігі, яғни, кәсіби және қоғамдық дискурста көрнекті орын алатын автономия жүзеге асырылады. Журналистер бүкіл әлем бойынша редакторлық автономияны мемлекеттік және басқа формалардан қорғану ретінде қолдайды [23]. Тығырықтан шығудың жолын іздеу үшін көптеген елдердің журналистері мен баспасөз органдары БАҚ-ты өздері реттеуге міндеттенді. Шындығында, олар мемлекеттік реттеудің қажеттілігін болжай отырып, стандартты көтеруге және кәсіби емес және жай орынсыз есеп беру жағдайларына жауап беруге құқығы бар мемлекеттік емес субъектілерді құрды. Әдетте, мұндай кеңестер стандарттарды, этикалық және кәсіби мінез-құлық кодексін қабылдау, журналистер мен қарапайым халық үшін кодекстер бойынша оқыту іс-шараларын өткізу және азаматтардан келіп түскен шағымдарды қарау сияқты мәселелерді жүзеге асырады. Журналистердің редакторлық дербестігін салыстырмалы түрде түсіну журналистика үшін мамандық ретінде де, журналистиканың қоғамға қандай үлес қосатынын түсіну үшін де маңызды.

Бірқатар елдердің осындай озық тәжірибелерін өз пайдасына асыру ерсі көрінеді. Яғни, өзін-өзі реттейтін органдар құруды талап ететін нормативтік құқықтық актілерді қабылдау және осы органдар қабылдаған этикалық нормаларды бұзған жағдайда журналистерді қылмыстық қудалаумен қорқыту арқылы ұсыныстарды орындауға тырысқан. Мемлекеттің «ұсынысы бойынша» жүзеге асырылатын кез келген реттеу өзін-өзі реттеу емес және соның салдарынан мемлекет тікелей жүзеге асыра-

тын реттеу сияқты теріс қылықтарға толы болатыны анық.

Осыған қарамастан, мемлекет БАҚ-тың өзін-өзі реттеуін дамытуға ақылмен ықпал ете алады. Мысалы, ұлттық соттарға жала жабу туралы істер бойынша шешім дайындау кезінде баспасөздің өзін-өзі реттейтін органдарының көзқарасын ескеруі мүмкін: егер бұған дейін баспасөзде бас тарту туралы ұсыныс пен жауап мәлімдемесін орындаған болса, онда ол жәбірленушіге аз өтемақы төлейді. Баспасөз кеңесіне баспа басылымына қатысты кез келген заңнамалық бастамаға түсініктеме беру құқығы берілуі мүмкін [24].

Осы орайда бірнеше елдің практикалық тәжірибесін салыстырмалы талдау барысында өзін-өзі реттеу тетіктеріне шолу жасаймыз:

- Өзін-өзі реттеу жүйесі барлық БАҚ мүмкіндігінше кең қамтуы керек.
- Өзін-өзі реттейтін орган мүдделі тараптармен, атап айтқанда, басқа кәсіби қауымдастықтармен, журналистер одақтарымен және қауымдастықтарымен келісе отырып, бірыңғай ұлттық емес кәсіби этикалық кодексті әзірлеуге ұмтылуы керек. Кәсіби этика кодексі кем дегенде мыналарды қамтуы керек:
  - Халықтың ақпарат алу құқығын құрметтеу;
  - Жаңалықтарды жинау және тарату дәлдігі;
  - Ақпаратты, фотосуреттерді және құжаттарды алу тәсілдерінің адалдығы;
  - Халықтың осал топтарына деген сыйпаылық - мысалы, балалар немесе қылмыстың құрбандары;
  - Нәсіліне, ұлтына, дініне, жынысына және жыныстық бағдарына байланысты кемсітуге жол берілмейді;
  - Қылмыстық процесті қарау кезінде кінәсіздік презумпциясы қағидатын сақтау;
  - Құпия көздерді қорғау;
  - Бұрын жарияланған дұрыс емес немесе зақымдайтын ақпаратты жедел түзету.
  - Талап қою органының құрамы өте мұқият анықталуы қажет. Өздерін жақсы

жағынан көрсете білген бұл органдардың көпшілігі қоғам өкілдерінің, БАҚ иелері мен журналистердің кең шеңберін ұсынуы тиіс.

- Шағымдар жөніндегі орган ашық рәсіммен келіп түскен шағымдар бойынша жедел және еркін шешім қабылдауы керек. Барлық тараптарға өз ұстанымдарын айтуға мүмкіндік беру керек, бірақ процестің өзі тым күрделі және бюрократиялық ауыртпалыққа айналмауы керек.

- Ең дұрысы, өзін-өзі реттейтін органды баспа құралдарының секторы қаржыландырады және оның бюджеті жыл сайын шығарылып ашық қолданыста болуы тиіс [22].

**Қорытынды.** Мемлекет дамудың демократиялық жолын таңдаған болса, бірінші кезекте бұқаралық ақпарат құралдарын өз меншігінен шығаруы қажет. Мемлекеттік монополия плюрализмді қамтамасыз етудің барлық құралдарынан сөз бостандығына үлкен шектеулер қояды, ұлттық арналар арқылы хабар таратуды жалғыз мүмкіндік ретінде қолданады. ...Басқа шектеулі шаралар жоқ деп айтуға негіз жоқ; Мысал ретінде кейбір мемлекеттердің лицензия беретін бағдарламалардың мазмұны әртүрлі болған жағдайда немесе ұлттық компанияның қызметіне жеке тұлғалардың қатысу нысандарын көздейтін практикасына сілтеме жасау жеткілікті. Демек, эфирге мемлекеттік монополия «демократиялық мемлекетте қажет емес» болды [25].

Жалпы, журналистика дербестігінің тәуелсіз баспасөздің өзекті проблемаларын жан-жақты белсенді зерртеп, талқылап, тұжырымдаудың мәні оның жетік түсінуге, демократиялық үрдіске сай шешім қабылдауға, өмірде толық жүзеге асыруға зор үлес қосатындығында. Әлемнің көптеген елдеріне ортақ журналистика дербестігінің стандарты іспетті ұғым бар. Ол – журналистикада дерек пен көзқарастың әртүрлі тәсілмен берілуі және іс-қызмет бостандығы нормасының аясы мейлінше кең болуы. Адамдар мемлекет ретінде бір қоғамда шоғырланғаннан кейін ғана құқықтық тұрғыдан тепе-теңдікке ие болады.



## Әдебиеттер тізімі

1. Onuma Y. Eurocentrism in the History of International Law. – Oxford: Clarendon Press, - 1993. - 275 p.
2. Конференция Объединённых наций в Сан-Франциско. [Электрон. ресурс] – URL: <https://ivgrpu.com/pobeda/almanac/konferentciia-obedinennykh-nacii.html> (Дата обращения: 05.01.2021)
3. Резолюция Генеральной Ассамблеи ООН 217А(III), 10 декабря 1948 г. [Электрон. ресурс]. - URL: <https://documents-dds-ny.un.org/doc/RESOLUTION/GEN/NR0/045/84/IMG/NR004584.pdf?OpenElement> (Дата обращения: 05.01.2021)
4. Резолюция Генеральной Ассамблеи 2200А (XXI), 16 декабря 1966 г., вступила в силу 3 января 1976 г. [Электрон. ресурс]. - URL: <https://documents-ddsny.un.org/doc/RESOLUTION/GEN/NL6/600/01/IMG/NL660001.pdf?OpenElement> (Дата обращения: 05.01.2021)
5. Закон Республики Казахстан от 23 июля 1999 года №451-І. [Электрон. ресурс]. - URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_) (Дата обращения: 05.01.2021)
6. Офис Верховного комиссара ООН по правам человека [Электрон. ресурс]. - URL: <http://www.ohchr.org/EN/ProfessionalInterest/Pages/CCPR.aspx> (Дата обращения: 06.01.2021)
7. 2020 World press freedom index [Электрон. ресурс]. - URL: <https://rsf.org/en/ranking> (Дата обращения: 08.03.2021)
8. Милль Дж. О свободе / Пер. с англ. А. Фридмана // Наука и жизнь. - 1993. - №11. - С. 13.
9. Решение по делу Handyside v. the United Kingdom, 7 декабря 1976 г., по Заявлению No. 5493/72, п. 49.
10. Закон Республики Казахстан от 23 июля 1999 года №451-І. [Электрон. ресурс]. - URL: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_) (Дата обращения: 06.01.2021)
11. Закон Республики Казахстан от 2 июля 2018 года №170-VI ЗПК. [Электрон. ресурс]. - URL: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000170#49> (Дата обращения: 07.01.2021)
12. Tae-Hoon Park v. [Электрон. ресурс] - URL: <http://www.medialaw.ru/article10/6/2/52.htm> (Дата обращения: 07.01.2021)
13. Litschka M. The Political Economy of Media Capabilities: The Capability Approach in Media Policy. [Электрон. ресурс] - URL: <https://www.jstor.org/stable/10.5325/jinforoli.9.2019.0063>. (Дата обращения: 08.03.2021)
14. Handyside v. the United Kingdom, [Электрон. ресурс] - URL: <http://www.medialaw.ru/article10/6/2/52.htm> (Дата обращения: 07.01.2021)
15. Thorgeirson v. Iceland [Электрон. ресурс] - URL: <http://www.medialaw.ru/article10/6/2/25.htm> (Дата обращения: 08.01.2021)
16. Castells v. Spain. 24 April 1992 [Электрон. ресурс] - URL: <http://www.medialaw.ru/article10/6/2/11.htm> (Дата обращения: 07.01.2021)
17. Замечание общего порядка №25 Комитета Организации Объединённых Наций по правам человека, 12 июля 1996 года. [Электрон. ресурс]. - URL: <https://www.equalrightstrust.org/ertdocumentbank/general%20comment%2025.pdf> (Дата обращения: 07.01.2021)
18. Compulsory Membership in an Association Prescribed by Law for the Practice of Journalism, Advisory Opinion OC- 5/85 of 13 November 1985, Series A, No. 5, - P. 34.
19. Статья 10. Свобода выражения мнения. [Электрон. ресурс]. - URL: <http://base.garant.ru/2540800/3d3a9e2eb4f30c73ea6671464e2a54b5/> (Дата обращения: 09.01.2021)
20. Castells v. Spain, note 25, para. 43. [Электрон. ресурс] - URL: <http://www.medialaw.ru/article10/6/index.htm#2> (Дата обращения: 09.01.2021)
21. Қазақ журналистикасы. Қазақ баспасөзі. 1-том. - Алматы: Таймас, 2008, - 79 б.
22. Саморегулирование как альтернативная модель // Пособие по свободе слова для стран Центральной Азии: - Лондон, - Март 2007. – С. 113-117.
23. Editorial autonomy: Journalists' Perceptions of Their Freedom.» In Worlds of Journalism: Journalistic Cultures Around the Globe [Электрон. ресурс] - URL: <https://www.jstor.org/stable/10.7312/hani18642.9>. (Дата обращения: 08.03.2021)

24. Декларация принципов свободы слова в Африке, Принцип IX. [Электрон. ресурс]. - URL: [https://ru.wikipedia.org/wiki/Свобода\\_слова](https://ru.wikipedia.org/wiki/Свобода_слова) (Дата обращения: 09.01.2021)
25. Обращение в Европейский Суд по правам человека. - Москва: МООПЦ «Мемориал», - 2006. – 528 с.

**С.Б. Рыскельдинова, К.О. Сак**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Свобода слова – главное условие демократии**

**Аннотация.** Казахстанские СМИ испытывают трудности, унаследованные от советской медийной системы. В результате все еще видны остатки прежних структур, которые препятствуют и ограничивают независимую журналистику. Этот вопрос актуален при изучении текущего состояния независимости СМИ. В этом контексте основная идея автора статьи заключается в том, что осуществление свободы слова и журналистской независимости являются необходимой предпосылкой для развития демократии и других прав граждан. Если государство не допускает открытого и справедливого соревнования различных идей о том, как управлять страной, нет никаких гарантий, что сильные идеи, поддерживаемые демократическим большинством, возьмут верх. В то же время ограничение потока информации, предотвращение независимости журналистики - ведут к нарушениям прав человека.

Авторы рассматривают истинное содержание свободы слова в международном праве, приводят примеры передовой практики в других странах и регионах, а также представляют концепции, разработанные ведущими международными и общественными организациями, а также экспертами со всего мира.

**Ключевые слова:** СМИ, свобода слова, независимость журналистов, демократия, открытое общество, международное право, права человека.

**S.B. Ryskeldinova, K.O. Sak**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **Freedom of speech as a key condition for democracy**

**Abstract.** Kazakh media are experiencing difficulties inherited from the Soviet media system. As a result, remnants of the old structures that hinder and restrict independent journalism are still visible. This question is relevant when studying the current state of media independence. In this context, the authors' main idea of the author of the article is that the exercise of freedom of speech and journalistic independence is a prerequisite for the development of democracy and other rights of citizens. If the state does not allow open and fair competition among different ideas about how to govern the country, there is no guarantee that strong ideas supported by a democratic majority will prevail. At the same time, restricting the flow of information, preventing the independence of journalism - leads to violations of human rights.

The authors examine the true content of freedom of speech in international law, provide examples of best practices in other countries and regions, and present concepts developed by leading international and public organizations, as well as experts from around the world.

**Keywords:** media, freedom of speech, independence of journalists, democracy, open society, international law, human rights.

### **References**

1. Onuma Y. Eurocentrism in the History of International Law. (Clarendon Press, Oxford, 1993, 275 p.).
2. Konferentsiya Obedinennykh natsii v San-Frantsisko [United Nations Conference in San Francisco] [Electronic resource] Available at: <https://ivgpu.com/pobeda/almanac/konferentsiia-obedinennykh-natsii.html> (Accessed: 05.01.2021)

3. Rezoliutsiia Generalnoi Assamblei OON [UN General Assembly Resolution 217A (III), December 10, 1948] [Electronic resource] Available at: <https://documents-dds-ny.un.org/doc/RESOLUTION/GEN/NR0/045/84/IMG/NR004584.pdf?OpenElement> (Accessed: 05.01.2021)
4. Rezoliutsiia Generalnoi Assamblei 2200A (XXI), 16 dekabria 1966 g., vstupila v silu 3 ianvaria 1976 g. [General Assembly resolution 2200A (XXI), December 16, 1966, entered into force January 3, 1976.] [Electronic resource] Available at: <https://documents-dds-ny.un.org/doc/RESOLUTION/GEN/NL6/600/01/IMG/NL660001.pdf?OpenElement> (Accessed: 05.01.2021)
5. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 23 iuliya 1999 goda № 451-I. [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 23, 1999 No. 451-I.] [Electronic resource] Available at: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_) (Accessed: 05.01.2021)
6. Offis Verhovnogokomissara OON po pravam cheloveka [Office of the United Nations High Commissioner for Human Rights]. [Electronic resource] Available at: <http://www.ohchr.org/EN/ProfessionalInterest/Pages/CCPR.aspx> (Accessed: 05.01.2021)
7. 2020 World press freedom index [Electronic resource] Available at: <https://rsf.org/en/ranking> (Accessed: 08.03.2021)
8. Mill Dzh. O svobode [About freedom] / Per. s angl. A. Fridmana, Nauka i zhizn [Science and life] 1993. №11. P. 13.
9. Reshenie po delu Handy-side v. the United Kingdom, [Decision of the case Handyside v. the United Kingdom] 7 dekabria 1976 g., po Zaiavleniiu No. 5493/72, - P. 49.
10. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 23 iuliya 1999 goda №451-I. [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 23, 1999 No. 451-I.] [Electronic resource] Available at: [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000451_) (Accessed: 06.01.2021)
11. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 2 iuliya 2018 goda № 170-VI ZRK. [Law of the Republic of Kazakhstan dated July 2, 2018 No. 170-VI 3PK] [Electronic resource] Available at: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000170#49> (Accessed: 07.01.2021)
As an example, there is considered experience of Qatar state in the creation of the Al-Jazeera TV channel, which has become the pioneer of a new formation of visual media for the Middle East. As a result, there have been identified elements of similarity of the information environment in Qatar and Kazakhstan and the possibility of creating «Al-Jazeera», proceeding from the realities of the political situation in our country.

**Keywords:** control of society, level of press freedom, theories and models of the media, principles of pluralism, media and power, crisis of mistrust, Al-Jazeera.

### **References**

1. Orwell G. Nineteen Eighty-Four. (Secker & Warburg, London, 1949, 328 p.).
2. Makliuen M. Ponimanie Media: Vneshniye rasshireniya cheloveka [Understanding Media: The Extensions of Man] (Moscow, Canon-Press-Ts, 2003, 464. p.). [in Russian]
3. Meyrowitz J. No sense of place: the impact of electronic media on social behavior. - New York: Oxford University Press, 1986. – 46 p.
4. Kriesi H. Transnational Trends in Political Communication: Conventional Views and New Realities. - Cambridge, University Press, 2004. – 12 p.
5. McCombs M. E. Setting the Agenda: The Mass Media and Public Opinion. / Polity Media, Cambridge, 2004. – P.12.
6. Kaparini M. Mass media, sector bezopastnosti i upravlenia [Mass media, security and management sector] [Electronic resource] Available at: <https://www.twirpx.com/file/1682785/> (Accessed: 20.01.2020).
7. Siebert S., Schramm W., Peterson T. Chetyre teorii pressy [Four theories of the press]. (Moscow, Izdatelstvo Moskovskogo universiteta, 1998, 223 p.). [in Russian]
8. Hallin D., Mancini P. Comparing Media Systems: Three models of media and politics. - University of California Universit`a di Perugia. – P.13
9. Nurtazina R.A. Respublika Kazakhstan: SMI i politika [Republic of Kazakhstan: Mass Media and Politics]. (Almaty, Aziya Print, 2011, 400 p.). [in Russian]
10. Shibutov M., Shibutova L. Komu na samom dele prinodlezhat SMI Kazakhstana [Who really owns the media in Kazakhstan]. [Electronic resource] Available at: <https://camonitor.kz/26896-komu-na-samom-dele-prinadlezhat-smi-kazahstana.html> (Accessed: 20.01.2020). [in Russian]
11. Konstitutia Respubliki Kazakhstan [Constitution of the Republic of Kazakhstan Section II. A person and a citizen. Article 20, paragraph 2.]. [in Russian]
12. Informatsionnaya provovaia sistema normativnyh provovyh aktov Respubliki Kazakhstan [Information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan] Available at: [http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000451\\_](http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000451_) (Accessed: 20.01.2020). [in Russian]

13. Kudriashova O. Kak novye popravki v zakon o smi ogranichivayut svobodu kazakhstanskikh jurnalistov [How New Amendments to the Law on Mass Media Restrict the Freedom of Kazakh Journalists] [Electronic resource] Available at: <https://kursiv.kz/news/obschestvo/2018-01/kak-novye-popravki-v-zakon-o-smi-ogranichivayut-svobodu-kazakhstanskikh> (Accessed: 20.01.2020). [in Russian]
14. Pechatnov V.O. Gamilton i Djefferson [Hamilton and Jefferson] (Moscow, Mejdunarodnye otnosheniya, 1984, 336 p.). [in Russian]
15. Grabelnikov A.A., Mambetova I.K. Svoboda slova i bezopastnost jurnalistov kak aktualnye problem SMI Kazakstana [Freedom of Speech and Safety of Journalists as Pressing Issues of Mass Media in Kazakhstan] [Electronic resource] Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/svoboda-slova-i-bezopasnost-zhurnalistov-kak-aktualnye-problemy-smi-kazahstana/viewer> (Accessed: 20.01.2020). [in Russian]
16. Poslanie Prezidenta Respubliki Kazakhstan N.A. Nazarbayeva narodu Kazakhstana [Message from the President of the Republic of Kazakhstan to the people of Kazakhstan] [Electronic resource] Available at: <https://primeminister.kz/assets/media/strategiya-kazakhstan-2050.pdf> (Accessed: 15.01.2021). [in Russian]
17. Zakon Kazakhskoi SSR ot 28 iunia 1991 g. № 735-XII O pechati i drugih sredstvah massovyi informatsii [Law of the Kazakh SSR of June 28, 1991 No. 735-XII On the press and other media] [Electronic resource] Available at: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1000627](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1000627) (Accessed: 15.01.2021). [in Russian]
18. Syzdykbekova M. Chto ne tak s goszakazom v SMI? [What's wrong with government orders in the media?] [Electronic resource] Available at: <https://vlast.kz/obschestvo/31155-cto-ne-tak-s-goszakazom-v-smi.html> (Accessed: 23.01.2020). [in Russian]
19. Marinin S. Konkurentosposobnoe televidenie kak faktor informatsionnoi bezopasnosti Kazakhstana: problem i poisk resheni. [Competitive TV as a Factor of Information Security in Kazakhstan: Problems and Search for Solutions] [Electronic resource] Available at: [https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/competitive\\_television.pdf](https://www.soros.kz/wp-content/uploads/2018/02/competitive_television.pdf) (Accessed: 23.01.2020). [in Russian]
20. Goncharova N. Kazakhstan ostalsia na prejnem meste v reitinge svobody pressy Reporyerov bez granits [Kazakhstan Remains Unchanged in Reporters Without Borders' Press Freedom Index]. [Electronic resource] Available at: <https://vlast.kz/novosti/32769-kazahstan-ostalsa-na-preznem-meste-v-rejtinge-svobody-pressy-reporterov-bez-granic.html> (Accessed: 24.01.2020). [in Russian]
21. Noelle-Neumann E. The Spiral of Silence — Our Social Skin. Chicago: University of Chicago Press, 1984. // rus. per.: Noelle-Neumann E. Obshestvennoe mnenie. Otkrytie spirali molchanie [rus. per.: Noel-Neuman E. Public opinion. Opening the spiral of silence.] (Moscow, Progress, 1996, – 155 p.). [in Russian]
22. Khrushchev N. O kulte lichnosti i ego posledstviyah [On the personality cult and its consequences]. [Electronic resource] Available at: <http://lib.ru/MEMUARY/HRUSHEW/kult.txt> (Accessed: 09.02.2020). [in Russian]
23. Description. [Electronic resource] Available at: <https://sat.tv/en/chaine/qatar-tv/> (Accessed: 12.12.2020)
24. History of Al-Jazeera. [Electronic resource] Available at: [http://www.allied-media.com/aljazeera/jazeera\\_history.html](http://www.allied-media.com/aljazeera/jazeera_history.html) (Accessed: 08.01.2021)
25. El-Nawawy M. & Gher, L.A., "Al-Jazeera: Bridging the East-West Gap through Public Discourse and Media Diplomacy." *Transnational Broadcasting Studies*, 2003; No. 10. (Spring/Summer).
26. Samuel-Azran T. "An Al-Jazeera Effect in the USA? A Review of the Evidence", *Global Media Journal - German Edition*, Autumn/Winter 2017; Vol. 7.
27. Miles H. *Al-Jazeera: The inside story of the Arab news channel that is challenging the West.* - New York: Grove Press, 2005. – 426 p.
28. Samuel-Azran T. "Al-Jazeera, Qatar, and New Tactics in State-sponsored Media Diplomacy", *American Behavioral Scientist* 2013, SAGE Publications. – P. 1298.
29. Rumsfeld blames Aljazeera over Iraq. [Electronic resource] Available at: <https://www.aljazeera.com/news/2005/6/4/rumsfeld-blames-aljazeera-over-iraq> (Accessed:12.12.2020)
30. Asisian N. The Qatar Crisis, its Regional Implications, and the US National Interest. [Electronic resource] Available at: [https://www.researchgate.net/publication/322961185\\_The\\_Qatar\\_Crisis\\_its\\_Regional\\_Implications\\_and\\_the\\_US\\_National\\_Interest](https://www.researchgate.net/publication/322961185_The_Qatar_Crisis_its_Regional_Implications_and_the_US_National_Interest) (Accessed: 08.11.2020)
31. Sadler P. *National Security and the D-Notice System.* Aldershot, UK and Burlington, - USA: Ashgate Dartmouth, 2001. – 254 p.

32. Piyat problem Kazakhstanskikh SMI [Five problems of the Kazakh media] [Electronic resource] Available at: <https://newreporter.org/2019/11/06/pyat-problem-kazaxstanskix-smi/> (Accessed: 05.01.2020). [in Russian]
33. Abdildin Zh., Abdildin R. Chokan Valikhanov – velili uchenyi i myslitel [Chokan Valikhanov is a great scientist and thinker] (Astana, Foliant, 2015, 192 p.). [in Russian]
34. Valikhanov Ch. Sobranie sochineni [Collected Works]. (Almaty, Izdatelstvo «Alatau», 2010, 432 p.). [in Russian]

**Сведения об авторах:**

**Утемисов Жанибек** – основной автор, докторант 2 курса факультета журналистики и политологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан.

**Кошкенов Нуржан** – докторант 2 курса факультета журналистики и политологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан.

**Utemissov Zhanibek** – **The main Author**, The 2nd year PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

**Koshkenov Nurzhan** – The 2nd year PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

А. Шурентаев<sup>1</sup>  
Қ. Кушкинбаева<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан  
(E-mail: shurentaev@mail.ru<sup>1</sup>, karliga85@mail.ru<sup>2</sup>)

## Абай шығармаларындағы заң және құқық тақырыптары

**Аңдатпа.** Мақалада хәкім Абай Құнанбайұлының заңға байланысты, құқықтық мәселелерге арналған шығармаларына жан-жақты ғылыми талдау жасалды. Оның шығармашылық мұрасы қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінің ең өткір мәселелерін қамтыған өлең, дастан, проза, ән-әуендерінен және аудармаларынан тұрады. Мақала авторы А. Құнанбайұлы өз еңбектерінде, ең алдымен, адам құқығын қорғау мәселесіне ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді. Абай Құнанбайұлы кезінде Төбе би болып сайланып, қазақтың алғашқы заң «Ережесін» жазды. «Ереженің» пайда болуы қазақ халқы үшін айтулы оқиға болды. Абайдың түйіндеуінше, «заң – әділдікке жеткізетін бейбітшілік пен тыныштықты сақтайтын тәртіптер мен нормалар жиынтығы». Негізі бұл – «заң» ұғымына берілген нақты анықтама. Аталған «Ереженің» бірқатар қағидалары ұлы ақынның «Қара сөздерінде» де түйінді мәселе ретінде алға тартылған.

Сонымен қатар, мақалада осы күндері хәкім Абай Құнанбайұлының жаңа шығармалары табылып, ғылыми айналымға енгізілуіне байланысты құқықтық мәселеге қатысты шығармашылығын әрі қарай белсенді түрде зерттеу қажеттілігі айқындалған.

**Түйін сөздер:** құқықтық журналистика, заң, құқық, тәртіп, әділдік, ереже, адам құқығы, Абайтану, құқықтық мемлекет.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-134-1-52-58>

Түсті: 12.11.20 / Қайта түзетілді: 24.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 17.03.21

**Кіріспе.** Кез келген бір ғылыми тақырыптың немесе қоғамдық құбылыстың мазмұнын жан-жақты қарастырудың бірден-бір әдісі – оның тарихи жолын зерделеу. Өткелдеріміздің тарихи тағылымдарын дәйектілікпен електеп, одан тиісті сабақ алмай, қоғамның алға басуы мүмкін емес.

Қазақ даласында құқықтық тақырыптың, түрлі заңнамалардың пайда болуы мен қалыптасуы белгілі бір идеялар мен принциптер арқылы айқындала отырып, нақты тарихи кезеңдерді қамтиды. Мұның өзі, сайып келгенде, ұлттардың өзін-өзі еркін билеу принципімен қоса, егеменді дербес мемлекет құру мәселесімен жалғасатындығын тарих беттері дәлелдеп берді. Тарихи кезеңнің бірі - Патша

өкіметінің Далалық өлкеге қызығушылығы елеулі түрде арта түсіп, ұлан-ғайыр өлкені Империяның басқарылатын шеткі аймағына айналдыру үшін басқару реформасын жүргізу жоспарын көтере бастаған кезең еді. Дәл осы тұста қазақ ағартушылары Шоқан Уәлиханов (1835-1865), Ыбырай Алтынсарин (1841-1889) және Абай Құнанбаевтың (1845-1904) қоғамдық саяси көзқарастары орыстың алдыңғы қатарлы революцияшыл демократтарының әсерімен қалыптасып, алғашқы құқықтық тақырыптағы публицистикалық шығармалары дүниеге келді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2020 жылдың 7 қазанында жарияланған «Абай аманаты» атты мақаласында «Абай Құнанбайұлы

тұлғасы да – сондай аралық кезеңнің жемісі. Ескінің соңы мен жаңаның басын жалғаған алтын көпір» [1], - деп хәкім Абай Құнанбайұлының өмір жолына, қазақ қоғамындағы рөліне тоқталып, оның әлеуметтік идеяларға толы шығармашылығын саралайды. Өйткені Абайдың шығармашылық мұралары қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінің ең өткір проблемаларын қамтыған өлең және прозамен қатар публицистикалық шығармалардан тұрады.

А. Байтұрсынұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны» мақаласында: «Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған» - деген болатын [2].

Кезінде Мұхтар Әуезов Абайтану мәселелеріне терең тоқталғанда ол туралы ізденуді талап ететін тақырыптардың ұшан-теңіз екенін дәлелдеп, болашақта жаңа мазмұнды зерттеулер туатынын көргендікпен жазған еді [3].

**Зерттеу әдістері.** Осыған орай Абайдың заңға байланысты, құқықтық мәселелерге арналған шығармалары терең зерттелмеген болатын. Кеңес Одағы кезінде бұл тақырыпқа алғаш қалам тартқандар қатарында Тайыр Құлтелеев [4] пен Айдарат Тәуекелов [5] болды. Бірақ оларға Абайдың заңға, құқыққа байланысты барлық пікірлерін талдауға мүмкіндік болмады. Тәуелсіздік алған жылдары осы олқылықтың орнын толтыратын заман келді. Қазақ елінің әдеттегі құқықтық жүйесіне реформаторлық өзгеріс енгізген ғұлама Абайдың заңгерлік қасиеттеріне зерттеушілік зейінін аударған ғалымдардың бірі – Сәкен Өзбекұлы Созақбаев. Ол «Абай және адам құқы» [6] ғылыми еңбегінде Абайдың шығармаларындағы құқықтық мемлекет идеясының ең өзекті мәселелерінің бірі адам құқығына қатысты мәселеге ерекше назар аударады.

Абай демократиялық жүйедегі мемлекеттерде, ең алдымен, адам құқығының аяққа тапталмауын талап етеді. Оның ойынша, им-

периялық, отарлық саясаттың тікелей әсерінен «бөліп ал да, билей бер» принциптерін іс жүзіне асыруда орыс мемлекетінің халқы арасына іріткі салып, партия-партияға бөлу салдарынан заңсыздыққа, құқық нормаларын өрескел бұрмалаушылыққа жол берілуінің салдарынан адам құқын аяққа таптау, ешбір күнәсі жоқ адамдарды жауапқа тарту – барып тұрған бассыздық [6, 11 б.].

Сонымен қатар, Абай Құнанбайұлының кезінде Төбе би болып сайланып, құқықтық саласында атқарған елеулі еңбектері жайында ақпарат көпшілікке мәлім. Бұл жайында белгілі ақын, жазушы Ө. Ақыпбекұлының «Қара қылды қақ жарған» монографиясында мынадай деректер келтіріледі: «Ұлы ақын Абай Құнанбаев дана да, дара ойшыл, ақиқатын бір ауыз сөзге сыйғызған әділетті би болуымен бірге, қазақ сахарасында алғашқы заң ережелерінің дүниеге келуіне де айрықша ықпал еткен адам. Ол жазған «Ереже» - XIX ғасырдың аяқ кезінде, яғни 1886 жылы Қазан университетінің баспаханасында мұқият түптелген кітапша түрінде араб қаріпімен басылып шықты. Халқымыздың тұңғыш тасқа басылған құқықтық құжаты – «Ереже» туралы мағлұматтар мұрағат қорларынан молынан кездеседі» [7, 167 б.].

Жалпы «Ереженің» пайда болуы қазақ халқы үшін айтулы оқиға болды.

«Абайдың түйіндеуінше, заң - әділдікке жеткізетін бейбітшілік пен тыныштықты сақтайтын тәртіптер мен нормалар жиынтығы. «Ережеде» осы қағидалар берік ұстанылған. Осы төтенше съез Абай Құнанбайұлын төраға - «Төбе билікке» сайлағаны туралы да дерек бар» [7, 167 б.].

**Талқылау.** 2019 жылдың маусым айында Семейдегі Абай музейінің қызметкерлері Татарстанның Қазан федералдық университетіне қарасты Лобачевский атындағы кітапханадан 1885 жылы бұрынғы Семей облысы Шар өңірінде Абай Құнанбайұлының басшылығымен жазылған «Қарамола Ережесінің» арнайы жинақ ретінде жарық көрген түпнұсқасын тапқандықтарын және көшірмесін музей қорына әкелгендіктерін сүйіншілей хабарлаған болатын.

Ал желтоқсан айында «Егемен Қазақстан» газетінде Өскемендегі Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Мұхтар Төлеген Абай атамыздың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында ақынның құнды құжаты Татарстандағы әріптестерімізден бір-екі айға сұрап, заң жинағының түпнұсқасы елге әкелінетіні айтылған.

Бір ғажабы, бұл еңбек 74 баптан тұрады, Абай атамыз мұны 3 күнде жазып шыққан деген деректер бар. Алдағы уақытта «Қарамола Ережесін» аударып, кирилл қарпіне түсіріп, кітап қылып шығармақ ойымыз бар» - дейді университет ректоры [8].

Сонымен қатар, 2019 жылы абайтанушы ғалым Асан Омаровтың «Абай жаңаша үлгідегі басылым» атты 2 томдық кітабы шықты. Жинақтың басты ерекшелігі – Абай шығармаларының қайсысы қай жылы жазылғаны нақты деректермен дәлелденіп, жазылған. Осы кезге дейін Абайдың өлеңдерінің ұзын-саны 170-тен астам деп көрсетілсе, абайтанушы Асан Омаров шығармалардың нақты саны 195 екенін дәлелдеген. Ғалым Асан Омаров ақынның шығармаларын қайта жаңғыртты. Соның бірі – «Жаңа закон» өлеңі. Бұл шығарма Абайдың қазақ халқына жаңа закон (арабша - низам) әкелген зардаптар туралы көлемді өлеңі (34 шумақ). Ешбір Абай жинағында жарияланбаған. Алғаш рет «Жалын» журналы (1971, №4) бетінде үш шумаққа қысқартылып басылған. Өлеңді 1970-жылдардың басында тауып алған, алғашқы пікірді айтқан да – академик Әлкей Марғұлан [9].

«Архив шаңына 85 жыл көмілген шығарма Абайдікі деп Әлекең бірден-ақ айтқан. Бірақ қасаң саяси көзқарас, советтік ойлау жүйесі өлеңді Абай жинағына жолатпаған. Өстіп, ұмытылған» [10], - дей келе А. Омаров бұл шығарма архив сөресіне қайта кетіп қалмау мақсатында нақты Абайдікі екендігін дәлелдеп, өз жинағына енгізеді.

Ол дүниені көріп қана, көргенін сол қалпында ғана сипаттап қоймайды; ол әр көрініске сынай қарап, сол көріністен неге күйіне, неге сүйіне қарайтынын айтады және ол жай ғана күйініп, сүйініп қоймайды, сол күйіндіретін, сүйіндіретін көріністің не себепті күй-

індіретінін, не себепті сүйіндіретінін, сырын ақтарады, әрі құр ақтарумен ғана қанағаттанбайды, сол көріністің дұрыс я бұрыстығына өз пікірін айтып, өзінше қалай болса дұрыс болар еді деген қорытындысын да оқушы көпшіліктің алдына салып отырады [11].

Абайдың жазбаларынан оның орыс тіліне сауаттылығымен қатар, сол заманғы әлеуметтік тәртіп, әкімшілік пен заң негіздерінен де мол хабардар екендігі байқалады.

Мәселен, ақынның «Сенатқа хатындағы» әлеуметтік тәртіп мәселелері жөніндегі қадап айтқан ойлары – оның әкімшілік пен заң негіздерін де жақсы білгендігін, сондықтан да әділдікке заң жүзінде қол жеткізуді басты мақсат санайтындығын да көрсетеді. Сонымен бірге, ақынның дүниетанымын, әлеуметтік, саяси, философиялық, адамгершілік көзқарастары мен ұстанымдарын да осы хаттан анық аңғаруға болады [12].

Хатта Абайға қатысты бір оқиға сөз болады. Соған араласушы адамдар, олардың сол тұстағы әрекеттері баяндалады. Абай сойыл-шоқпардың адамы емес, ой мен ақылдың адамы. Осынау кикілжің қырқыстың барысында да оның кісілігі, оқшау даналығы қапысыз қылаң береді. Ұлықтық бәсеке, бақталастық ойран үстінде содыр шонжарлар оны қайткенде еңсесін басып, съезден аулақтату ниетімен соққыға жығып, қамшымен сабадай бастағанда Уәйіс Сокин дейтін азамат Абайдың үстіне өзі жата қалып, өз денесімен оның денесін қалқалап қалады. Халқымыздың қысас қиянатқа, озбыр өктемдікке қасқая қарсы тұрған бұла мінезі кезінде осылай бой көрсеткен.

«Бірнеше жыл бойы сергелдеңге түскен іс сенат кеңсесінде бір жылға жуық мерзім егжей-тегжейлі қаралғаннан кейін, ақыры шағым иесінің талабы қанағаттандырылып, Семей әкімшілік орындарының бұрынғы шешімдері бүтіндей бұзылған, іс қайта қайта қаралған. Абайдың осы хатты жазудағы жазу стилі бүгінгі құқықтық журналистиканың бастауындай әсер етеді», - дейді зерттеуші Серік Жұмабекұлы.

Хаттың орыс тілінде сауатты, маржандай тізіліп жазылған қолжазбасының көлемі – 30 бет. Хаттың қазақ тіліндегі нұсқасы «Білім

және еңбек» журналында (1985, №8) жарияланған, түпнұсқасы Санкт-Петербургтегі мемлекеттік тарихи мұрағатында, көшірмесі Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық мұрағат қорында сақталуда.

Сонымен қатар, Абайдың «Қарамола», яки «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесінде» қазақ қауымының «Жарғылары» мен «Ережелерінде» бұрын-сонды болмаған тәртіптік жазалар енгізілген. Мәселен, сөз етіп отырған «Ережеде»: «абақтыға отырғызу», «дүре соғу» немесе «теңгедей айып салу» сияқты тәртіптік жазалар атап көрсетілген [7, 173 б.].

Аталған «Ереженің» бірқатар қағидалары ұлы ақынның «Қара сөздерінде» де түйінді мәселе етіліп алға тартылады. Бұл тұрғыдан алғанда, әсіресе, «Үшінші қара сөзінің» мәні айрықша, тіпті, онда көтерілген бірқатар мәселелердің бүгінгі күні де өз маңызын жоймағандығын аңғаруға болар еді.

Абайдың осы «Үшінші сөздегі» болыстарды сайламай, жоғарғы жақтан тағайындау жөніндегі ұсынысы, оның демократияға қарсылығы немесе патша бишікештеріне жақсы көріну ниетінен емес, қайта сайлау өткізіп, елді дүрліктіріп, ру-рудың ара жігін ашып, құтын қашырмай, ояздардың өзінің сенімді адамдарын болыстыққа тағайындауының тиімдірек екендігін, ол қазақтар арасында пара беріп, шапқылауды, жақсы адамды күстаналап жала жабуды тыяды деп сенді. Себебі билік дегенің әрбір сайлаған адамның қолынан келмейді. Оның үстіне билікке ұмтылған қазақ жастары, ендігі жерде бос сабылып жүрмей, кәсіп қуып, оқу, өнегеге бет бұрады деп ойлады [7, 180-181 бб.].

**Нәтижелер.** Сонымен қатар, Абай құқықтық мемлекетте заңның үстемдігін қоғамның барлық саласында арттыруды, заңның күшімен, тиімділігімен демократияны,

билік жүргізуді жетілдіруді және мемлекет органдарының жеке адам, жалпы халық алдында жауаптылығын талап етеді. Құқықтық мемлекеттің принциптеріне сай келетін Абай идеяларының құндылығын «Отыз жетінші сөзінде»: «Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» деген пікірінен аңғарамыз [7, 9 б.].

Ұлы ойшылдың «Қырық бесінші сөзінде» де адамшылықтың алды сүйіспеншілік пен әділет сөздерінің мағынасын ашып көрсетуге арналған.

«Әділет пен сүйіспеншілік сезім кімде көбірек болса, ол кісі – ғалым, сол ақиқат. Біз ойымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезінеміз, көзбен көріп, ақылмен біліп» - деп, әлеуметтік ойын қорытқан ойшыл, саясаткер, ғаламдық ұстаз, тәрбиеші, ғалым Абай тағы да оқырманның назарын ақиқатқа аударды. Ақиқатсыз ғылымның болмайтыны оның бүкіл әлеуметтік шығармасының өзегіне алынған [13].

**Қорытынды.** Өткен жылы қазақ халқының ұлы ақыны, хәкім Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтті. Атаулы мерекеге орай ақпарат кеңістігіне «Ақыл ойдың айнасы» деген ұранмен жол тартқан «Abai tv» телеарнасы ашылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен «10 тамыз Абай күні» болып белгіленді. Абайға қандай құрмет көрсетсек те артық етпейді. Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: «Абай мұрасы – біздің ұлт болып бірлесуімізге, ел болып дамуымызға жол ашатын қастерлі құндылық. Жалпы, өмірдің қай саласында да Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, ел ретінде еңселенеміз, мемлекет ретінде мұратқа жетеміз» [14] сөзімен түйіндеуге болады.

## Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абай аманаты» мақаласы [Электрон. ресурc] - URL: <https://elbasy.kz/kk/news/2020-10/kazakhstan-respublikasynuntungysh-prezidenti-elbasy-nursultan-nazarbaevtyn-abay> (Қаралған күні: 10.10.2020)

2. «Қазақ» газеті / Құраст.: Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Сахов. Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. – 560 б.
3. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Жазушы, 1969. – 323 б.
4. Култелеев Т. Вопросы казахского обычного права в романе М. Ауезова «Абай». / Вестник АН КазССР, - 1950. - №9. - С. 99-110.
5. Таукелов А.Н. Политические взгляды казахского просветителя Абая Кунанбаева. – Ученые записки КазГУ. Т. 29, - Алматы, 1960. - С. 91-107.
6. Өзбекұлы С. Абай және адам құқы. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 112 б.
7. Ақыпбекұлы Ө. Қара қылды қақ жарған... Монография. – Астана, 2006. – 235 б.
8. Қасым А. Ұлы Абай жазған заң жинағының түпнұсқасы Шығыс Қазақстанға әкелінеді [Электрон. ресурс] - URL: <https://egemen.kz/article/215899-uly-abay-dgazghan-zanh-dginaghynynh-tupnusqasy-shyghys-qazaqstangha-akelinedi?fbclid=IwAR1ce0vtvNLja0oKdgu8ETMJbnkLTncqIKiqUtrUZ9FhXnXzQRtWGr1oyQI> (Қаралған күні: 25.08.2020)
9. Омаров А. Абайдың ұмыт болған «Жаңа закон» атты өлеңі хақында. [Электрон. ресурс] - URL: <https://abai.kz/post/86637> (Қаралған күні: 12.10.2020)
10. Омаров А. «Жаңа закон» өлеңі – анық Абайдікі. [Электрон. ресурс] - URL: <https://abai.kz/post/111716> (Қаралған күні: 12.10.2020)
11. Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар: Ш.Уәлиханов пен А.Құнанбаевтың өмірі мен творчествосы туралы. – Алматы: Мектеп, 1964. – 352 б.
12. Абай. Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 1995. – 515 б.
13. Әбсаттаров Р.Б., Қалдыбаева Т.Ж. Абайдың қара сөздеріндегі әлеуметтік мәселелер және олардың тарихи-тәрбиелік мәні. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Әлеуметтану және саяси ғылымдар сериясы. -№4(44). – Алматы, 2013. – 32-52 бб.
14. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы [Электрон. ресурс] - URL: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy> (Қаралған күні: 10.10.2020)

#### А. Шурентаев, К. Кушкинбаева

*Костанайский региональный университет им. А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан*

#### Темы закона и права в творчестве Абая Кунанбаева

**Аннотация.** Статья представляет собой научный анализ произведений великого мыслителя Абая Кунанбаева в контексте аспектов права и законности. Утверждается, что в его творчестве представлены стихотворения, былины, песни и переводы, в которых отражены самые актуальные вопросы общественной и политической жизни казахского народа. Статья заостряет внимание на том, что в своих работах А. Кунанбаев делает акцент в первую очередь на проблеме защиты прав человека. Когда Абай был избран Тобе бием, он написал казахский закон «Ереже», ставший знаменательным событием в жизни казахского народа. По утверждению Абая, «закон - это свод правил и положений, ведущих к справедливости, миру и спокойствию», по существу он дает четкое определение понятия. «Ереже» и «Слова назидания» Абая, находят значимые точки соприкосновения, так как строгие принципы «Ереже» представлены в «Словах назидания» как ключевые вопросы.

В статье обосновывается необходимость дальнейшего активного изучения творчества казахского мыслителя с правовых позиций в связи с обнаружением новых текстов Абая и введением их в научный оборот.

**Ключевые слова:** правовая журналистика, закон, право, порядок, справедливость, власть, права человека, абаеведение, правовое государство.



**A. Shurentayev, K. Kushkinbayeva**

*A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan*

**Themes of law and rights in Abay Kunanbaev's work**

**Abstract.** The article is a scientific analysis of the works of the great thinker A. Kunanbaev in the context of aspects of law and legality. It is stated that his work includes poems, epics, songs and translations that reflect the most pressing issues of public and political life of the Kazakh people. The article is dedicated to the fact that A. Kunanbaev focuses primarily on the problem of human rights protection in his works. The author of the article compares the Kazakh law «Erezhe», created by Tole Bi (judge) and which became a significant event in the life of the Kazakh people, and Abai's «words of edification», finding significant points of contact, arguing that the strict principles of «Erezhe» are presented in the «words of edification» as key issues. The article defines that a clear definition of the concept of «law» is contained in the words of Abay: «The law is a set of rules and regulations that lead to justice, peace and tranquility». The article also substantiates the need for further active study of the Kazakh thinker's works from a legal perspective in connection with the discovery of new Abai's texts.

**Keywords:** legal journalism, law, order, justice, power, human rights, Abay studies, legal state.

**References**

1. Kazakstan Respublikasynyn Tungysh Prezidenti – Elbasy Nursultan Nazarbaevtyн «Abai amanaty» makalasy [Article of the first president of the Republic of Kazakhstan - Elbasy Nursultan Nazarbaev «Abay amanaty»] [Electronic resource] Available at: <https://elbasy.kz/kk/news/2020-10/kazakstan-respublikasynyn-tungysh-prezidenti-elbasy-nursultan-nazarbaevtyн-abay> (Accessed: 10.10.2020). [in Kazakh]
2. «Kazak» gazeti [Kazakh newspaper] / Kurast.: [Comp.:] U. Subhanberdina, S. Lauitov, K. Sahov. Bas redactor [Editor-in-chief] A. Nysanbaev. (Almaty, Kazak ensiklopediyasy, 1998, 560 p.). [in Kazakh]
3. Auezov M. Shygarmalar zhinagy [Collection of works]. 2-tom [Vol. 2] (Almaty, Zhazushy, 1969, 323 p.). [in Kazakh]
4. Kulteleev T. Voprosy kazahskogo obychnogo prava v romane M. Auezova «Abai» [Questions of Kazakh customary law in M. Auezov's novel «Abay»]. Vestnik AN Kaz SSR [Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR], 1950. №9. - P. 99-110. [in Russian]
5. Taukelov A.N. Politicheskie vzglyady kazahskogo prosvetatelya Abaya Kunanbaeva [The political views of the Kazakh enlightener Abai Kunanbaev]. – Uchenye zapiski KazGU [Scientific notes of KazGU] Vol. 29, Almaty, 1960. P. 91-107. [in Russian]
6. Ozbekuly S. Abai zhane adam kuky [Abay and Human Rights]. (Almaty, Zheti zhargy, 1995, 112 p.). [in Kazakh]
7. Akypbekuly O. Kara kyldy kak zhargan... [Array List heat aranan...]. Monografiya [Monograph]. (Astana, 2006, 235 p.). [in Kazakh]
8. Kasym A. Uly Abai zhazgan zan zhinagynyn tupnuskasy Shygys Kazakstanga akelinedi [The original collection of laws written by The Great Abai will be delivered to East Kazakhstan]. [Electronic resource] Available at: <https://egemen.kz/article/215899-uly-abay-dgazghan-zanh-dginaghynynh-tupnusqasy-shyghys-qazaqstangha-akelinedi?fbclid=IwAR1ce0vtvNLja0oKdgu8ETMJbnkL TncqIKiqUtrUZ9FhXnXzQRtWGr1oyQI> (Accessed: 25.08.2020). [in Kazakh]
9. Omarov A. Abaidyn umyt bolgan «Zhana zakon» atty oleni hakynda [Abay's forgotten poem «New law»]. [Electronic resource] Available at: <https://abai.kz/post/86637> (Accessed:12.10.2020)
10. Omarov A. «Zhana zakon» oleni - anyk Abaidiki [The poem «New law» is clearly Abay]. [Electronic resource] Available at: <https://abai.kz/post/111716> (Accessed:12.10.2020). [in Kazakh]
11. Mukanov S. Zharkyn zhuldyzdar: Sh. Ualikhanov pen A. Kunanbaevtyн omiri men tvorchestvosy turaly [Bright stars: about the life and creativity of Sh. Ualikhanov and A. Kunanbaev]. (Almaty, Mektep, 1964, 352 p.). [in Kazakh]

12. Abai. Encsiklopediya [Encyclopedia]. (Almaty, Atamura, 1995, 515 p.). [in Kazakh]
13. Absattarov R.B., Kaldybaeva T.Zh. Abaidyn kara sozderindegi aleumettik maseleler zhane olardyn tarihi-tarbielik mani [Social problems in Abay's words of edification and their historical and educational significance]. Abai atyndagy Kazak ulttyk pedagogikalyk universitetinin Habarshysy. Aleumettenu zhane sayasi gilymdar seriyasy [Bulletin of the Abai Kazakh National Pedagogical University. Sociology and political science series] №4(44). Almaty, 2013. P. 32-52. [in Kazakh]
14. Memleket basshysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн «Abai zhane XXI gasyrdagy Kazakstan» atty makalasy [Article by head of State Kassym-Jomart Tokayev «Abay and Kazakhstan in the XXI century»] [Electronic resource] Available at: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyн-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy> (Accessed:10.10.2020). [in Kazakh]


**Авторлар туралы мәлімет:**

**Шурентаев Амангелді** – негізгі автор, әлеуметтік ғылымдар магистрі, журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасының меңгерушісі, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

**Кушкинбаева Қарлыға** – қазақ тілі мен әдебиет магистрі, тіл және әдебиет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан.

**Shurentayev Amangeldy** – **The main Author**, Master of Social Sciences, Head of the Department of Journalism and Communication Management, A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.

**Kushkinbayeva Karlyga** – Master of Kazakh Language and Literature, Senior Lecturer of the Department of Theory of Languages and Literature, A. Baitursynov Kostanay Regional University, Kostanay, Kazakhstan.



XFTAP 19.61.31

Ш.Ы. Қалиаждарова<sup>1</sup>  
А.А. Ниязгулова<sup>2</sup>

Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті,  
Алматы, Қазақстан  
(E-mail: s.kaliazhdarova@mail.ru<sup>1</sup>, nijasgulova@mail.ru<sup>2</sup>)

## Қазақстандық телеарналар қызметінің YouTube платформасындағы жаңа мүмкіндіктері

**Аңдатпа.** Қазір Қазақстандық телеарналар цифрлық ортаға бейімделе бастады. Алайда олар жаңа ортаның ерекшеліктері мен талаптарын әлі толық меңгере қойған жоқ. Сол себепті түрлі мәселелер де туындап жатқаны сөзсіз. Телемамандардың айтуынша, дәстүрлі арналардың көрермендері жыл сайын азайып барады. Жастар аудиториясы теледидардан мүлде ашақтап кеткен. Бұған басты себеп – YouTube арналарының көбеюі. Бұл платформада электрондық ақпарат құралдарының басым бөлігі өз арналарын ашқан. Бірақ телеарналар эфирден өткен хабарларын желіге салуымен шектеліп келеді. Алайда YouTube хостингінің бейнеконтенке қоятын талаптар өзгеше. Осы тұрғыдан келгенде отандық арналардың желідегі қызметін жетілдіруге не кедергі келтіріп тұр, продакш студиялар неге ютубқа ауыса алмай жүр деген сауалдарға ғылыми тұрғыда жауап қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, отандық телеарналар аталған желіде біршама жұмыстар атқарған. Телеарналар YouTube-та негізінен ақпараттық өнімге мән беріп отыр. Ал желі аудиториясын ойын-сауықтық контент қызықтырып отырғанын ескерсек, арналарға бұл бағытта біраз ізденулеріне тура келеді. Мақалада бұл мәселеге де ғылыми тұжырым жасалған.

Сондай-ақ, зерттеу жұмысында YouTube платформасындағы қазақ тілді арналардың дамуына ықпал етіп отырған басты факторлар да ғылыми тұрғыда сараланады.

**Түйін сөздер:** YouTube, бейнехостинг, платформа, телебренд, телеформат, лайфхак, контент.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-134-1-59-64>

Түсті: 10.11.20 / Қайта түзетілді: 23.12.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 17.03.21

**Кіріспе.** Интернет желісінде порталдар мен бейнехостингтар қатары өте көп. Соған қарамастан YouTube онлайн бейнеконтент ұсынушы платформа ретінде ең алдыңғы орында тұр. Дүние жүзі бойынша бұл желіні қолданушылар саны екі миллиардқа жетсе,

80%-ға жуық интернет-қолданушылардың YouTube-та жеке аккаунттары бар [1]. Бұлардың қатарында Қазақстандықтар да жетерлік. «Genesis YouTube Qazaqstan» компаниясының директоры Самсон Безмятежныйдың ақпараттарына сүйенсек, аталған желіге аптасы-

на 9, айына 10 миллион адам кіреді. «Самый главный показатель, который показал прирост, – с четырех до шести миллионов в день. Несмотря на непродолжительные блокировки, число пользователей YouTube в Казахстане растет» [2].

YouTube-ты пайдаланушылар қатары артуының басты себебі желіде жұмыс істеу ыңғайлы, оңай, әрі қолжетімді және өнімді бір мезетте бірнеше мың адамның көруіне мүмкіндік зор.

Түрлі медиазерттеулерге сүйенсек, телеарна мен YouTube желісі арасындағы байланысқа әртүрлі пікір айтылады. Ресейлік танымал журналист Евгений Гуцал: «Новый телевизор – это YouTube. Классические СМИ сотрудничают с блогерами, приглашают их в качестве колумнистов, создают собственные страницы в социальных сетях» дей отырып, желідегі өнімнің мазмұны ғана емес, оны беру жолдарының өзгеше екендігін айтады. Маман бүгінде ұялы телефон арқылы көруге ыңғайлы вертикалды бейнеге деген сұраныстың жоғарылығын алға тартады [3]. Суинберн технологиялық университетінің профессоры (Виктория штаты) Жейсон Бейнбридждің пікірінше, телевизия цифрлық медиаформалар (YouTube пен түрлі интернет мемоларын өндіру) контентінің негізі. Сөйтіп, теледидар үнемі кез келген мөлшердегі цифрлық тарату платформасын контентпен қамтамасыз етуші болып қала береді. Бұған қоса аудитория телешоуларды теледидарсыз-ақ көре алады [4, 201 б.]. Бұл пікірге футурист Майк Уолш та қосылады. «Телевизияның ендігі кездегі мақсаты – бізді сайтпен байланыстыру. Теледидар алдағы уақытта веб-контент жасау үшін ғана өмір сүреді» [4, 202 б.]. Ал ресейлік телеменеджер К. Эрнстің сөзіне жүгінсек, телебрендтер енді екі түрлі өнім дайындауы керек. Бірі – дәстүрлі эфирге, екіншісі желі үшін. [5, 643 б.].

«Афиша Daily» басылымында жарияланған «YouTube против ТВ: как видеоблогеры копают могилу телевидению» мақаласында танымал блогерлер телеконтентті үнемі қадағалап отыратындықтарын айтады. Олардың сөзінше, желіде ТВ форматта дүние жасай-

тын болсаң, оны ешкім қабылдамайды. Сол себепті жаңа туындылар әкелуге тырысамыз. «Самое хорошее, что YouTube принял от телевидения – это сама структура видео: синхронно, стендапы, закадровый текст» [6].

Демек, ТВ мен YouTube екеуі екі түрлі алаң. Тарататындары аудиовизуалды өнім болғанымен, екі платформада талап өзгеше. Қазақстан телеарналарының басым бөлігі YouTube желісіне қосылған. Десек те, дәстүрлі арналар жаңа бейнехостингте жұмыс істеу дағдысын меңгере алып отыр ма, желіге салынған материалдар аудиториясын таба алды ма деген сауалдар туындайды.

**Талқылау.** Зерттеуге аталған желіде өзіндік орны бар, осы уақытқа дейін біршама аудитория жинақтаған 10 арна нысанға алынды. Олар: «Хабар» агенттігі, «Qazaqstan» ұлттық арнасы, «Хабар 24», «Атамекен» бизнес арнасы, «GAKKU TV», «Еуразия бірінші арнасы», «Той Думан», «31-арна», «КТК» және «7-арна».

«Genesis YouTube Qazaqstan» компаниясының деректеріне сүйенсек, желіде ең көп қаралым жинайтын музыкалық контент, одан кейін ойын-сауықтық, үшіншісі – «қолымен жасалған бұйымдар», лайфхактар турасындағы өнім, ал төртінші орында «жаңалықтар». Статистика бойынша, YouTube-та жоқ дегенде, айына бір рет авторлық туынды ұсынатын мыңға жуық арна тіркелген. Ал қазақстандықтар айына бір миллиардтан астам бейне-материал қарайды [2].

Жоғарыда назарға алынған арналардың ішінде бүгінгі күні YouTube желісіндегі ең танымалы – Gakku TV. Музыкалық арнаның 2,44 млн. оқырманы бар. Екінші орында ойын-сауықтық бағытты ұстанатын «7-арна» тұр. Оның аудиториясы 2,19 млн. адам. Ал келесі орынды 1,97 млн көрермені бар «Той Думан» арнасы алып отыр. Төртінші, «Хабар» агенттігі (1,78 млн. жазылушы), бесінші орында «Qazaqstan» ұлттық арнасы (1,77 млн. жазылушы) тұр (05.11.2020 күнгі көрсеткіш бойынша).

Енді көрермені көп осы арналардың қаралым жинап отырған жобаларына талдау жасайық. «Gakku» және «Той Думан» – музыкалық контентпен, әсіресе, әншілердің бейнебаяндары арқылы көрермен жинап отыр.

Сондай-ақ, «Lovonter/Бір тоқсан» қысқаметражды жастарға арналған фильмі 1-сериясынан бастап миллионнан астам қаралым жинаған. Фильмнің барлық сериясының қаралымы миллионнан түспеген. Алғашқы шығарылымына 70 мың адам лайк, 1,6 мың адам дизлайк қойса, 6 мыңға жуық көрермен пікір қалдырған.

Сондай-ақ, аталған музыкалық арналар алғашқылардың бірі болып тек YouTube желісінде шығатын жобаларды қолға алды. Олар – «Tiktokhana», «Tunda» жобалары. «Tiktokhana»-ның 11 шығарылымын орта есеппен 100 мыңнан астам адам көрген. Осы шығарылымдарға лайк басқандар қатары орташа есеппен 7 мыңнан асса, әр шығарылымға мыңнан аса адам пікір білдіріп, жауап алып отырған.

Қазақстандық ютубың ойын-сауықтық сегменті телеарналардағы түрлі әзіл-сықақ жобалары мен «Жайдарман» КВН тобының өнімдері толықтырып отыр десек артық айтқандық емес. Сонымен бірге, Instagram-нан YouTube желісіне кеткен отандық вайнерлер өнімі де аудитория қызығушылығын тудыруда [7].

**Зерттеу әдістері.** Бүгінде YouTube платформасында әр арнаның жаңалықтар қызметінің белсенділігін байқауға болады. Біраз уақыт бұрын арналар желіге Жаңалықтардың толық нұсқасын ғана салып келсе, енді әр бейнематериалды бөлек жүктеп, сол арқылы басқа да желілерге сілтеме жасауды жолға қойған. Ютубта әр арнаның Жаңалықтар қызметінің жеке парақшасы бар.

Төменде рейтингісі жоғары Қазақстандық 4 арнаның 02.11.2020 күнгі шығарылымы бойынша сараптама жүргіздік. Сонда көз жеткізгеніміз, «Информбюро» (31-арна) ақпараттарын желіге салынғаннан кейінгі бір сағаттың ішінде 1694, «Атамекен» бизнес арнасын 294 адам көрген. Ал дәл осы күнгі жаңалықтарын ютубқа салғаннан кейінгі үш сағаттың ішінде КТК арнасының ақпараттарын 16 680, «Басты жаңалықтар» (Еуразия бірінші арнасы) 2,2 мың қаралым жинаған.

Сарапшылар пікіріне сүйенер болсақ, желіге басты ақпараттарды дер кезінде салу керек. Эфирдегі жаңалықтарды күтіп оты-

рудың қажеті жоқ. Желігі жаңалықтардың қысқа-нұсқасын бере отырып, көрерменді дәстүрлі эфир таралымына тарту қажет. YouTube үшін тегтерді таңдау, кілт сөздермен дұрыс жұмыс жасау маңызды. Өйткені аудиторияның басым бөлігі іздеу жүйесін пайдалану арқылы арна көрерменіне айналады.

Әзірге біздің арналар дәстүрлі эфирдегі ақпараттарды сол қалпында желіге жүктеп отыр. Мамандардың айтуынша, теледидар контентін желіге бейімдемей салу – үлкен қателік. Дәл қазір телемамандар блогерлердің алгоритмі бойынша жұмыс істеулері қажет. «В интернете новостной интернетсюжет должен стремиться к динамике, быть смонтированным с учетом клипового мышления, с использованием мем-вставок» [8].

Самсон Безмятежныйдың сөзіне жүгінсек, 2018 жылдан бастап ютуб желісінде қазақтілді контент көбейген. Дәстүрлі телеарналардың жобаларын есепке алмай, YouTube-та жеке арнасын қазақ тілінде жүргізіп отырғандар қатары да артқан.

Желідегі туындылардың барлығын кәсіби тұрғыда сапалы деп айту қиын. Десек те, қазір бұл арнаға кәсіби журналистер де қосылып, әлеуметтік желілерді тиімді пайдаланып жүр. Олардың көпшілігі аудиторияға теледидар арқылы танымал болғандар. «Қазақстан» ұлттық арнасының журналисі Нартай Аралбайұлы түрлі сала мамандарымен онлайн түрінде көптеген тартымды сұхбаттар жүргізіп, Ютуб әлеуметтік желісі арқылы таратты. Жұрттың оны ықыласпен қабылдап жатқанын көрермендер санынан және олардың кері байланысынан аңғаруға болады [9].

Бүгінде Нартай Аралбайұлының арнасына 58,1 мың адам жазылған. Осы уақытқа дейін 90 бейнематериал жүктеліпті. Бейнеконтенттің басым бөлігі сұхбат жанрында. Ғалым Қуандық Шамахайұлының сөзіне жүгінсек, кәсіби журналистер желіні ресми парақшаға айналдырып, сенімді ақпарат көзі, шынайы мәліметтер нысаны етіп, жаңалықтар таратуға, іскерлік ой-пікір алаңына айналдыру үрдісі пайда болып келеді [9].

Бұл үрдісті Gakku арнасының экс-продюсері Тимур Балымбетов те тиімді пайдалануда. Оның YouTube-қа келуіне аз ғана уақыт

өтсе де «Balı KZ» (66.8 мың көрермен арнаға жазылған) және ер-азаматтарға арналған «ER-BATYR» (3,54 мың көрермен арнаға жазылған) жобалары өнер, кино және мадиа саласына қатысты біраз мәселелерді көтерді.

Сонымен қатар, журналист Олжас Оқастың да «QAZ Kolesa KZ» (281 мың көрермен) – көлік және оны тізгіндеушілерге осы салада ғана ақпарат беретін бірден бір қазақ тілді ютуб арна.

«New Old Qazaqtar / Не болды қазақтар?» ютуб арнасына берген сұхбатында Олжас Оқас: «Болашақта біраз журналистер ютубқа келеді. Бұл платформада ең бастысы өнім жасау арзан және ой еркіндігі бар. Ал қазір Kaz YouTube-қа қазақ тілді жобалар аса қажет, оған сұраныс артып отыр», – деді. Осы хабардың тағы бір қонағы танымал тележурналист Гүлмира Әбіқай да КТК телеарнасындағы «Дау-дамайсыз» бағдарламасының ютубтағы қаралымның жоғары екендігін айтады [10].

Аталған желіде жоба жасап жүрген мамандардың пікіріне сүйенсек, қазір телеарналарға арқа сүйенп отырған продакшн студиялар жеткілікті. Егер олар өнімдерін ютуб арнасын ашу арқылы көрерменге ұсынатын болса, тәуелділіктен құтылады. Бірақ телесала мамандары мұны әзірге жеткілікті түрде түсініп отырған жоқ.

**Зерттеу нәтижелері мен қорытынды.** Қазақстан телеарналарының желідегі қыз-

метіне сараптама жасау барысында олардың көпшілігі эфирден өткен хабарларын ютубқа жүктеумен отыр. YouTube-қа бейімделген жобалар жоқтың қасы. Дегенмен де, дәстүрлі эфирден берілетін хабарларының арқасында желіде көрермен жинап YouTube бейнехостингінің батырмаларын алып жатқан арналар бар. Олардың көшін 2019 жылдың тамыз айында «Хабар» арнасы бастап, Алтын батырманы иеленсе (1 млн. жазылушысы болғанда берілді), одан кейінгі алтынды 31-арнаның «Информбюро» парақшасы алды. Ал Күміс батырмаға «Хабар» агенттігінің «Хабар TANYM» және «Kazakh TV» телеарнасы қол жеткізді. Қазіргі күні агенттіктің барлық телеарнасының YouTube желісінде 6 млн. көрермені бар [11].

Қазақстандық телеарналарға цифрлық ортаның ерекшеліктерін әлі де болса жіті түсіну қажеттілігі туындап тұр. Өйткені YouTube желісін пайдалану құралдары мен ондағы аудитория пікірімен санасу мәселесіне назар аударған жөн. Себебі қандай арна болмасын, оның негізгі қозғаушы күші – көрермен. Бүгінде телеарнаға көрермен үстемдік етіп тұр. Сол себепті Отандық арналар екі жаққа да, яғни дәстүрлі эфир таралымы мен Ютуб үшін де сапалы, мазмұны жоғары өнім дайындауға мәжбүр. Дәл қазір аталған осы екі бейнеалаңға «хайпқа» емес, халыққа қажет әртүрлі бағыттағы қазақтілді жобалар аса қажет.

#### Әдебиеттер тізімі

1. 12 цифр о YouTube, которые важно знать в 2020 году [Электрон. ресурс] – URL: <https://supa.ru/blog/posts/12-tsifr-o-youtube-kotoryie-vazhno-znat-v-2020-ghodu> (Қаралған күні: 01.11.2020).
2. Муминов А. Казахстанский рынок YouTube монетизируется слабо. [Электрон. ресурс] – URL: <https://inbusiness.kz/ru/news/kazahstanskij-rynok-youtube-monetiziruetsya-slabo> (Қаралған күні: 04.11.2020).
3. Каменщиков Д. Евгений Гуцал: «Новый телевизор – это YouTube» [Электрон. ресурс] – URL: <https://yeltsin.ru/news/evgenij-gucal-o-staroj-zhurnalistike-i-novyh-media/> (Қаралған күні: 25.10.2020).
4. Бейнбриж Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, –2019. - 202 б.
5. Третьяков В. Теория телевидения. ТВ как неоязычество и как карнавал. -Москва: НИЦ «Ладомир», - 2015. - 643 с.
6. Сотник Н. YouTube против ТВ: как видеоблогеры копают могилу телевидению [Электрон. ресурс] – URL: <https://daily.afisha.ru/brain/3124-YouTube-protiv-tvkak-videoblogery-kopayut-mogilu-televideniyu/> (Қаралған күні 02.10.2020).

7. Tiktokhana: Масканы киіп қарайтын выпуск [Электрон. ресурс] – URL: [https://www.youtube.com/watch?v=auXS\\_ewkkHc](https://www.youtube.com/watch?v=auXS_ewkkHc). (Қаралған күні 23.10.2020).
8. Вырковский А.В. СМИ на краю пропасти: есть ли жизнь «в цифре»? [Электрон. ресурс] – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=uenOHwZLgTU>. (Қаралған күні 25.10.2020)
9. Шамахайұлы Қ. Журналистер әлеуметтік желілерді тиімді қолдануда. [Электрон. ресурс] – URL: [https://baq.kz/news/othernews/zhurnalister-leumettik-zhelilerdi-tiimdi-oldanuda-uandy-shamakhayly/?sphrase\\_id=48382963](https://baq.kz/news/othernews/zhurnalister-leumettik-zhelilerdi-tiimdi-oldanuda-uandy-shamakhayly/?sphrase_id=48382963) (Қаралған күні 15.10.2020).
10. «New Old Qazaqtar / Не болды қазақтар?». ТВ тозды ма, ютуб озды ма? [Электрон. ресурс] – URL: <https://www.youtube.com/watch?v=YGUGXNnQM8c>. (Қаралған күні 06.11.2020).
11. «Хабар» Агенттігі YouTube желісінің күміс батырмасын алды [Электрон. ресурс] – URL: [https://www.youtube.com/watch?v=KP-GsB8b\\_o0](https://www.youtube.com/watch?v=KP-GsB8b_o0) (Қаралған күні 01.10.2020).

### Ш.Ы. Калиждарова, А.А. Ниязгулова

*Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан*

#### Новые возможности функционирования казахстанских телеканалов на платформе YouTube

**Аннотация.** Сегодня казахстанские телеканалы активно адаптируются к цифровой среде. Однако они еще не полностью освоили новые возможности и требования, из-за чего возникают различные проблемы. По оценкам экспертов телевидения, количество зрителей традиционных каналов с каждым годом сокращается. Молодежная аудитория полностью отстранена от телевидения. Основная причина этого – увеличение количества каналов на YouTube. Большинство электронных СМИ открыли собственные каналы на этой платформе. Однако телеканалы могут транслировать свои передачи только в режиме онлайн, в то время как требования к хостингу YouTube для видеоконтента другие. С этой точки зрения мы ищем научные ответы на вопросы, что мешает совершенствованию онлайн-сети отечественных каналов, почему небольшие продакшн-студии не могут перейти на YouTube.

Результаты исследования показывают, что отечественные телеканалы проделали большую работу в этой сети. Телеканалы на YouTube в основном ориентированы на информационные продукты, а с учетом того, что онлайн-аудитория интересуется развлекательным контентом, каналам необходимо проводить соответствующие исследования в этом направлении.

В статье дается научное заключение по этому поводу и проводится научный анализ основных факторов, способствующих развитию казахскоязычных каналов на YouTube.

**Ключевые слова:** YouTube, видеохостинг, платформа, ТВ-бренд, телеформат, лайфхак, контент.

### Sh.Y. Kaliazhdarova, A.A. Niyazgulova

*International University of Information Technology, Almaty, Kazakhstan*

#### New opportunities of Adaptation of Kazakhstan TV channels to the YouTube platform

**Abstract.** Now Kazakhstani TV channels are adapting to the digital environment. However, they have not yet fully understood the capabilities and requirements of the new environment. There are undoubtedly different problems. According to television experts, the number of viewers on traditional channels is decreasing per year. The youth audience is completely excluded from television. The main reason for this is the increase in the number of YouTube channels. Most of the electronic media have opened their own channels on this platform. But, TV channels can only broadcast their programmes online. However, the YouTube hosting requirements for video content are different. From this point of view, we are looking for scientific answers to the question of what prevents the improvement of the online network of domestic channels, why small production studios cannot take over YouTube.

The results of the study show that domestic TV channels have done a great job in this network. TV channels on YouTube are mainly focused on information products. And given that online audiences are interested in

entertainment content, channels will have to do some research in that direction. The article also provides a scientific opinion on this matter.

The study also provides a scientific analysis of the main factors contributing to the development of Kazakh-language channels on YouTube.

**Keywords:** YouTube, video hosting, platform, TV brand, teleformat, life hack, content.

## References

миллиондаған тиражбен «кеңес халқына» арнайы журналдар мен кітап топтамалары арқылы таратылды. «Наука и жизнь», «Химия и жизнь», «Природа», «Техника молодежи» және басқа да басылымдар Кеңес еліндегі ғылымды түсіндіріп таратудың негізгі құралдарына айналып, кәсіби журналистер қауымдастығын қалыптастырудағы басты нысан болды [1, 143 б.].

Ғылыми журналистің мәртебесінде екі мәселе қатар жүріп келеді: бір жағынан, ғылымның жаңалықтарын көпшілікке таратуды ғалымдар өз мойнына алса, екінші жағынан, әдебиеттегі ғылыми-көпшілік жанр журналистерден қосымша кәсіби машықтарды талап етті. Ғылыми-көпшілік басылымдарда ғалымдардың жұмыс істеуінің, материалдар әзірлеуінің басты себебін осылардан іздеу керек.

**Талқылау.** XX ғасырдың соңына дейін ғылыми журналистерді арнайы оқыту, дайындау жүргізілмеді. Бұрынғы Кеңестер Одағының құрамына кірген республикаларда бұл жағдай қайталанып отырды. Қазіргі Қазақ елінің бұқаралық коммуникация құралдарында жаңа технологиялық, ғылыми ізденістер мен зерттеулердің нәтижелерін терең, әрі жан-жақты көрсете алмауын сол кездегі ғылыми журналистикаға деген көзқарастың салдары деп түсінген дұрыс. Ғылымның керемет жаңалықтарын, жаңа коммуникациялық ортаның беретін жақсылығын аудиторияға қызықты етіп ұсынылмауын, әсіресе, қазақтілді ақпарат құралдарындағы ғылыми журналистердің жоқтығымен байланыстырамыз.

Кезінде Кеңестер елінде медиа құралдарын басқарушылар ғылыми журналистерді «Химия и жизнь» ғылыми журналының жанынан ашылған 2 жылдық мектеп-студияға жіберіп дайындаған. Бұл ғажайып мектеп-студияға түскендер аптасына бір рет жиналып тек мақала жазуды емес ғылымның, ғылыми журналистиканың әлеміне саяхаттап, шеберліктерін шыңдайтын болған. Қазақ журналистикасына дәл осындай орта сұранып тұрғандай. Қазақтілді журналистердің арасында ғылымға икемі барларының басын

қосып, 5-6 ай көлемінде ғылыми тақырыптар бойынша дайындап, ғылыми ортада танымал ғалымдармен кездестіріп, кәсіби жағынан шыңдаса, отандық ғылыми журналистиканың да өрісі кеңіп қалар еді.

2000 жылдардан бастап жоғары қарқынмен дамып келетін коммуникациялық орта мен интернеттің әсерімен дамыған елдердің бәрінде ғылымға деген қызығушылық қайта жандана бастады. Бұған ғылыми мекемелер мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жақсаруы да игі ықпалын тигізді. Рейтингі жоғары америкалық ғылыми ресурстардың танымалдығы басқа елдердегі ғылыми журналистикаға да үлгі болды. Мәліметтер жаңаша форматта, жаңа стильде жазылып, оларды безендіру, рәсімдеу ісінде ең соңғы технологиялық әдістер қолданылып, журналдар мен интернет ресурстар өз аудиторияларын көбейте бастады [2, 115 б.].

Әлемдегі беделді ғылыми-танымдық басылымдар мен телеарналар басқа нарыққа шығып, бірнеше тілде хабар тарата бастады. Қазақстанда да соңғы 15 жылдың көлемінде ғылымға деген мемлекеттік саясат өзгеріп ғылымды, ғалымдарды қолдау тетіктері іске қосыла басталды. Интернеттегі барлық ресурстарда ғылыми-көпшілік тақырыптар мен рубрикалар ашылды, ғылым адамдарының блогтары тіркеліп, олар да кәсіби журналистермен қатар өз зерттеулерін насихаттауға, жарнамалауға мүмкіндік алды.

Екінші жағынан, елде ғылым мен білім саласын реформалау интенсивті жүргізілді, ғылыми ізденістерді қолдау үшін ғылымды қаржыландыру тетіктері заңдық негізде өзгертілді, ғылымды қолдайтын жаңа «Ғылым туралы» заң қабылданды. Ғылыми ақпаратты тарату мен тұтыну жеңілдеді. Ғылым мен білім саласындағы реформаларды талқылау арқылы қоғамда ғылыми журналистикаға деген сұраныс күшейді. Қоғамның ғылымға деген бетбұрысы байқалып, Интернеттегі медиа алаңдарда ғылым мен білім салаларын реформалауға байланысты саяси, қоғамдық дискуссиялар өткізіле бастады. Ақпараттық технологияның дамуы Қазақ елінің әрбір аза-

матына өзіне қажетті сұрақтарға жауапты тікелей министрлер мен әкімдерден алатын мүмкіндіктер берді.

Осының бәрі біздің елімізде де америкалық және батыс еуропалық стандарттарға негізделген ғылымды көпшілікке түсінікті етіп жақындатқан жаңа медиа саланың пайда болғанын көрсетеді. Яғни, отандық ғылыми журналистиканың кәсібиленуінің жаңа кезеңі басталды деп айта аламыз.

Ғылыми журналистика – журналистің танымдық және кәсіби деңгейіне, құзыретіне сүйеніп қана жақсы нәтиже бере алады. Өзі маманданған ғылым саласында танымы терең болу әрбір журналист үшін биік мақсат деп танылады. Сондықтан ғылыми басылымдар өз журналистерінің арнайы кәсіби деңгейіне биік талаптар қояды.

Немістердің жоғары оқу орындарының Одағы әлем университеттерінде 3000-нан аса пәндер оқытылатынын анықтаған. Егер ақпарат құралдары өз штаттарында ғылымның бір ғана түріне маманданған журналист ұстаса, онда қанша журналист қажет болар еді? Ғылыми басылымдарға кәсіби журналистер қажет пе, әлде ғылыми білімі бар мамандар керек пе деген дилемма ғылыми журналистиканың күн тәртібінен түспей келеді [3, 52 б.].

Егер журналист тек өзі білетін сала туралы ғана жазса, онда аудитория басқа ғылымдарда не болып жатқаны туралы хабарсыз қалады. Ресейдің ғылыми журналистері жүргізген зерттеулер бойынша физикадан маманданған адамға этнология тақырыбын берсе, филология бағытындағы журналистке химия тақырыбы берілсе, олардың материалдарының сапасы өте жақсы дәрежеде болатынын байқаған. Бұл нәтижені классикалық журналистік құзырет категориясымен түсіндіруге болады. Егер журналист бір тақырыпты жақсы меңгерген кәсіби маман болса, онда басқа тақырыптар бойынша да ол өз методологиясымен терминдер мен анықтамаларды жеңіл пайдаланып, материалын оқырманға барынша түсінікті етіп жеткізе алады.

Ғалымдар мен журналистер арнайы дайындығы жоқ адамдарға қатысты дилетантизм

туралы жиі айтады. Қазір де кейбір әріптестерінің қарапайым терминологиялық базаға сүйеніп жазған еңбектеріне сенімсіздікпен қарайтын ғалымдар кездеседі. Алайда, олар ғылым саласын насихаттайтын журналистика тұтас қоғамның мүшелері қатысатын дискуссиялардың тақырыптарын көтеруге міндетті екенімен келіспейтін сияқты [4, 253 б.].

Ғылыми журналистер ғылыми жаңалықтар мен зерттеулерге маңызды, жауапты мәселе деп қарайды. Қазіргі қоғамдарда энергия көздері туралы үлкен талқылаулар, іс-шаралар жүріп жатыр. Астанада өткен ЭКСПО-2017 көрмесі бұған жақсы дәлел бола алады. Осындай әлемдік деңгейдегі шаралардан кейін баламалы энергия көздеріне деген қызығушылық артады. Осыны болжаған ақпарат құралдары қоғамның қызығушылығын қанағаттандыру мақсатында түрлі мазмұндағы, сенсация мен жарнамасы бірге жүретін материалдар жариялай бастайды.

Дәл осындай процестердің ортасында жүрген ғылыми журналистің міндеті – ұсынылған тақырыптың құндылығын жоғалтып алмай жақсы, түсінікті тілмен ақпарат әзірлеу. Сонымен бірге, ол ғылыми жаңалықтың нәтижелерін талдап бағалауда өз жауапкершілігін сезініп, зерттеу нәтижелерінің әлеуметтік, экономикалық және экологиялық сипаттарын қамтып жазуы тиіс. Бұл міндеттер сапалы атқарылса ғана журналист өзінің кәсіби мақсатына жетті деуге болады.

**Нәтижелер.** Ғылыми журналистің кәсіби білімі оның ғылыми дереккөздерді басқа да дереккөздер сияқты еркін қолдануына жол ашуы тиіс. Бұдан басқа оның тағы бір қасиеті – журналистік зерттеу жұмыстарында табандылық болғаны дұрыс. Ғылыми журналистердің назар аударатын тағы бір мәселесі – ғылыми зерттеулердің нәтижесі бұл процестің соңы емес, қоғамды қызықтыратын сұрақтардың бәрі нәтижені жариялаумен таусылмайды. Бұл – журналистің үлкен материалының басы ғана болуы мүмкін. Сонымен бірге, журналист үшін ғылыми зерттеулердің нәтижесін аудиторияға қызықты етіп жеткізу – ғылыми коммуникацияның табыстылығының құрамдас бөлшегі.

Ғылым туралы жазатын журналистердің өздері қиын және түсініксіз деп санайтын пәндерді де жақсы меңгеруге ынталы болғаны абзал. Бұл шарттың орындалуы өзін сыйлайтын ғылыми басылымдардың мейнстримге, жеңіл контентке сырғып кетпеуі үшін қажет. Ғылыми журналистика коммуникацияда белгілі барлық әдістер мен формаларды қолдана алады. Жанрдың әралуандығы да сапалы контент дайындауға көмектеседі [5, 146 б.].

Ғылыми журналистің шеберлігінің тағы бір қыры – жаңа замандағы бұқаралық медиалардың жұмыс істеу қағидасын толық меңгеруі. Журналист коммуникацияның рөлін, жалпы медиапсихологияны, конвергенттік қасиеттерді меңгеруі, оның коммуникативтік ғылым бойынша құзыреттілігі болуы тиіс. Ал, құзыреттілік – кәсібилікпен астасып жататын маңызды қасиет. Бұның бәрі – ғылыми коммуникациядағы жақсы нәтижеге жетудің алғышарттары.

**Қорытынды.** Журналистика мен қоғам адамзат жинаған білімнің барлық тармақтары бойынша редакторлар дайындаған материалдардан үлкен пайда табары анық. Ғылыми біліммен және дереккөздермен қаруланған редактор қоғамдағы проблемаларды біліктілігі жоғары, ғылым туралы жазатын адаммен салыстырғанда жақсы жазатыны дау тудырмайды.

Мақалада ғылыми коммуникацияның сапалы болуы журналистің когнитивтік және кәсіби деңгейіне тәуелді болатыны талқыланды. Ғылыми коммуникацияның дамуы-

на ықпал ететін факторларды былайша қорытындылауға болады: бірінші, ғылыми басылымдарды қаржыландырудың қысқаруы мен мемлекеттік қолдаудың төмендеуі, екінші, қоғамдағы ғылыми саланың, ғалымдардың беделі мен мәртебесінің төмендігі, білім беру бағдарламаларында ғылыми журналистика бағытының назардан тыс қалуы.

Бұл, бір жағынан, ғалымдар мен ғылымның жағдайы қоғамда көбірек айтылуды, насихаттауды қажет ететін салмақты аргумент. Өйткені барлық кезеңдерде ғылыми басылымдардың дәрежесі қоғамның даму деңгейімен байланысты болып келеді. Екінші жағынан, ғалымдардың өздері де бұл процеске қосылып, ғылым туралы, өздерінің зерттеулері туралы бұқаралық аудиторияға шығып көп айтулары қажет.

Журналист пен ғалымның арасындағы коммуникация күрделі және табандылық пен уақытты қажет ететін процесс. Мемлекеттің ақпараттық-коммуникациялық саясаты жоғарыда айтылған тұжырымдарды қорытқан, адамдардың, қоғамның, елдің дамуына бағытталған, ғылым мен ақпараттық құралдардың ықпалдасуын қолдайтын идеологияның негізінде жасалғаны дұрыс. Сонда ғана ғылыми коммуникациядағы жақсы нәтижелерді қоғам жақын перспективада көре алады. Журналистің когнитивтік және кәсіби деңгейі, құзыреті өскен сайын ғылыми коммуникацияның табыстылық және нәтижелік дәрежесі де сапалық талаптарға сәйкес жоғарылайтыны анық.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Библер В.С. От наукоучения – к логике культуры. - Москва: Политиздат, 1998. – 412 с.
2. Кожемякин Е.А. Современные теории массовой коммуникации. - Белгород: ИПЦ «ПОЛИТЕР-РА», 2010. – 338 с.
3. Шумилина Т.В. Журналистика и устойчивое развитие. - Москва: Факультет журналистики МГУ им. М.В. Ломоносова, 2010. – 154 с.
4. Дергачев В.А. Глобалистика. - Москва: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. – 304 с.
5. Тертычный А.А. Аналитическая журналистика: познавательно-психологический подход. - Москва: «Гендальф», 1998. – 256 с.

У.М. Есенбекова

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан***Профессионально-когнитивный уровень журналиста в пропаганде науки**

**Аннотация.** Отрасли в журналистике возникают в соответствии с развитием и потребностями общества. Общество, люди и профессии подвергаются систематической трансформации. Научная журналистика также функционирует с учетом своих особенностей. Во-первых, она меняется и упорядочивается достижениями науки и образования; во-вторых, факторы успешности научной журналистики имеют нормативную, правовую и практическую основу; в-третьих, научная журналистика выполняет комбинированную функцию соединения научных сообществ и широкой общественности.

Продвижение научных достижений осуществляется совместно профессиональными журналистами и научным сообществом. Поэтому проработанность научной информации важна для хорошего восприятия контента широкой аудиторией. Здесь когнитивный уровень научного журналиста помогает ему свободно использовать научные теории наряду с другими источниками. По мнению автора, такая деятельность не должна заканчиваться публикацией журналистом научных результатов. Для журналиста качественная публикация результатов исследований – неотъемлемая часть успеха научной коммуникации.

В исследовании делается вывод, что степень успеха в научной коммуникации зависит от ряда факторов, в том числе от когнитивного и профессионального уровня журналиста.

**Ключевые слова:** научная коммуникация, репрезентация науки, журналистская компетентность, метод персонализации, дилетантизм, когнитивность, конвергентное свойство.

U.M. Yessenbekova

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan***Professional and cognitive level of the journalist in science propaganda**

**Abstract.** Journalism branches arise in accordance with development of society and its needs. Society, people, and professions are undergoing systematic transformation. Scientific journalism performs with its distinctive characteristics. First, it changes and organized by the achievements of science and education. Second, the success factors of science journalism have a normative, legal, and practical basis. Third, scientific journalism has a combined function of connecting the scientific community and public.

The promotion of scientific achievements is jointly carried out by professional journalists and the scientific community. Therefore, the elaboration of scientific information is important for a good perception of the content by a wide audience. The cognitive level of the scientific journalist helps him to freely use scientific theories along with other sources. The author considers that such activities should not end with the publication of scientific results by a journalist. For a journalist, high-quality publication of research results is an integral part of the success of scientific communication.

The study concludes that the degree of success in scientific communication depends on several factors, including the cognitive and professional level of a journalist.

**Keywords:** scientific communication, representation of science, journalistic competence, personalization method, dilettantism, cognitive, convergent property.

**References**

1. Bibler V.S. *Ot naukoucheniya – k logike kultury* [From science to the logic of culture] (Moscow, Politizdat, 1998, 412 p.). [in Russian]


2. Kozhemyakin E.A. *Sovremenniye teorii massovi kommunikacii* [Modern theories of mass communication] (Belgorod, CPI «POLITERRA», 2010, 338 p.). [in Russian]
3. Shumilina T.V. *Jurnalistika i ustoichivoe razvitiye* [Journalism and sustainable development] (Moscow, Faculty of Journalism, M.V. Lomonosov Moscow State University, 2010, 154 p.). [in Russian]
4. Dergachev V.A. *Globalistika* [Global studies] (Moscow, UNITY-DANA, 2005, 304 p.). [in Russian]
5. Tertychny A.A. *Analiticheskaya jurnalistika: poznavatelno-psihologicheski podhod* [Analytical journalism: cognitive-psychological approach] (Moscow, Gandalf, 1998, 256 p.). [in Russian]

**Автор жайлы мәлімет:**

*Есенбекова Ұлбосын* – телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының профессоры м.а., Журналистика және саясаттану факультеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Yessenbekova Ulbossyn* – Associate Professor of the Department of Teleradio and Public Relations, Faculty of Journalism and Political Science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.





XFTAP 19.41.07

Г.Ш. Әшірбекова<sup>1</sup>  
А.М. Мұрат<sup>2</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: araylym\_murat@mail.ru<sup>1</sup>, ashirbekova\_75@mail.ru<sup>2</sup>)

## Нұртөре Жүсіп көсемсөзінің жанрлық, стильдік ерекшеліктері

**Аңдатпа.** Бұл мақалада Нұртөре Жүсіптің публицистикалық шеберлігіне талдау жасалынды. Автордың қалам тербеген өзекті тақырыптары айқындалып, шығармашылық лабораториясы зерттелді. Тақырыпты ашу барысында публицистің жинақтарын, еңбектерін негізге ала отырып, көкейкесті мәселелерге назар аударып, қоғамдағы өзекті тақырыптарға көңіл бөлініп, публицистің шығармашылық шеберлігі сарапталған.

Нұртөре Жүсіптің шығармашылық лабораториясын бақылап жүрген қазақ әдебиеті мен журналистикасының нар тұлғаларының пікірлері, пайымдаулары, ой толғаулары, берген батасы мен ізгі тілектері де қамтылған. Публицистика мен журналистика салаларын зерттеген ғалымдардың ойлары, талдаулары арқылы Нұртөре Жүсіптің шығармашылық даралығы айқындалған. Сондай-ақ, автордың қаламынан туған шығармалар тақырыптық ерекшеліктері бойынша топтастырылған. Публицистің шығармашылығын зерттеу барысында оқырман қауымға өзекті, қызықты шығармалары ұсынылып, олардың басты идеясы айқындалған.

**Түйін сөздер:** публицистика, мақала, шығармашылық лаборатория, шығармашылық шеберлік, тақырып, идея, өзекті мәселе, публицистикалық ерекшеліктер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7174-2021-134-1-97-105>

Түсті: 06.01.21 / Қайта түзетілді: 04.02.21 / Жарияланымға рұқсат етілді: 17.03.21

**Кіріспе.** Жүсіп Нұртөре Байтілесұлы – танымал журналист, публицист, отандық үздік басылымдарда редактор болған, журналистика, публицистика әлемінде өзіндік ізі бар нар тұлға. Белгілі қаламгердің 500-ге тарта мақалалары жарық көрген. Ол түрлі тақырыптарға қалам тербеп, қоғамдық, саяси, әлеуметтік мәселелерге белсенді араласып, халықты алаңдатқан сауалдардың жауабын табуға тырысты. ҚР Журналистер академиясының

академигі еліне еткен еңбегі үшін БАҚ саласындағы Президенттік сыйлықтың, «Алтын Адам» сыйлығының лауреаты атанған. «Біз кімнен кембіз?», «Қазақтың қызы», «Елес пен белес», «Тәуелсіздік лебі: ел мен жер», «Мың құмырсқа және біз» атты публицистикалық еңбектердің авторы.

Қазақтың белгілі жазушысы, драматург Сұлтанәлі Балғабаев «Ана тілі» газетінде жарық көрген мақаласында Нұртөре Жүсіптің

шығармашылық шеберлігіне баса назар аударады, дарынды, жаңа толқынның ең алдыңғы қатарынан орын алатын қайраткер қаламгерлердің бірі, - деп баға береді [1]. Нұртөре ағамыздың дарындылығы – елді елең еткізетін мақалалар жазуында, тақырыпты қою шеберлігінде, өзі қойған сұрақтың жауабын тауып, тайға таңба басқандай проблеманы шешу жолын нұсқауында.

«Айқын» республикалық қоғамдық-саяси газеті де Нұртөре Жүсіп басшылық еткен кезеңде үлкен өзгерістерге ұшырады. Атап айтсақ, газеттің көркемдік жағынан сапасы едәуір жақсарып, таралымы көбейіп, елдегі ең беделді басылымның біріне айналды. Бұл – тынымсыз еңбектің нәтижесі, ұйымдастырушылық қабілетінің болуы, публицистің қаламгерлік шеберлігінің көрінісі.

Ал Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ақын, драматург Нұрлан Оразалин: «Нұртөре Жүсіп – тәуелсіздік дәуірінің тұсауын кескен, қанатты қаламгерлердің қатарын сапалы тұрғыдан молайтқан, толықтырған «төртінші биліктің талантты өкілі» - дейді [2]. Ол дүниеде орын алып жатқан барлық оқиғаларды, өзгерістерді лезде байқап, ой қорытып, сол ойын оқырманға жеткізуге асығып тұрады. Жаңалықтың жаршысы атанып, түйгенін қағазға түсіріп, ізін суытпай оқырман назарына ұсынады. Оның қаламы қалғу білмейтін. Нұртөре ағамыздың шығармашылық шеберлігінің сыры да осы болуы керек.

Қазақ зерттеуші ғалымдарының ішінде публицистикаға көсемсөз деп қазақша атау берген Ахмет Байтұрсыновтың тұжырымын басшылыққа алсақ, «көсемсөз кезіндегі әлеуметке керек іске мұрындық болып істеу ыждағатымен айтылады» - дейді [3, 86 б.]. Публицистің шеберлігі туралы сөз еткен кезде, Тауман Амандосовтың тұжырымына сүйенсек, «публицистика – ақиқат өмірдің сырлы суреті, ал оның арқауы – шындық, публицист – өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан саралайды, ал публицистің шығармашылығы қоғамдық өмірдің объективтік ықпалымен дамып отырады» дейді [4, 36 б.]. Нұртөре Жүсіптің де публицистикалық мақалаларынан осы сарынды байқауға болады. Темірбек Қожакеев айтып

өткендей, «публицистика нақтылы өмірден алып отырған мәнді оқиға, фактілер төңірегіндегі пікірді қозғап, сол туралы дұрыс ұғым қалыптастыруға ықпал жасайды. Көсемсөз – нақты оқиғаның, фактінің жанры» [5, 322 б.]. Осылайша, Нұртөре Жүсіптің публицистикасының ерекшелігі – мақалаларының өміршеңдігінде, өзектілігінде деген тұжырымға келеміз.

Публицистің тағы бір айрықша тұсы – шығармасын қысқа да, нұсқа жазуында. Өзі көтерген кез келген мәселені өткір тілмен жеткізіп, соның шешімін ұсынып, түйіні бойынша нақты ұсыныстарды береді. Осы ретте, «Нұртөре Жүсіптің қатардағы көп жазарманнан ойы да, бойы да биік тұратынын айту керек» деген пікірімен келіспеске болмас [2].

Публицистің қоғамда қызу талқыға түскен шығармаларының бірі «Мың құмырсқа және біз». Белгілі ақын, драматург Нұрлан Мырқасымұлы бұл еңбек оқыған адамын ойландырмай, толғандырмай қалмайды, - дейді [2].

**Зерттеу әдістері.** Нұртөре Жүсіптің шығармашылық лабораториясын зерттеу барысында жалпы теориялық әдістер қолданылды. Оларға: талдау, салыстыру, нақтылау, жіктеу әдістерін жатқыза аламыз. Яғни ғылыми мақалада Нұртөре Жүсіптің әр мақаласы бөлек зерттеліп, айтар ойы мен сол ойды жеткізуде қолданған тәсілдеріне де талдау жасалынды.

**Талқылау.** Нұртөре Жүсіп әр ұсынар ойын терең саралап, мың толғанып, сосын ғана оқырман назарына ұсынады. Әр туындаған мәселені байыппен тереңінен талдап, журналист ретінде ойын ашық жеткізуге, бір түйін шығаруға тырысады. Мысалы, ол адамдардың өз уақытын бағаламайтынын алға тартып, уақытыңды ысырап қылу – рухани қылмыс деп дөп басып айтады. «Қазақ өзге халықтардан артта қалса, оның себебін осы қамсыздық пен құнтсыздықтан іздеу керек. Құдайдың берген уақытын ысырап қылу – рухани қылмыс. Ал біздің ешқайсысымыз өзімізді қылмыскер деп есептейміз» деген тұжырымға келді. Нұртөре Жүсіптің публицистикасында қоғамның өзекті мәселелері ерекше орын алады [6, 16 б.].

Ең әсерлі публицистикалық шығармаларының бірі ретінде «Біз кімнен кембіз?» туындысын мысалға келтірсек болады. Дәл осы еңбегінде публицист қазақ халқының ұлт ретінде бірегейлігін, тұтастығын, ерекшеліктерін мысалға келтіреді. ...Тоқтар мен Талғат қазақтан шықты, әлі де алтын құрсақты аналар аман болса, алты құрлықты аузына қаратқан Алаш азаматтары әлі шыға береді [7, 162 б.] - дейді. Автор әр айтылған пікіріне сараптама жасап, ой елегінен өткізіп, жанжақты ашып көрсетеді.

Белгілі журналист Қайнар Олжай да Нұртөре ағамыздың шығармашылық шеберлігіне өзіндік баға берген. «Нұртөре Жүсіптің тақырыптары мақалға сұранып тұрады. Бірде «Жақсылық Жарлықпен келмейді» - деп жазады. Мақал ма? Осы заманда туған мақал. «Өнімді өткізу де – бір өнер». «Достастық қажет, Тәуелсіздік қымбат». Мұның бәрі – қатар жарысқан жылдары көз алдымызда қалған Нұртөренің тақырыптары... Осымен тоқтайын десек, тағы бір мақаланы, оның тақырыбын аттап кету обал. «Сауатсыз әкім сорға бітеді». Осы заманның және бір мақалы ғой. Онда Нұртөре Жүсіп Шығыс Қазақстан облысындағы аудан мен ауыл әкімдері шешімдерінде заңға қайшы тұстар бар екенін ерінбей теріп алып еді. Егер біздің қоғамымызда өзекті өртер жағдайлар көлденең кезікпесе, Нұртөренің жақсы журналист болмасына кім кепіл?» - деп ойын қорытындылайды. Мақаланың тақырыбын мақалға ұқсатып қою – сөзсіз шығармашылық шеберліктің айқын көрінісі [8].

Бұл тұрғыдан келгенде, Мұхтар Әуезов «мақал-мәтелдердің молдығы, шебер түрде берілген терең, тіпті, философиялық, мән-мағынасы – осындай тамаша үздік шығармалар тудырған қазақ халқының өзінің де асқан асқындық дарынының, оның сарқылмас даналығының анық айғағы» - дейді [9, 476 б.]. Ал Белгібай Шалабаев «мақал дегеніміз – тағылым берерлік, ырғағы бар, тәжірибеде көп қолданылатын бейнелі, қысқа, нақыл сөйлем» - дейді [10, 287 б.]. Бұл жанрды тереңірек талдаған Мәлік Ғабдуллин мақалды әдебиеттік жағынан қарастырып, үлкен толғау, образ арқылы берілген ой қорытынды дейді. Ғалым-

ның пайымдауынша, «ол адам өмірінде, тұрмыс-тіршілікте, қоғамдық жағдайларда кездесетін әртүрлі құбылыстарға түйін есебінде қолданылады [11, 218 б.]. Нұртөре Жүсіптің мақалаларының тақырыбында түрлі оқиғалардың түйіні шығарылып, қысқа бір сөйлеммен қорытындыланады.

Ал белгілі жазушы Дүкенбай Досжанов «Ойы озық, тілі - өткір журналист» - деп Нұртөре Жүсіптің шығармашылығына баға берген. Ойының озықтығы мен тілінің өткірлігі публицистің кез келген мақаласында көрініс табады [12, 119 б.]. «Біз кімнен кембіз?» атты еңбегінің өзі Дүкенбай Досжановтың сөздеріне дәлел. «Емгеніміз – бір бөрінің емшегі», «Құлдық санадан құтылмайтын шығармыз», «Орыстіді отаным менің!», «Өзін-өзі өсірмейтін ел» деген мақалаларының тақырыптары публицистің тілінің өткерлігін тағы бір мәрте дәлелдейді.

Тақырып қоюы, теңеулерді дұрыс келтіруі, сөздерді өткір қолдануы арқылы мақаланың авторы Нұртөре ағамыз екенін аңғаруға болады. «Құстың жаманы азайып, қазақтың жаманы көбейген бе?» - деп оқырмандарға сауал жолдайды. Қоршаған ортада құстың жаман деген түрі бірігіп жатқанда, қазақтар неге бірікпейді деп назданады. «Тірлігіміз – шала, тілегіміз – ала» деген сөйлемінен-ақ публицистің ішкі тебіренісін, мұңын, «бір-біріне жат болып кеткен қазақтарға» деген өкпесін білдіреді [13]. Автор бұл мақаласында ұлт үшін өзекті мәселені көтереді. Әсте, бірлік бар жерде тірлік бар екені барлығымызға мәлім емес пе?!

Публицистің тақырып қою шеберлігіне таң қаласың. Ғалым Б. Момынованың айтуынша, мәтіндегі айтылатын ойдың жиынтығы тақырып арқылы көрінеді [14, 87 б.]. Мақала тақырыбының бірі мақал түрінде берілуі, сұрақ қою әдісімен құралған тақырыптар, тақырып қою кезінде рифманы да ұмытпай, астарлап тақырып таңдауы – шығармашылық лабораториясының ерекшелігі деп білемін.

Нұртөре Жүсіп публицистикалық мақалаларының тақырыбын тауып қоюға шебер. Публицист проблемалық мақалаларына сұраулы сөйлеммен тақырып қою арқылы оқырманына ой сала отырып, мәселенің

маңызын түсіндіреді. Мәселен, «Солақай атау сол күйі тұра бере ме?», «Естимісіз?!», «Қате қазақты қалай түзейміз?», «Тоқал біткен туа бере ме?», «Қатардан қалып қойған жоқпыз ба?», «Таразы басы қалай теңеледі?». Бұл тақырыптар «болмыс-бітіммен барлық жағынан үндестігін, бірыңғай дауыссыз дыбыстармен басталған сөйлемді беруі – баға бере сөйлеудің үлгісін де көрсетіп тұр». Ғалым Б. Момынованың мына бір пікіріне назар аударсақ, «сұрақ-жауап түріндегі тақырыптар – сұраққа жартылай жауап беру, кейде риторикалық сұрақтар қою арқылы көтеріліп отырған проблемаға оқырман назарын аудару түсу – газеттің көпшілікке әсер ету функциясын жандандыра түсетін фактор» екеніне көзіміз жетеді [14, 123 б.].

Ел мен жер, ұлт тақырыбында қалам тербеген мақалалары бүгінгі күні де өзектілігін жойған жоқ. Қаламгердің осы тақырыпқа жазған мақалаларын да бір арнаға топтастыруға болады. «Кіммен болса да қазақша сөйлесек қайтеді?!», «Татулық пен тұрақтылық тіл тұтастығына айналсын!», «Мен Бораттың қарындасы емеспін!», «Орыстіді отаным менің!», «Пердеңді түр, Қазақстан» мақалаларын ғалым Б. Момынованың пікірін негізге ала отырып, «әсер ету, елдігіру сөздерімен келетін тақырыптармен берілген мақалалар тобына жатқыза аламыз» [14, 136 б.]. Бұл мақалаларда астарлы ой, өзіндік пайым, өзектілігін жоймаған мәселе, ұлт тағдыры жатыр. Сөйлемдер соңында қойылған леп белгісі публицистің жауыр болған тақырыптарға қойған нүктесі іспетті.

«Солақай атау солай тұра бере ме?» деген мақаласына назар аударайық. Солақай атаудың астарында қазақ тіліне аударылмаған, талай саяхатшының әңгімесіне айналған орыс тіліндегі ғимараттар атауы жатыр. Орысша атауларды қазақ тіліне аудару үшін «Зажигалка» ғимаратын «Оқжетпес» деп, «Семь бочек» тұрғын үйлерін «Жеті қазына» деп сөйлетіп, «Китайская стенаға» - «Ерен Қабырға», «Водно-зеленый бульварға» - «Жиделі байсын» деп ұсыныс тастайды [6, 12 б.]. Қазақтың даласындағы ғимараттар қазақша сөйлесін деп ойын білдіреді. Бұл пікірі біздің қоғамда өте өзекті. Көшелердің қазақылануына Нұртөре

Жүсіптің қосқан үлесі зор деп білеміз. Көшеде өсіп-тәрбиеленетін жеткіншектердің өзі қазақша ғимарат атауларын жаттап, қазақ тарихына бір табан жақын бола алады емес пе? Мұхтар Әуезов айтпақшы, «Біздің қазақ жер аты, тау атын әманда сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады» [15, 476 б.]. Ш. Уәлихановтың «Көне түркі салт-сана, әдет-ғұрпының қаймағы бұзылмаған қазақтарда өмірдің бір саласын қамтитын тарихи оқиғалармен байланысты жер-су атаулары, адам аттары, тағы да басқалары есте сақталып, атадан балаға жалғасып жатады. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Өмір өткелдері» атты кітабында жер-су атаулары жайында айтқан ойына назар аударайық: «Қазақстандағы барлық жер атауларының сөздігін шығарып, қай атау қандай жағдайда, қандай мағынамен қойылған, ол сөздің түпкі төркіні қандай болған дегенді ғылыми тұрғыдан анықтап көрсету керек. Жеріңе қойылған ат еліңнің ұрпақтарға қалдырып кеткен хаты сияқты ғой», - дейді [16]. Яғни, Нұртөре Жүсіп солақай атауларды қазақыландырып, сол арқылы тарихтың өскелең ұрпаққа дәріптелгенін қалаған еді.

Ақпараттық қоғамда ақша емес, уақыттың бағаланатыны барлығына мәлім. Нұртөре Жүсіп келесі мақаласында оқырмандарына «Бір минуттың қадірін» түсіндіріп, уақытты бос өткізбеуге, уақытпен санасуға шақырады. Автордың бұл мақалада сандарды шебер қолданып, оқиғалар тізбегін көркем суреттеп шығады. «Күнделікті газеттерге көз жүгіртіп отырып, «Егемендегі» «Бір минуттың қадірін білесіз бе?» деген шағын мақалаға көзім түсті. Жас қыз өзіне «бір минутта не істеуге болады?» деген сұрақты қойған бір үлкен кісіге былайша жауап береді: бір минуттың ішінде жиырма беттік газеттің тақырыптарын шолып шығуға болады. Ал егер компьютердің алдында отырып әріп теретін болсақ, елуден аса сөз терер едім... Спортшы болса, сол уақыт аралығында 400 метрге жүгіріп келуіне болады» деген жас қыздың мақаласына назар аударады. Дәл осылай Нұртөре Жүсіп 3 сағат-

тың қадірін түсіндіреді. Уақытымызды алтын-дай бағалайтын болсақ, әр ісімізді тиянақты, мұқият қысқа мерзімде атқарушы едік қой. Бейқам халықты ұйқысынан оятуға тырысқан Нұртөре Жүсіп «құдайдың берген уақытын ысырап қалу – рухани қылмыс» - деп кесіп айтады, сынаиды, көңілі толмайды. Ренжуі де орынды. Бостан бос, қажетсіз, пайдасы жоқ шаруаға кетіп жатқан уақытты кері қайтару мүмкін емес. Бүгін ұйықтап жүрген халықтың ұрпағының болашағы қандай болмақ? Бұл да қоғамды мазалайтын сұрақтардың бірі. Өткір мәселені өткір тілмен жазып, ойын жеткізу – Нұртөре ағамыздың шығармашылық шеберлігі деп түсінеміз [6, 14 б.].

Нұртөре Жүсіптің жан айқайын «Естимісіз» атты мақаласынан естідік. Шұңқырға түсіп кеткен екі баланың даусын екі бейтаныс әйел естиді. Көрмегенсіп кетпей, шырылдап жатқан балалардың даусы қайдан шығып жатқанын іздеуге кіріседі. Сол дыбыстар шұңқырға апарды. Бір баланы аман шығарып алғанда, екінші бала қоқсыққа батып кетеді. Оның шырылдағанына ешкім де құлақ аспайды. Естімейді. Бұны естіген бір азамат қана тәуекелге бел буып, қоқсыққа түсіп, баланы шығарып алады. Жан айқайына құлақ асады. «Өз баласы болса, сол жерде тұрған кез келген адам секіріп түсер еді. Шырылдаған баланың даусын естіген екі әйелге Алланың нұры жаусын! Қоғамның жанайқайына, әлсіздің үніне, шарасыздың шырылына, дәрменсіздің дауына құлақ түріп жүрміз бе?» - деп оқырмандарына тағы да сұрақ қояды [6,17 б.]. Бұл мәселе бүгін де өзекті. Қарақан қу басымызды ойлаудан арылмайынша өзекті болып қала береді. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» дейміз. Ал, халық бір-бірінің үніне құлақ асады ма? Меніңше, осыны анықтап алған жөн. Тасбауыр болған жаман. Бейқам болған жаман. Өзімшіл болғаннан асқан қауіп жоқ. Нұртөре Жүсіп те оқырман назарын осы мәселелерге аударғысы келген болар, әсте.

Нұртөре ағамыздың «Қате қазақты қалай түзейміз?» мақаласына назар аударарлық. Автор қазақтардың аты-жөнінде жіберілген өрескел қателіктерге назар аударады. Енлик, Асель, Жұлдыз, Гульшат, Бақытгуль, Гульден. «Тәуелсіз ел боламыз деп тақиямызды төбеге

қанша атқанымызбен, аты-жөнімізді дұрыс, сауатты жазып алмайынша, біздің қазақ болуымыздың өзі әлі қиын сияқты» деп назданады. Нұртөре ағамыз қазақ елінің Тәуелсіздігін қате қазақсыз қарсы алайық деген лебізін білдіреді. Публицистің мәселені жан-жақты қамтып, ашып жазуы, деректерге сүйеніп, қателіктерді бетке басуы – жазу шеберлігінің белгісі [6, 18 б.].

Жалпы «публицистиканың барлық жанрларының объектісі, негізі, желісі – өмір фактілері, өмір құбылыстары болып отырғандығында сөз жоқ» - деп пайымдайды профессор Т. Амандосов [4]. Ал, академик Д.С. Лихачев тұжырымына сүйенсек, «журналистика жанрларының жүйесі қоғамның саяси өмірімен біте қайнаса отырып дамиды» - дейді [17, 89 б.]. Яғни, Нұртөре Жүсіптің публицистикасында мақала мен проблемалық очерк жанры басым, ол өмір фактілері мен құбылыстары туралы баяндап қана қоймай, негізгі деректерді жан-жақты қарастыра отырып, оның негізгі мәнін жоғалтпай өз пікірін, өз көзқарасын білдіреді. Сондай-ақ, оның публицистикалық шығармалары «мәселені тұрақты, терең зерттеуге және шынайы құбылыстарды ұғындырып, теориялық жағынан топтастыруға мүмкіндік береді» [17, 201 б.]. Мысалы, «Қазақ қызының кірпігіндегі Қазақстан» атты мақаласына көңіл бөлейік. Бұл мақалада автор өз қызына қамқорлық көрсете алмайтын елді сынаиды. Елдің елдігі – қыздың қабағына мұң, кірпігіне жас үйірілмесе, аналардың жүрегі қарсы айырылмаса – осымен сыналады дейді. Нұртөре Жүсіп: «Қазақ қызына мемлекеттен қандай қолдау көрсетіледі?» - деп сұрақ қояды. «Қызына қамқорлық жасаған елдің болашағы зор. Қыздың жүгін жеңілдеткен қоғам қайырлы. Қыздың артық жүрісін тиған қоғам зайырлы. Қызын өксітпеген ел шын мәнінде бақытты. Бізде сөйте алып тұрмыз ба? Қазақ қызының кірпігіне қараңызшы? Не көріп тұрсыз? Қазақ қызының кірпігіндегі Қазақстанға қараңыз енді. Не көрінеді?» - деп қазақ қызының тағдырына алаңдаушылық білдіреді [6, 47 б.].

Нұртөре Жүсіп публицистикасындағы мақалалар легі талдамалы жанрда жазылға-

нын айтып өттік. Яғни, «публицист деректерді тізіп айтумен ғана шектелмейді. Ол оқиғаны бағалап, сараптама жасап, мәселені шешудегі ұсынысын айтады» [17, 21 б.]. Жоғарыда мысалға келтірген «Қазақ қызының кірпігіндегі Қазақстан» мен «Қазақтың байлығы қалтада...» мақалалары сөзімізге дәлел.

Қоғамда қызу талқыға түсетін мәселелердің бірі – жемқорлық деп, «Қазақтың байлығы қалтада...» тақырыбында қалам тербеген мақаласын талдап көрейік. Бұл мақаласында публицист «Ақмола облысындағы мемлекеттің қызметкердің қалтасынан сол өңірдегі астықты шаруашылықтарын көктемгі егін мен күзгі жиын-терін кезінде жанармаймен қамтамасыз ететіндей қаржы шығыпты» - дейді. Өзіндік есептеулерді келтіріп, шамамен қызметкердің қалтасындағы ақшаны есептейді. Проблеманы көркемдеп ашып жазу асқан шеберлікті талап етеді. Нұртөре Жүсіптің шығармашылық лабораториясының тағы бір ерекшелігін байқағандаймыз [6, 59 б.].

Нұртөре Жүсіптің бірнеше жыл бұрын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенттерімен өткен кездесуіндегі ойын оқырман назарына ұсынған жөн. Публицист білімді адамның ең басты капиталы деп санайды. Адамның білімімен ғана қадірлі екендігін түсіндіреді. Кез келген қоғамда «білімі, ақылы жоқ жанның қадірі де болмайды» дейді. Ел, жер, тіл, дін, мемлекетті өзі үшін басты құндылықтар деп санаған Нұртөре Жүсіп публицистикалық шығармаларында да осы тақырыптар аясында қалам тербейді. Міржақып Дулатұлы секілді ұлтты қалың ұйқыдан оятқысы келеді [18].

**Нәтижелер.** Нұртөре Жүсіптің публицистикалық мақалаларымен танысып, зерттеу жүргізу барасында шығармашылық лабора-

ториясындағы өзіндік ерекшеліктерді байқадық. Нұртөре Жүсіп – қазақ журналистикасы мен публицистикасында өзіндік қолтаңбасы бар тұлға. Принциптерінен аттамайтын, этикалық нормаларды сақтай отырып, сөзден кесте тігіп, мәселені ашып көрсетеді, өткір жазады.

Нұртөре Жүсіптің мақалаларында көтерген кез келген мәселе ешқашан маңызын жоймайды. Жер, тіл, ұлт, қазақ қызының мәселесі – қазақ публицистикасындағы өлмейтін тақырыптар.

Нұртөре ағамыздың еңбектерімен танысқанда, түрлі саланы жақсы меңгеріп, жан-жақты қарастырып, пікір білдіруіне таң қаласыз. Барлық саланың мәселелерін көсіліп жазып, шебер тақырып таңдап, құрғақ сөзбен емес, ойын фактімен дәлелдеп отыру – публицист шығармашылығының ерекшелігі. Публицистің көтерген, қалам тербеген мақалалары – өскелең ұрпаққа, болашақ журналистерге өнеге болып қала бермек.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, Нұртөре Жүсіп публицистикасының негізгі тақырыбы тіл, діл, рухани құндылықтар мәселесі екенін аңғарамыз.

Екіншіден, Нұртөре Жүсіп – тақырып қояудың шебері. Яғни, оның әр мақаласының тақырыбын мақал-мәтел, афоризм ретінде қолдануға болады. Мақалаларының тақырыбы да өткірлігімен, өміршеңдігімен ерекшеленеді.

Үшіншіден, публицист мақала мен проблемалық очерк жанрын жіті меңгерген. Дерек пен жекелеген оқиға публицистің шығармаларында кең ауқымды құбылыс ретінде қарастырылады. Осылайша, Нұртөре Жүсіп – зерттеуді қажет ететін тұлға деген қорытындыға келеміз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Балғабаев С. Қалам мен қайрат [Электрон. ресурс]. – URL: <http://anatili.kazgazeta.kz/news/6241> (Қаралған күні: 31.11.2020)
2. Серікқызы Қ. Жаны ашып айтқан сөз [Электрон. ресурс]. – URL: <https://qazaqadabiet.kz/5035/zhanu-ashyp-ajt-an-s-z> (Қаралған күні: 27.11.2020)
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003. - 208 б.

4. Амандосов Т. Публицистика - дәуір үні (Қазіргі қазақ публицистикасы және оның жанр ерекшеліктері). - Алматы: Қазақстан, 1974. - 116 б.
5. Қожакеев Т. Сатира негіздері. - Алматы: Санат, 1996. - 459 б.
6. Жүсіп Н. Егемендік лебі. Ел мен Жер. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2012. - 384 б.
7. Жүсіп. Н. Біз кімнен кембіз? - Алматы: Шартарап, 2001. - 196 б.
8. Олжай Қ. «...Жақсы журналист зорға бітеді» - деп біз Нұртөре Жүсіп бастаған мақалдың екінші бөлігін жалғастырдық [Электрон. ресурс]. – URL: <https://egemen.kz/article/12005-zhaqsy-dgurnalist-zorghabitedi-dep-biz-nurtore-zhusip-bastaghan-maqaldynh-ekins> (Қаралған күні: 02.12.2020).
9. Қасқабасов С. Мұхтар Әуезов энциклопедиясы. - Алматы: Атамұра, 2011. - 686 б.
10. Шалабаев Б. Қазақ әдебиетінің тарихында. – Алматы: 1948. - 456 б.
11. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогика баспасы, 1964. – 331 б.
12. Жақсылықбаева Р. Публицистің шығармашылық шеберханасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 172 б.
13. Жүсіп Н. «Құстың жаманы азайып, адамның жаманы көбейген бе?» [Электрон. ресурс]. – URL: <https://abai.kz/post/15144> (Қаралған күні: 04.12.2020).
14. Момынова Б. Газет лексикасы (Жүйесі мен құрылымы). – Алматы: Арыс, 2003. – 228 б.
15. Жанұзақ Т. Жер-су атауларының анықтамалығы. – Алматы: Арыс, 2009. - 568 б.
16. Жанұзақ Т. «Ұлы дала атаулары» [Электрон. ресурс]. – URL <https://egemen.kz/article/44034-uly-dala-ataulary> (Қаралған күні: 29.11.2020).
17. Шындалиева М. Публицистика жанрлары мен пішіндері. - Астана: ЕҰУ АББ, 2012. - 324 б.
18. Ахмет Б. Нұртөре Жүсіппен кездесу өтті [Электрон. ресурс]. – URL <https://www.google.com/url?sa=t&source=web&rct=j&url=http://almatyakshamy.kz/n-rt-re-zh-sippen-kezdесutti/&ved=2ahUKewj30JaTkLrsAhVGАхAIHaIzBQYQFjA EegQIDBАВ&usg=AOvVaw0byQ4g4O8cSL9C8mFAhkWV&csid=1602886538714> (Қаралған күні: 06.12.2020).

Г.Ш. Аширбекова, А.М. Мурат

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### Жанрово-стилевые особенности публицистики Нуртөре Жусипа

**Аннотация.** В данной статье анализируются произведения Нуртөре Жусипа и его творческое мастерство. Отмечены актуальные статьи публициста, изучена его творческая лаборатория. В ходе написания статей, авторы, основываясь на его публицистических трудах, выявили злободневные проблемы общества, особое внимание они обращают на актуальные вопросы, которые поднимает публицист в своих работах. В статье также можно ознакомиться со взглядами корифеев журналистики, которые следили за творчеством Нуртөре Жусипа. С помощью анализа мыслей ученых, изучавших сферы журналистики и публицистики, определена творческая индивидуальность публициста. В ходе изучения и исследования творческого наследия публициста выявлена главная идея его произведений.

**Ключевые слова:** публицистика, статья, творческая лаборатория, творческое мастерство, заголовок, идея, актуальная проблема, публицистические особенности.

G.Sh. Ashirbekova, A.M. Murat

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### Genre and stylistic features of Nurtore Zhusip's journalism

Abstract. This article analyzes creative skills, and in general the works of Nurtore Zhusip. The article highlights current articles of the publicist, his creative laboratory is studied. In the course of writing articles, there has been identified topical problems of society based on his journalistic works. Special attention has

been paid to topical issues that the publicist raises in his works. In the article you can also get acquainted with the thoughts of the luminaries of journalism, who followed and were inspired by the work of Nurtore Zhusip. Using the thoughts and analysis of scientists in the field of journalism, the creative personality of the publicist is highlighted. In the course of studying and researching there is revealed creative heritage of the publicist, the main idea of his works.

**Keywords:** journalism, article, creative laboratory, creative skill, title, idea, actual problem, journalistic features

### References

1. Balgabayev S. Kalam men kairat [Pen and bravery] [Electronic resource]. Available at: <http://anatili.kazgazeta.kz/news/6241> (Accessed: 31.11.2020). [in Kazakh]
2. Serikkyzy K. Zhany ashyp aitkan soz [The word, that he said when he regretted it] [Electronic resource]. Available: <https://qazaqadabiet.kz/5035/zhany-ashyp-ajt-an-s-z> (Accessed: 27.11.2020). [in Kazakh]
3. Baytursynov A. Adebiet tanytkysh. Zertteu men olender [Research and poetry] (Almaty, Atamura, 2003, 208 p.). [in Kazakh]
4. Amandosov T. Publitsistika - dauir uni [Publicize the voice of rebirth] (Almaty, Kazakhstan, 1974, 116 p.). [in Kazakh]
5. Kojakeev T. Satira negizderi [The basis of satire] (Almaty, Sanat, 1996, 459 p.) [in Kazakh]
6. Jusip N. Egemendik lebi. El men jer [Echo of independence: state and land] (Almaty, Kazakparat, 2012, 384 p.). [in Kazakh]
7. Jusip N. Biz kimnen kembiz? [Who are we worse than?] (Almaty, Shartarap, 2001, 196 p.). [in Kazakh]
8. Oljay K. «...Jaksy jurnalist zorga bitedi» dep biz Nurtore Jusip bastagan makaldyn ekinshi boligin jalgastyrdyk [There are few good journalists... so we continued the second part of the proverb, started by Nurtore Zhusip] [Electronic resource]. Available: <https://egemen.kz/article/12005-zhaqsy-dgurnalist-zorgha-bitedi-dep-biz-nurtore-zhusip-bastaghan-maqaldynh-ekins> (Accessed: 02.12.2020). [in Kazakh]
9. Kaskabasov S. Muhtar Auezov entsiklopediyasy [Encyclopedia of Mukhtar Auezov] (Almaty, Atamura, 2011, 686 p.). [in Kazakh]
10. Shalabayev B. Kazak adabietinin tarihynda [In the History of Kazakh Literature] (Almaty, 1948, 456 p.). [in Kazakh]
11. Gabdullin M. Kazak halkynyn auyz adabiety [Oral literature of the Kazakh people] (Almaty, Kazaktyn memlekettik oku-pedagogika baspasy, 1964, 331 p.). [in Kazakh]
12. Jaksylykbayeva R. Publitsistin shygarmashylyk sheberkhanasy [Creative workshop of a publicist] (Almaty, Kazak universiteti, 2009, 172 p.). [in Kazakh]
13. Jusip N. Kustyn jamany azaiyp, adamnyn jamany kobeigen be? [Are these times when the number of birds has decreased, the number of bad people has increased?] [Electronic resource]. Available: <https://abai.kz/post/15144> (Accessed: 04.12.2020). [in Kazakh]
14. Momynova B. Gazet leksikasy (Juiesy men kurylymy) [Newspaper vocabulary: system and structure] (Almaty, Arys, 2003, 228 p.). [in Kazakh]
15. Januzak T. Zher-su ataularynyn anyktamalygy [Directory of land and water names] (Almaty, Arys, 2009, 568 p.). [in Kazakh]
16. Januzak T. Uly dala ataulary [Names of the Great Steppe] [Electronic resource]. – Available <https://egemen.kz/article/44034-uly-dala-ataulary> (Accessed: 29.11.2020). [in Kazakh]
17. Shyndaliyeva M. Publitsistika janrlary men pishindery [Genres and forms of publicize] (Astana, 2012, EEU ABB, 324 p.). [in Kazakh]
18. Akhmet B. Nurtore Jusippen kezdesu otti [A meeting with Nurtore Zhusip was held] [Electronic resource]. Available <https://www.google.com/url?sa=t&source=web&rct=j&url=http://almatyakshamy.kz/n-rt-re-zh-sippenkezdesutti/&ved=2ahUKEwj30JaTkLrsAhVGAXAIHaIzBQYQFjAEegQIDBAB&usq=AOvVaw0byQ4g4O8cSL9C8mFAhkWV&cschid=1602886538714> (Accessed: 06.12.2020). [in Kazakh]



**Авторлар туралы мәлімет:**

*Әшірбекова Гүлмира* – **Негізі автор**, филология ғылымдарының кандидаты, Журналистика және саясаттану факультетінің доценті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Мұрат Арайлым* – Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

*Ashirbekova Gulmira* – **The main Author**, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of faculty of Journalism and Political science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

*Murat Arailym* – 2nd year Master's student faculty of journalism and political science, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Бас редактор: Қ.Ө. Сақ

Компьютерде беттеген: Д.А. Елешева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ. Журналистика сериясы.  
- 2021. - 1 (134). - Нұр-Сұлтан: ЕҰУ. 106 б.  
Шартты б.т. - 6,6 Таралымы - 17 дана  
Электронды нұсқа: <http://buljourn.enu.kz>

Мәтін мазмұнына типография жауап бермейді.

Редакция мекенжайы: 010008, Қазақстан Республикасы,  
Нұр-Сұлтан қаласы, Қ. Сәтбаев көшесі, 2.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
баспасында басылды